ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

AIQYN

СЕНБІ
№112 (3969)
31.07.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ

Ә.М. Дінішевке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Отандық мәдениетті дамыту мен музыка өнерін дәріптеудегі айрықша еңбегі үшін Әлібек Мұсаұлы Дінішевке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 30 шілде
№ 634

Күзет қызметінің бастығы лауазымынан босады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы Қалмұханбет Қасымовты өз өтініші бойынша қызметінен босатты. Бұл туралы Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қалмұханбет Қасымовты өзінің отставкаға және мемлекеттік қызметтен кету туралы өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы лауазымынан босатты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қалмұханбет Қасымовқа құқық қорғау органдарындағы ұзақ жылғы қызметі мен Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы ретінде сіңірген еңбегі үшін алғыс білдірді.

Мемлекеттік күзет қызметі бастығының міндетін уақытша атқару Е.А.Сағымбаевқа жүктелді»деп жазды Б.Уәли.

СОЛТҮСТІКТЕГІ СУБСИДИЯ: бергенін қайтып алады

Шаруалар үшін мемлекеттік субсидия алу қиын іс. Бөлінген қаржыға қол жеткізуде кедергі көп, дегенмен алған ақшаны іске жаратқан соң да машақаты біте қоймайды. Солтүстік Қазақстанда субсидияны қайтарып беруге мәжбүр болып отырғандар бар.

Субсидияны мемлекетке кері қайтаруға мәжбүр болған шаруашылықтардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Пеньково ауылындағы «Қызылжарское» шаруа қожалығы. 2020 жылы күн батареяларын орнату үшін 20:80 пайыз үлесімен берілген субсидияның 5 000 000 теңгесін шаруашылық енді мемлекетке қайтарып беруге тиіс. Бас бухгалтер Ирина Митянина себебін түсінбей дал. Субсидияны алғаннан кейін аудандық прокуратура өкілдері оның мақсатты жұмсалғанын тексерген кезде еш олқылық таба алмапты.

7 ▸▸

ҚОСЫМША ВАКЦИНА ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Қазақстанда вакциналар таусылып қалды. Ауыл-аймақта жұртшылық ресейлік вакцинадан басқасын таба алмай жатыр. Табанды көзқарас-ұстанымына орай «Спутник V»-мен егілуден үзілді-кесілді бас тартатын адам көп. Олар баламаның болғанын қалайды. Вакцинация науқаны тұйыққа тірелмеуі үшін өзге вакцинаны молынан ұсынған жөн. QazVac, CoronaVac, Hayat-Vax қашан болады? Қытай вакциналары тағы әкеліне ме? Pfizer ше?

4 ▸▸

Балалы болудың «балама» жолдары

Ақмолалық полицейлер жаңа туған сәбиін 1 млн теңгеге сатқан әйелді ұстады. Дегенмен сарапшылардың айтуынша, елде «бала саудасы» онсыз да жолға қойылған. Ол қосалқы репродуктивтілік технологиялары (ҚРТ), «құрсақ аналар» арқылы жүзеге асады. Құқық қорғаушы ұйымдар әлемде осыған тыйым салғызу үшін күресуде. Жалпы, балалы болудың «балама» жолдарында заң мен қылмыстың шекарасы қайда?

БАЛА САУДАСЫНЫҢ БҰЛ ТҮРІ ЗАҢДАСТЫРЫЛҒАН БА?

Ақмола облысының Криминалды полиция басқармасының қызметкерлері «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу шарасы барысында бөбекті сату-сатып алу фактісіне кезіккен. Жергілікті әйел дүние есігін енді ашқан қызын 1 миллион теңгеге сатып жіберіпті. Тәртіп сақшылары дереу оқиға ізімен індетіп, баласы жоқ ерлі-зайыптыларды тауып алады. Отбасы 1,5 айлық қыз баланы асырауға алған. Олар сәбидің шешесіне қомақты сыйақы төлегенін жасырмады. Мәміле жасасқандардың бәрі Ақмола облысының тұрғындары болып шықты, шетелдіктер емес.

Нәрестенің анасы бұған дейін мал ұрлауға қатысып, алаяқтық жасап, тиісті баптар бойынша қылмыстық жазаға тартылыпты. Беті ашылған қылмыс бойынша Қылмыстық кодекстің «Адам саудасы» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Тараптарды делдал байланыстырған деген дерек бар: ақмолалық тергеушілер өңірдегі 3 жасқа дейінгі балаларға арналған мекеме қызметкерінің арағайын болуын, қылмысқа қатыстылығын тексеріп жатыр. Айыптылар мүлкі тәркілене отырып, 7-ден 9 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Қалай болғанда да, Қазақстанда баланы заңды жолмен де сатып алуға болатыны жасырын емес. Ол тәсіл «репродуктивтіліктің қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологиялары» деген ғылыми атаумен бүркемеленген. Еліміздің Денсаулық кодексінің 79-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары бедеуліктен, оның ішінде Қазақстанда рұқсат етілген репродуктивтіліктің қазіргі заманғы қосалқы әдістері мен технологияларын қолдана отырып емделуге құқылы» деп жазылған.

Сондай-ақ суррогат ана Қазақстанда заңдастырылған. Оған жүгінгендер белгілі бір ақыға баланы құрсағында өсіріп беретін әйелдерді жалдайды.

(Жалғасы 5-бетте)

Қант нарығымыз одақтастардың еншісінде

Бүгінде Қазақстанның қант нарығының 60 пайызын Ресей мен Беларусь компаниялары иемденіп отыр. Ел ішіндегі базарлар мен дүкендерді толтырып тұрған импорттық қанттың басым бөлігі сол елдерден келеді. Ал отандық қант зауыттары жабылудың аз-ақ алдында тұр.

Қазақстан ЕАЭО біртұтас экономикалық аймағында болғандықтан біздің нарыққа орыстың, белорустің өндірісшілері баса-көктеп кіріп алды. Мамандардың есептеуінше, қазір республика аумағында 75 ресейлік және 4 белорустық қант зауыты жұмыс істейді. Сөйте тұра, Дүниежүзілік сауда ұйымының аясында Қазақстанға шикі қант құрағын сатып алу үшін 5 пайыздық жеңілдік берілді деген желеумен ЕАЭО нарығы біздің өндірісшілер үшін есігін тарс жауып алған. Ол аздай, біздің өндірісшілер баж салығының тым жоғарылығына байланысты Өзбекстан нарығына да ене алмай отыр.

4 ▸▸

Нәзікжандылардың ауыр қылмысы

Қылмыс жыныс талғамайды. Әйтсе де, қылмыс жасайтындардың психологиясын зерттеуші мамандар әйел адамның да қылмыс жасауына түрткі болатын себеп көп екенін айтады. Әсіресе, қоғамдағы әйелдерге деген әділетсіздік, бала күнінде көрген қорлық, ата-анасынан көрмеген жылулық, тіпті елдің әлеуметтік жағдайы да әсер етеді екен.

Сол үшін ер адамдармен салыстырғанда тумысынан нәзік жаратылыстың адам баласының ойына келмейтін озбырлық әрекетке баруы, құлақ естіп көрмеген қулық-сұмдықты ойлап табуы құқық қорғау қызметі мамандарын ғана емес, бүкіл қоғамды ойлантуы тиіс. Қылмыс жасаған адамдар арасында әйелдердің үлесі аз. Бірақ соңғы жылдары әрбір оныншы кісі өлімі әйел адамдардың қолымен жасалатын болған. Екі жыл бұрынғы дерекке сүйенсек, барлық қылмыстың 12 пайызы әйел адамдарға тиесілі. Бірнеше жыл бұрын темір торға қамалған әйелдер ұрлық жасау, сенімге кіру арқылы бөтеннің мүлкін тонау секілді құқықбұзушылыққа көбірек барса, қазір жемқорлық, алаяқтық пен қарақшылық, арты кісі өлімімен аяқталатын ауыр және аса ауыр қылмыстар жасайтыны байқалып жүр.

5 ▸▸

Электронды темекіні тұтынатындар көбейді

Қазір жастар арасында электронды темекі танымал. Орта жастағылар да «темекі тастауға көмектеседі» деген желеумен вейп сатып алып жүр. Әлеуметтік желіде де электронды темекіні жасырын жарнамалайтынын байқаймыз. Назар сала қалсаңыз, мұнда да «кәдімгі темекіге қарағанда вейптің зияны аз» деп баттитып жазып қояды. Бұл рас па? Нарколог-дәрігерлер не дейді?

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Қазақстаннан қай елге ақша аударылды?

(Инфографика: Жұмабек Айқынұлы)

Биыл қаңтар-маусым айларында Қазақстаннан шетелге 452 млрд теңге аударылған. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда 43,6%-ға артық. 2020 жылдың бастапқы алты айында Қазақстаннан 314,6 млрд теңге аударылған. Бұл туралы Ұлттық банк мәлімдеді.

Қаражаттың көп бөлігі Өзбекстанға – 114 млрд теңге, Түркияға – 96 млрд теңгеден астам және Ресейге 93,3 млрд теңге жіберілді. Сондай-ақ қомақты қаражат көлемі Қырғыз Республикасына – 76 млрд теңге, Қытайға – 15,4 млрд теңге және Арменияға 13 млрд теңгеден астам қаражат аударылды.

Биыл Қазақстаннан жіберілген қаражат көлемі бойынша өсім барлық елде байқалды.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Жол апатынан жедел жәрдем көлігі аударылды

Петропавл қаласының маңында жедел жәрдем көлігі аударылды, – деп хабарлады Polisia.kz.

Оқиға кеше сағат 14.00 шамасында «Жезқазған – Петропавл» автожолының 949 шақырымында (аудан орталығы Бескөлдің Калинин көшесімен қиылысында) болған.

Бескөл ауылының 27 жастағы тұрғыны басқарған Chrysler автокөлігі мен облыстық ауруханаға Шал ақын ауданына науқасты апара бара жатқан Сергеевка қаласының 55 жастағы тұрғыны басқарған ГАЗель маркалы жедел жәрдем көлігі соғылған.

Жедел жәрдем көлігі аударылып қалған. Жедел жәрдемдегі науқас басқа арнайы көлікпен облыстық ауруханаға жеткізілді.

Нұрбек БАҚЫТ

Тағы да антирекорд

Қазақстан коронавирустың таралу деңгейі жағынан антирекордтық көрсеткіштер байқатып келеді. Соңғы тәулікте ПТР-тест арқылы 7 778 адамнан вирус анықталды.

Індеттің таралу деңгейі жағынан үш мегаполис көш бастап тұр. Оларға Қарағанды облысы қосылды. Бірер күн бұрын тізімнің басында Нұр-Сұлтан қаласы тұрса, соңғы тәулікте Алматы алға шықты. Қаладағы 1 680 адам індет жұқтырған. Ал Нұр-Сұлтанда бұл көрсеткіш – 1 555 адам.

Қарағанды облысында 931 адамнан вирус анықталды. Шымкент қаласында коронавирус жұқтырғандар саны – 452 адам. Әзірге «жасыл» аймаққа өткен облыс жоқ. Ал жалпы, елде коронавируспен ауырған азаматтар саны 654 885-ке жетті. Дегенмен емделіп шығып жатқан адамдар да аз емес. Өткен тәулікте ел астанасында – 2 003, Алматыда – 825, Шымкентте 241 адам коронавирустан емделіп шықты. Сөйтіп, бұл сырқаттан айыққандар саны 467 972-ге жетті.

Н.БАҚЫТ

Нан бағасы қымбаттады

Елімізде нан бір жылда 6% қымбаттады. Ал ұн өнімдерінің ішінде макарон бағасы 10,3% өсті. Бұл туралы Energyprom.kz хабарлады.

Сарапшылардың мәліметінше, 2021 жылдың маусымында елдегі нан бағасы бір жыл бұрынғыға қарағанда 5,9% өскен.

Нан түрлерінің ішінде қарабидай-бидай наны қатты қымбаттаған – бағасы 9,2% өскен. Сонымен бірге басқа ұн өнімдерінің де бағасы айтарлықтай көтерілген. Мысалы, макарон бағасы бір жыл ішінде 10,3%, ал кеспе 11,6% өсті. Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер 8,2% қымбаттаған.

Биыл бірінші жартыжылдықта нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі төмендеген. Өндірілген өнім көлемі 111 миллиард теңге болды, бұл 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 11,8% аз.

Жаңа піскен нан өндірісі 21,3%, 266,6 мың тоннаға дейін азайды.

Макарон өнімдері, кеспе, кускус және сол секілді ұн өнімдері 17,9%, 75,6 мың тоннаға дейін төмендеді. Тек кептірілген нан мен печенье, кондитерлік өнімдер мен ұзақ сақталатын тәтті нан өнімі сәл өскен.

М.БАҚЫТЖАН

Қаржы пирамидасын құрған адам ұсталды

Ақмолада 28 жастағы жігіт қаржы пирамидасын құрып, екі жыл бойы елден ақша жинаған.

Ақмола полицейлері Целиноград ауданының 28 жастағы тұрғынына қатысты қаржы пирамидасын ұйымдастырды деген күдікпен сотқа дейінгі тергеу бастады. Күдіктінің WhatsApp мессенджерінде «Өзара көмек кассасы» чатын құрып, 2019 жылғы тамыздан бастап 2021 жылғы сәуірге дейін қаржы пирамидасын басқарғаны белгілі болды.

Бағлан БЕКНАЗАР

Ипотека нарығы қарқын ала түсті

Қазақстанның ипотекалық нарығы кейінгі бірнеше жыл бойы негізінен мемлекет қаржысы арқылы дамып келді. Ал былтырдан бастап баспана сатып алу үшін зейнетақы жинағының «артығын» жаратуға рұқсат берілуі бұл салаға ерекше серпін берді.

Дәулет АСАУ

Екі жылдан бері ковид індеті экономиканың барлық дерлік саласына зиянын тигізіп, кейбір қызмет түрлері мен шаруашылық құрылымдарын тұралатып тастады, бірақ бір ғажабы, ол ипотека нарығына қылдай қиянат жасай алмады. Ипотека көрсеткіші пандемия кезінде де тоқтаусыз өсе берді. Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы талдау орталығының дерегінше, ипотекалық кредиттерді беру қарқыны тек былтыр наурыз-мамыр айларындағы локдаун уағында ептеп бәсеңдегенімен, одан кейінгі кезеңдерде ол карантиге дейінгі қалпына қайта түсті.

Кейінгі бес жылда банктердің жалпы ипотекалық портфелі 2,8 есе өсті. Ол 2015 жылдың қаңтарындағы 900 млрд теңгеден 2021 жылдың мамырында 2,5 трлн теңгеге дейін жетті. Тұрғын үй нарығында көпшіліктің сұранысының артуына мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін «7-20-25» және «Баспана хит» ипотекалық бағдарламалары, Отбасы банктің қолжетімді несиелеу бағдарламасы, сондай-ақ тұрғындардың әртүрлі осал топтарына арналған әлеуметтік несиелеу бағдарламалары оң әсер етті. Сонымен қатар мемлекет түпкілікті несие алушы үшін кредиттің құнын мақсатты түрде жылдан-жылға төмендетіп отырды. Ипотекалық кредиттің мөлшерлемесі 2015 жылғы 9,6%-дан 2021 жылы 8,3%-ға түсті.

Бүгінде ипотекалық кредиттің қомақты бөлігі Отбасы банкінде (56%) шоғырланған, осы нарықта одан кейінгі ірі ойыншылар – Сбербанк (16%), БЦК (13%) және Халық банк (9%). Мәселен, «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша БЦК-тің көрсеткіші үздік, ал «Баспана хит» бағдарламасымен жұмыс істейтіндердің көшбасында Сбербанк тұр. Дегенмен аталған бағдарламалардың бәрін мемлекет қаржыландырып отырғандықтан екінші деңгейлі банктер бұл жерде қазынаның ақшасын таратушы ұйымдардың қызметін ғана атқарады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН БЕРДІ

Сұраныстың қашанда ұсынысты тудыратыны – өмір заңы. Қай өңірде ипотекаға сұраныс көп болса, сол өңірде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп, салыстырмалы түрде құрылысқа салынатын инвестиция көлемі де қомақтырақ болады.

Мысалы, Қазақстанның ең ірі мегаполистері – Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында халқы көп шоғырланған. Тиісінше, осы екі қалада тұрғын үй құрылысының қарқыны күшті әрі құрылысқа құйылған инвестиция қомақты. Сондықтан да ипотекалық кредиттердің 52%-ы осы екі қаланың тұрғындарына берілген. Ал ипотека нарығының төрттен бірі Ақтөбе, Маңғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласына тиесілі.

«Баспана сатып алуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың іске қосылуы, Отбасы банк тарапынан несиелеу ауқымының ұлғаюы халықтың үлкен қызығушылығын тудырып, тұрғын үй нарығын айрықша жандандырып жіберді. Соның нәтижесінде пандемия мен коммерциялық ұйымдардың іскерлік белсенділіктерінің төмендеуіне қарамастан, тұрғын үй бағасы тежеусіз көтеріле берді. Мәселен, 2020 жылы баспананың бастапқы нарықтағы бағасы –5%, қайталама нарықтағы бағасы 14%-ға артты», – дейді Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы талдау орталығында.

2021 жылдың басынан бастап ипотекалық серпіліс бұрынғыдан бетер үдеді. Өткен бес айда республика бойынша жалпы сомасы 216 млрд теңгенің ипотекалық кредиттері берілген. Бұл цифрға

халықтың баспана сатып алу үшін зейнетақы қорынан алған қаржысын және қосыңыз. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) баспасөз қызметі таратқан дерекке сүйенсек, бүгінге дейін тұрғын жағдайын жақсарту үшін 350 269 адам өтініш берген. Олар өкілетті операторлардың есепшотына 1,6 трлн теңге аударған.

Бұл жайт жылжымайтын мүлік нарығын дүрбеленге салып қойды. Мәселен, қаңтар айында жаңа үйлердің бағасы –3,8%, қайталама нарықтағы үйдің бағасы 7,2%-ға бір-ақ секірді. Маусым айында жаңа үй – 0,9%, қайталама нарықтағы үй 1,2% қымбаттады. Сарапшылар баспана бағасының аяқ астынан ыршып түсуін ипотека нарығына нақ осы зейнетақы ақшасының келуімен түсіндіреді.

«Жұртшылықтың зейнетақы қорындағы артық ақшасын жылжымайтын мүлік нарығына салуы ерекше дүмпу әкелгені рас, бірақ қазірдің өзінде жағдай қалыпқа түсіп келеді. Біздің пайымдауымызша, қыркүйек айында баға тұрақтанып, тіпті төмендеуі де мүмкін», – дейді Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев.

Қаржы мамандарының пікірінше, жылжымайтын мүлік нарығына зейнетақы ақшасының ықпалы бара-бара азайып, кейін мүлдем жоғалып кетуі тиіс. Ал содан кейін тұрғын үй бағасын нарықтағы ұсыныс пен сұраныс анықтайтын болады. Сондай-ақ баспана бағасы тым қатты төмендеп кетеді деп үміттенудің де реті жоқ. Оған жыл сайынғы ақша инфляциясының қысымын, құрылыс материалдарындағы импорттық үлестің жоғарылығын және әлемдегі баға өсімі мұрша бермейді.

НАРЫҚ ТАБИҒИ ЖОЛМЕН РЕТТЕЛЕДІ

Міне, маусым айынан бастап банктер «Баспана хит» бағдарламасы бойынша өтініш қабылдауды тоқтатты. Бағдарламаға бөлінге 600 млрд теңге лимит 2021 жылдың аяғына дейін игеріліп бітуі тиіс. Ал «7-20-25» бағдарламасы 2022 жылдың соңына дейін 1 трлн теңгенің лимиті игерілген соң тәмам болмақ.

Бір айта кетерлігі, мемлекет ипотекалық бағдарламалар бойынша жеткілікті түрде қаржы бөліп отыр. Бірақ оған дайын тұрған үй жоқ, әсіресе Нұр-Сұлтан қаласында дайын нысан тапшы. Сондықтан көп жағдайда аталған бағдарламалардың кедергісіз жүргізілуі өңірлердегі нақты жағдайға да байланысты, – дейді қаржы саласының сарапшысы Айнұр Абсалямова.

Қаржы сарапшысының пікірінше, қазір мемлекет ипотека нарығынан біртебірте шығып, оны нарықтық принциптердің реттеуіне бере бастаған. Өйткені бұл саланы тек қазына қаржысы арқылы қарқынды несиелеудің тәуекелдері аз емес. Жылжымайтын мүлік нарығындағы қатынастар табиғи түрде сұраныс пен ұсыныс арқылы реттелуі тиіс. Сондай-ақ әр банктің өздерінің әртүрлі шарттарға құрылған жеке ипотекалық бағдарламалары бар. Оның бәрі бәсекелестік жағдайында дами бермек. Ал мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бұрынғысынша Отбасы банкі арқылы жүзеге асырыла беретін болады. Бірақ биылдан бастап Отбасы банкінің де талаптары да өзгеріске ұшырады. Бұған дейін банктің бағдарламасына қатысушылардың кірісін растау талап етілмейтін, қазір сондай талап қойылып отыр. Басқа да бірқатар айырмашылық жетерлік. Яғни, тұрғын үй нарығындағы үрдіс бәсекелестік ортаға мейлінше жақындай түсті.

Дәрігер тапшылығын азайтуды көздеп отыр

Солтүстік Қазақстан облысында 272 дәрігер жетіспейді. Өңірде, әсіресе жалпы практика дәрігерлері, анестезиолог-реаниматологтер, психиатрлар және сәулелік диагностика дәрігерлеріне мұқтаждық бар.

«Nur Otan» партиясы СҚОФ жанындағы Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Құмар Құсемісов медицина кадрларының тапшылығын азайту шаралары туралы айтып берді. Оның айтуынша, сондай-ақ өңірде педиатрларға, акушер-гинекологтерге және дәрігер-зертханашыларға қажеттілік туындап отыр екен. Сонымен қатар 102 орта медициналық қызметкерді тарту қажеттілігі бар.

– 2021 жылғы 9 шілдедегі жағдай бойынша, 1,5 млн теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы 27 дәрігерге 40,5 млн теңге сомасында тағайындалды. Биыл 128 жас дәрігер, оның ішінде 56 маман ауылдық жерлерге, 72 маман қалаға тартылмақ. Облыстық бюджет қаражаты есебінен білім алған 24 резиденттің келуі күтілуде. Қалған резиденттер оқуын аяқтап, 2022 жылы және 2023 жылы жұмысқа кіріседі. Денсаулық сақтау басқармасының бюджетінде биылғы қаржы жылына 143,5 млн теңге салынды. 128 жас дәрігерді тарту үшін 2021 жылға қосымша қажеттілік 106 млн теңгені құрайды, – деді Құмар Құсемісов.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жергілікті бюджет есебінен, (5 жылдан кем емес) кейіннен жұмыспен өтеу шартымен 10 жоғары медициналық оқу орындарында жалпы сомасы 155,4 млн теңгеге 113 резидент оқиды. Олардың арасында кардиологтер, анестезиологтер-реаниматологтер, офтальмологтер, оториноларингологтер, акушер-гинекологтер, неврологтер және басқа да көптеген маман бар. Қазір өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарында 1 342 дәрігер және 5 022 орта медицина қызметкері жұмыс істейді.

Шағынаудандағы түйткілді мәселелер қаралды

«Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалында Екінші Павлодар шағынауданының проблемалық мәселелерін шешу бойынша жедел штабтың төртінші отырысы өтті.

Штаб отырысына Павлодар қаласының әкімі Асайын Байханов, «Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалының ҚКП мүшелері, облыстық, қалалық мәслихаттардың депутаттары, сарапшылар, шағынаудан-ның тұрғындары және «Алвис» ЖШС мердігерлік ұйымының өкілдері қатысты.

Екінші Павлодар шағынауданындағы мәселелер туралы Павлодар қаласының әкімі Асайын Байханов айтып берді. Қала басшысының айтуынша, осы аптада Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Хасар Хабылбеков ТКШ бөлімімен, мердігерлермен және «Коммун-Сервис» бөлімімен бірлесіп, Геринг көшесіндегі кәріз коллекторының учаскесіне барды. Тексеру барысында осы учаскеде судың көтерілуі байқалды. Жағдайды түсіну үшін учаскеде қазу жұмыстарын жүргізу керегін айтты. Қазу жұмыстарынан кейін проблемалық аймақтағы құбырларды жөндеу немесе ауыстыру қажеті туралы түсінік пайда болады.

– Процесс жүріп жатыр және жұмыс бір күнге де тоқтаған жоқ. Әкімдік кәріз желілерін тексеруге арналған арнайы жабдықтары бар ірі компанияларды тартпақ. Екінші Павлодардың жағдайы менің жеке бақылауымда болады, – деді Асайын Байханов.

Отырыс барысында қала әкімі «Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы облыстық штабты партияның қалалық филиалына ауыстыруды ұсынды. Асайын Байханов облыстық штабқа және штаб жетекшісі Илья Теренченкоға атқарған жұмыстары үшін алғысын білдіріп, мәселені қалалық деңгейде шешуге дайын екенін жеткізді. Өз кезегінде Илья Теренченко «Nur Otan» партиясы филиалы жанындағы қалалық штабқа шағынауданның барлық мәселесін тез арада шешуді сұрады және облыстық деңгейде Екінші Павлодар бойынша мәселелерді шешуге қолдау көрсетуге дайын екенін хабарлады.

40 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды

Жұмыспен қамту және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы барысында «Nur Otan» партиясының Алматы қалалық сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының үш тармағы қаралды.

Жиында сондай-ақ халықты жұмыспен қамту және халықтың әлеуметтік осал топтарының жұмысқа орналасуы, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруы, орташа жалақыны 320 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы біршама маңызды сұрақтар бойынша жауапты басқармалардың есебі тыңдалды.

Алматы қаласы Әлеуметтік әлауқат басқармасы басшысының орынбасары Д.Әлкебайұлының баяндамасына сәйкес, іске асырылып жатқан мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарын құру жұмыспен қамту деңгейін арттыруға оң нәтижелер бергенін айтты.

Қалада «Алматы-2025» даму бағдарламасы шеңберінде 2021 жылға жұмыс орындарын құру жоспары 51 217 бірлікті, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарына – 35 418 бірлік, уақытша жұмыс орындарына 15 799 бірлікті құрайды.

2021 жылғы 22 шілдедегі жағдай бойынша, қалада 39 219 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде: тұрақты жұмыс орындары – 25 200 бірлік, уақытша жұмыс орындары 14 019 бірлікті құрады. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарына қатысты биыл мүгедектігі бар азаматтар арасынан 1 051 адам көмекке жүгініп, жалпы 1,9 мыңнан астам азамат Жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркеуге тұрды. Оның 1 072-сі (56%) жұмыспен қамту шараларымен қамтылды. Оның ішінде тұрақты жұмысқа 149 адам орналасып, 873 адамға – мемлекет тарапынан субсидияланатын орындарға, 29 азаматқа қысқа мерзімді курстарға жолдама беріліп, 21 азаматқа кішігірім бизнес ашуға грант тағайындалғаны белгілі болды.

Жиын соңында Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Д.Тазабек Жол картасы аясында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы бойынша есеп беріп, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Жол картасы дер кезінде орындалады

Маңғыстау облыстық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Онда облыстық «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының орындалу есебі тыңдалды.

Отырысты ашқан Маңғыстау облыстық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясының депутаттық фракциясының жетекшісі Е.Әбілов Жол картасына сәйкес 2021 жылға 112 шараның, 20 индикатордың орындалуы жоспарланған, оның ішінде ұйымдастырушылық бағытта 54 және қаржыландырумен байланысты 58 тармақ бар екенін айтты. Ол сонымен қатар 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасының орындалысы партияның бақылауында екенін жеткізді.

– Елбасы, партия Төрағасы Н.Назарбаев «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы жөнінде «Жаңа бағдарлама – аса ауқымды, бірақ нақты жоспарланған, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген мақсаттар мен бағдарлар жиынтығы. Біз елді жаңғырту мен барша қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін арттыру бағдарын берік ұстанамыз» деген болатын. Осыған орай өңірімізде 2021 жылдың 1 жартыжылдығында орындалуға жататын 112 шараның 28-і орындалды және өзге шаралар орындалу сатысында, – деді фракция жетекшісі.

Отырыс барысында Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.Орынбасаровтың есебі тыңдалды. Оның айтуынша, I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ең басты жетістіктердің бірі 2021 жылы мұнай өндіру көлемін сақтау және инвестициялық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы 2021 жылы кемінде 15 мың жұмыс орнын құру жоспарланса, нәтижесінде облыста 20 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Оның 70%-дан астамы – тұрақты жұмыс орындары.

– «Бизнес Бастау» жобасы бойынша облыстың 230 жұмыссыз азаматы кәсіпкерлік негіздеріне оқуға жолданып, 198-і бітіріп шықты. Бұл жобаға 31, 2 млн теңге бөлінген болатын, – деді Б.Орынбасаров.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 2021 жылы 6 жобаны іске қосу жоспарланды. Бүгінде 3 инвестициялық жоба іске асып, 131 жаңа жұмыс орны құрылды. Мәселен, жылына 5 мың тонна құс етін өндіретін фабрика, 15 мың тонна құрама жем өндіретін зауыт іске қосылды.

2021 жылы 139 шақырым автожолды, оның ішінде 18,5 шақырым облыстық, 6,3 шақырым қалалық, 39,9 шақырым аудандық, 73,9 шақырым кентішілік автожолды жөндеу жоспарланды. Бүгінде облыстық «Ақтау Форт-Шевченко» автожолын реконструкциялау аясында 17 шақырым жол салынды немесе жалпы жоспар 12%-ға орындалды. Қалған қалалық, аудандық және кентішілік автожолдар жөнделмек.

Биыл Жаңаөзен қаласында емхана қолданысқа беріледі, Қызылсай және Рахат ауылдарында 2 отбасылық дәрігерлік амбулатория іске қосылады. Сонымен қатар медициналық жабдықтар мен қажеттіліктерді алуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге бөлінген. 3 ауысымды білім беретін мектептер үлесін 5 жылда 10,5%-дан 1,3%-ға дейін азайту жоспарланып отыр. Биылғы жаңа оқу жылына 300 орындық 1 мемлекеттік мектеп және 770 орындық 2 жекеменшік мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар 1 487 орындық 4 мектептің құрылысы басталады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша 2021 жылы ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту көрсеткішін 98%-ға жеткізу қарастырылған. Осы орайда 7 ауылда Басқұдық, Бекі, Жармыш, Ақжігіт, Рахат, Теңге, Қызылтөбеде сумен қамту объектілерін салу жұмыстары аяқталады.

2021 жылы бір тұрғынға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткішін 24,2 шаршы метрге дейін жеткізу жоспарланды. Бұл мақсатта «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Мұнайлы және Түпқараған аудандарында 80 және 72 пәтерлік тұрғын үй құрылысы жалғасады.

Тұрғындар жаңа баспана сұрады

Орал қаласындағы Зашаған кентінде салынған үйдің сапасына байланысты мұндағы тұрғындардың «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-мен дауласқанына екі жылдай уақыт өтті. 2019 жылы пайдалануға берілген 9 қабатты үй әлі күнге аталған компанияның меншігінде тұр. Осы мәселе бойынша шағымын білдірген тұрғындармен «Nur Otan» партиясы Орал қалалық филиалының партиялық бақылау комиссиясы арнайы кездесу ұйымдастырды.

Бұрын компания атауы «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ» болғанын айтқан Ұлдай Төлеева сапасыз салынған пәтердің орнына жаңа пәтер беруін сұрады.

– Қызым жалғызбасты ана санатымен жаңа пәтерге қол жеткізді. 2019 жылдың маусым айында бірінші қабаттағы пәтерге орналастық. Мен де қызыммен бірге тұрамын. Уақыт өте үйдің сапасыз салынғаны белгілі болды. Қыс бойы жертөледе мотордың даусы гүрілдеп шығады. Тіпті, пәтеріміздің едені дірілдейді. Жиектасты балкон тұсына дейін таяу салған. Аутокөліктер іргемізге төніп келіп тоқтайды. Үйдің қабырғаларының сыртына сызат түскен соң оны ҚТК құрылысшыларға жөндетті. Мына үйде тұру мүмкін емес. Ресми түрде апатты деп танып, басқа пәтер берілуін сұраймыз, – деді ол.

Бұл тұста үш бөлмелі пәтерде тұратын Нұрболат Иманбаевтың да өз айтары бар. Оның сөзінше, жыл сайын көпқабатты үйдің жертөлесіне қар суы құйылады екен. Жертөледе тұрған қосымша темір тіреулердің мығым екеніне тұрғындардың көпшілігі күмән келтіреді. Салыстырмалы түрде алғанда оның қасындағы үйлерде мұндай тіреулер жоқ, іргетасы бекем құйылған. Мердігер үй салуды 2016 жылы бастаған. Пәтердің шаршы метрі элиталық үйдің бағасымен есептеліпті. Нұрболат Иманбаев пәтердің бір шаршы метрі 149 мың теңгеге бағаланғанын, мұнымен мүлдем келіспейтінін жеткізді. Нұрболат Иманбаев құрылысқа жауапты компаниялар мен тексеруші мекемелердің ықпалы болатынына сенбейтінін айтты.

Тұрғындар бірауыздан бұл үйді апатты деп тану керек екенін тілге тиек етті. Олар амалы таусылғандықтан, сот құрылымына да жүгінген. Бұған дейін ішкі мемлекеттік аудит және экономикалық тергеу қызметтері және басқа да мекемелер бірнеше мәрте сараптама жұмысын жүргізген. Арызшағым бойынша жұмыс істеген тергеушілер де ауысып отырған. Бірақ тексеру жұмысының қорытындысы қоныс иелеріне таныстырылмапты.

– Бастапқы кезеңде мердігер 5 қабатты үй салмақшы болған. Содан кейін құрылыс нысанын 9 қабат етіп көтеруге шешім қабылдаған. Қыста үйдің шатырына қар тұрып қалады. Шатырды тазалау мүмкін емес. Қазақстан тұрғын үй компаниясы мердігерден бұл үйді қалай қабылдап алғанына қайранмын. Бізге жаңа баспана беруді немесе осы үйді қайта салуды талап етеміз, – деді Алмагүл Бекешева.

Зашаған кенті Арман шағынауданы Мөңкеұлы көшесі 108/5 мекенжайында орналасқан үйдің тұрғындардың қолында 2020 жылдың 23 қаңтарында БҚО Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен «Батысқұрылыс» ЖШС және техникалық қадағалау мамандарының қолы қойылған акт қорытындысы бар. Бақылау өлшемінің актісінде нысан бойынша көптеген бұзушылық анықталғаны жазылған. Ондағы мәліметке сүйенсек, құрылыс-монтаж жұмысының орындалғаны туралы жалпы құны 2 047 385 638,58 теңге болатын 18 акт құжаты толтырылған. Кейбір құрылыс материалдары жобалық-сметалық құжаттамадағы талаптарға сәйкес емесі анықталған. Акт қорытындысында 190 854 106 теңгенің жұмысы орындалмағаны жазылған.

Тұрғындармен кездесуде облыстық Сәулет және қала құрылысы басқармасының бас маманы Әлихан Мырзаболатов тапсырыс беруші құрылыс-монтаж жұмысының басталғаны туралы хабардар еткенін ашық жеткізді. Одан ары техникалық қадағалаушы ай сайын электронды құжат айналымы арқылы есеп беріп отырғанын, құрылыс соңында ХҚО арқылы қабылдау актісі ғана жолданғанын айтты. Нақтылап айтсақ, қалалық бөлім мамандары нысанды тексеруге бармаған, қабылдау актісінің дұрыс толтырылғанын ғана қадағалаған. Яғни, тапсырыс беруші – ҚТК мен техникалық және авторлық қадағалаушы мекемелер қабылдау актісіне жауапты. Аталған көпқабатты үй тұрғынжай стандартына сай келмегендіктен, қала әкімдігі меншігіне алмаған.

Зашаған кентінің әкімі Аққали Әубекеров мәселенің мәнісі бизнес саласындағы мекемелер жұмысына мониторинг жүргізуге шектеу қойылғанынан деп есептейді.

– Тапсырыс беруші мен мердігер, техникалық қадағалаушы мен авторлық қадағалаушылар – бизнес саласының өкілдері. Олар өзара келісіп жүргізген құрылыс нысандарына мемлекеттік құрылымдардың тексеріс жүргізуге құқы жоқ, – деді Аққали Әубекеров.

Ал «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-ның Орал қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі маманы Бірлес Сәрсенбай бір апта бұрын компания басқармасы төрағасының орынбасары Алмас Шабдарбаев тұрғындармен кездескенін айтты. Сол кезде барлық мән-жай түсіндірілгенін де тілге тиек етті.

– Төраға орынбасарымен бірге Қостанай қаласынан техникалық аудит мамандары келді. Олар бір апта бойы үй құрылысына қатысты тексеру жүргізді. Сараптама қорытындысы бір айдан кейін белгілі болады. Соның нәтижесінде мердігер тауып, құрылыс-монтаж жұмысындағы барлық кемшілікті түзейміз. Сарапшылардың алдын ала берілген мәліметі бойынша «Үй апатты жағдайда тұр» деп алаңдауға негіз жоқ, – деді Бірлес Сәрсенбай.

Тұрғындар үйдің қайта-қайта сараптамадан өткізіле беретініне наразы. Мөңкеұлы көшесіндегі 9 қабатты 180 пәтерлі үй бейне ауада қалқып тұрған баспана секілді. Көпшіліктің жанайқайына құлақ асар құзырлы мекеме жоқ.Тұрғындармен келісімшартқа тұрған Қазақстан тұрғын үй компаниясы әлі күнге арыз-шағым иелеріне жарытымды жауап бермеген. Құрылысқа жауапты мекемелердің салғырттығы салдарынан сеңдей соғылысып жүргендер көп. Бұл үйге көбіне әлеуметтік тұрғыда осал топқа жататын тұрғындар қоныс тепкені де ескерілмей отыр. «Nur Otan» партиясы Орал қалалық филиалы төрағасының орынбасары Кенесары Нұршин партиялық бақылау комиссиясы бұл мәселені назарда ұстайтынын айтты.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Қосымша вакцина қашан келеді?

Қазақстанда вакциналар таусылып қалды. Ауыл-аймақта жұртшылық ресейлік вакцинадан басқасын таба алмай жатыр. Табанды көзқарас-ұстанымына орай «Спутник V»-мен егілуден үзілді-кесілді бас тартатын адам көп. Олар баламаның болғанын қалайды. Вакцинация науқаны тұйыққа тірелмеуі үшін өзге вакцинаны молынан ұсынған жөн. QazVac, CoronaVac, Hayat-Vax қашан болады? Қытай вакциналары тағы әкеліне ме? Pfizer ше?

Елдос СЕНБАЙ

ВАКЦИНА ЕГУ ҚАРҚЫНЫ ҚҰЛДЫРАДЫ

Егілу үшін өзі тіркелген емханаға барған елордалықтарды тың жаңалық елең еткізіпті: МСАК деңгейіндегі егілу пункттері қыркүйекке дейін ғана жұмыс істеп, ары қарай жабылуы мүмкін. Бұл хабардың рас-өтірігін анықтау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының №8 қалалық емханасына жүгіндік. Ондағы дәрігерлер «қыркүйекке дейін вакцинация жүргізулерің мүмкін, содан кейін өз учаскелеріңде пациенттерді қарауға оралатын шығарсыңдар» деген ескертпе болғанын жеткізді. Сондықтан негізгі екпін алдағы тамыз айына түспек: барынша қарқынды жұмыс істеу жүктеліпті.

Айтқандай, MEGA Silk Way сауда ойын-сауық орталығындағы вакцинация пунктінің медицина қызметкерінің бірі де ұқсас болжамды алға тартты. Денсаулық сақтау министрлігі бұл тұрғыда әзірге ешқандай түсініктеме берген жоқ.

Қалай болғанда да, республика бойынша екпе егу қарқыны қайтадан төмендей бастады. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, 2021 жылғы 29 шілдедегі мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентті жалпы саны 5 275 626 адам, II компонентті тек 3 535 508 адам салдырды. Біріншіден, бірінші дозамен 18 млн 984,8 мың қазақстандықтың небәрі 27,7%-ы ғана егілген. Бұл ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін қажетті 60-80 пайыздан әлдеқайда төмен. Ұжымдық иммунитет болмаған соң, Қазақстан коронавирус жұқтыру жөнінен рекорд орнатып жатыр.

Екіншіден, егілушілердің тәуліктік саны қазір 40-45 мыңға дейін құлдырады. Әйтпесе, шілде айының басында бір тәулікте 105 мыңға дейін адам егілген болатын. Мына бәсең қарқынмен 1 қыркүйекке дейін 10 миллион адамға ең болмаса, бірінші компонентті салып үлгеру үшін (межеге дейін 4,7 миллион адамды вакциналау қалды) күніне 147,5 мың адамды екпемен қамтып отыру қажет болады.

Ал егер 45 мыңдық тәуліктік көрсеткіш сақталса, 10 миллиондық межеге жету үшін 104 күн немесе тағы 3,5 ай қажет болады.

ВАКЦИНАЛАУ ЖӨНІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЛИДЕРІМІЗ

Әділін айту керек, Қазақстан вакциналау қарқыны бойынша өз өңірінде көшбасшы. Мысалы, Өзбекстанның ресми дерегі бойынша 33 млн 988 мыңнан астам халықтың небәрі 3,7 миллионы немесе 10,79%-ы 1-ші компонентті алды. Толық вакциналанғандары – 1 млн 23,5 мың немесе 3,01%. Өзбек елінде вакцина тегін және таңдауға 3 түрлі екпе ұсынылады, бұлар Oxford/AstraZeneca, RBD-Dimer (Қытай ғылым академиясының Микробиология институты әзірлеген ковид-вакцина) және ресейлік «Спутник V». Бұған қоса, 29 шілдеде АҚШ-тан арнайы рейспен Moderna вакцинасының 3 миллион дозасы жеткізілді. Бұл – ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің гуманитарлық көмегі.

Қырғыз Республикасында тұрғындардың 3%-ы ғана вакциналанды. Бұл елде қытайдың Sinopharm және ресейлік «Спутник V» ғана қолданылып келді. Енді Қазақстан көмек ретінде қырғыз еліне QazVac төл вакцинамыздың 25 мың дозасын жолдады.

Тәжікстанда халықтың 250 мыңға жуығы (шамамен 1%) COVID-19 індетіне қарсы екпе алды. Республикада вакцина тапшылығы байқалады. Екпені негізінен гуманитарлық көмек түрінде алады.

Жалпы, OurWorldInData жаһандық есептегішінің мәліметіне жүгінсек, Қазақстан вакциналанғандардың жалпы саны жөнінен Әзербайжаннан да (26,6%), Ресейден де (24,36%), Беларустен де (7%), Украинадан да (5%), Грузиядан да (6%), Арменияндан да (2%), Түрікменстаннан да (1%), бүкіл посткеңестік елдерінен, тіпті Черногория, Румыния, Болгария, Солтүстік Македония, Босния мен Герцеговина секілді бірқатар Еуропа елдеріне де алға озды. Бірақ пандемия өршіп, ел Үкіметі локдаун енгізуге мәжбүр болып жатқанда өзгеден азды-кем озғанымыз көңілді марқайтпаса керек.

ТӨЛ ВАКЦИНАМЫЗ БАЛАМА ҚЫЗМЕТІН АТҚАРМАҚ

Жалпы, төл вакцинамыз қайда? Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл анықтағандай, БҒМ Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты және Жамбыл облысының Қордай ауданындағы жаңа биофармацевтикалық зауыт QazVac (QazCovid-in) вакцинасын кестеге сай мерзімде және міндеттемеге сай көлемде уақытылы жөнелтіп жатқан көрінеді.

> *Бірінші дозамен 18 млн 984,8 мың қазақстандықтың небәрі 27,7%-ы ғана егілген. Бұл ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін қажетті 60-80 пайыздан әлдеқайда төмен. Ұжымдық иммунитет болмаған соң, Қазақстан коронавирус жұқтыру жөнінен рекорд орнатып жатыр.*

«Бірыңғай дистрибьютор – «СҚ-Фармация» ЖШС-мен арамыздағы келісімшарт бойынша біздің тарапымыздан отандық вакцинаның партиялары уақытында жіберіліп жатыр. Атап айтқанда, 2021 жылғы сәуірде QazVac-тың – 50 мың дозасы, мамырда – 50 мыңы, маусымда 100 мыңы «СҚ-Фармацияға» жолданды. Осы аптада шілдеге жоспарланған 100 мыңдай вакцина жіберілді. Тамыз айында бірден 650 мың вакцина өндіріп, жолдау жоспарда бар. Ол міндетті орындауға қазірден дайындық жасап жатырмыз. Барлығын келісімшартқа сай әзірлеп, шығарудамыз», – деді аталған институттың бас директоры, биология ғылымдарының докторы Күнсұлу Закарья.

Ол журналистерге отандық вакцинаның неге ақырғы тұтынушыға дейін жетпей жатқанын «СҚ-Фармациядан» сұрауға кеңес берді. Бірыңғай дистрибьютор вакциналарды өзінің 4 ірі хабына – Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе және Шымкентке жіберіп жатыр екен.

Ал өзге вакциналарға қатысты жағдайды БАҚ өкілдері Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшиннен білді. Оның айтуынша, Sinopharm қытай компаниясы әзірлеген, бірақ БАӘ-нің Gulf Pharmaceutical Industries Julphar компаниясы өндіріп жатқан Hayat-Vax (SARS-CoV-2, Vero-Cell) вакцинасы елімізге бір реттік науқан аясында ғана әкелінген. Енді әкелінетін-әкелінбейтіні белгісіз.

«Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакциналар жеткілікті көлемде бар. Иә, оның басым көпшілігі – ресейлік вакцина. Біз вакциналау пункттерін тауарлар ассортиментіне толы дүкенге айналдыру міндетін қойған жоқпыз. Үкімет вакцинаны тегін беріп отыр. Қазіргі негізгі вакцина – «Спутник V». Ол жетіп-артылады. Алматыда да артығы бар. Оның үстіне, қоры үнемі толықтырылды, жаңадан келіп түсіп жатыр», – деген алматылық бас санитар ресейлік вакцинаны алғысы келмейтіндерге таңдау барын, оларға отандық QazVac-пен егілуге мүмкіндік жасалып жатқанын мәлімдеді.

Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Айжан Есмағамбетованың мәліметінше, қытайлық вакциналар таусылуға таяу.

«Қазір Hayat-Vax-тың 5,5 мың дозасы ғана қалды. Ол қор тек Маңғыстау облысында сақталған. Басқа өңірлерде түгесілді. CoronaVac-тың 17 мың вакцинасы ғана бар. Негізінен, Маңғыстау облысында, сондай-ақ Қарағанды, Атырау және Түркістан қалаларында. QazVac-тан Жамбыл, Маңғыстау және Атырау облыстарында – 2 900 доза бар, ол да қалдығы. Бірақ отандық вакцина қоры енді ұдайы толығады. Бүгінде QazVac-тың 99 мың вакцинасы бүкіл өңірге жөнелтіліп жатыр. Яғни, 31 шілдеге дейін барлық жерге қазақстандық екпенің қосымша көлемі жеткізіліп, егіле бастайды», – деді Айжан Есмағамбетова.

PFIZER ВАКЦИНАСЫ ТЕК ЖЫЛ СОҢЫНДА КЕЛЕДІ

Оның айтуынша, бүгінде вакцина салғызған 5 миллионнан астам қазақстандықтың небәрі 6 420-сы ғана коронавируспен ауырып қалған. Егілсе де індет жұқтырғандардың басым көпшілігі – 85,84%-ы «Спутникті» салғызғандар көрінеді.

«Вакцинадан кейін ауырған 6,4 мың адамның 5 511-і – «Спутник V», 665-і (10,36%-ы) – Hayat Vax, 124-і (1,93%-ы) – CoronaVac және 113-і (1,7%-ы) QazVac-ты салғызған. Яғни, егілген барлық азаматтың 0,1%-ы вирус жұқтырды. Бұл вакциналардың жұмыс істейтінін, дельта-штамға да төтеп беріп отырғанын паш етеді», – деді ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың мәлімдеуінше, Қазақстанда коронавируспен ауырғандардың 99,9%-ы – вакцина салғызбағандар.

Кейбір қазақстандықтар ДДСҰ бекіткен американдық вакциналардың келуін асыға күтіп жүр. Мемлекетімізбен арадағы уағдаластық бойынша Pfizer биылғы мамыр айында-ақ 2 миллион доза вакцина жеткізбек болыпты. Pfizer өз вакцинасын жеткізетін барлық елге қоятын стандартты талабын Қазақстанға да жолдаған. Алайда ел Үкіметі ол талаптарды уақытында орындай алмаған көрінеді.

Содан американдық фармацевтикалық алпауыт жаңа ұсынысын жолдап, іс-қимылдың бүкіл алгоритмін жазып көрсеткен. Кейбір деректер бойынша американдық-германиялық вакцинаны сақтау үшін қажетті рефрижераторлар жетіспей жатқанға ұқсайды. Президент Қ.Тоқаев ел Үкіметіне Pfizer вакцинасымен егілгісі келетін азаматтарымыздың тілегін қысқа мерзімде қанағаттандыруды жүктеді. Алайда Айжан Есмағамбетованың айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі Pfizer вакциналарын 2021 жылдың соңына қарай, 4-тоқсанда жеткізе бастау туралы уағдаластыққа қол жеткізіпті.

Егер билік халыққа вакцина бойынша лайықты таңдауды қамтамасыз етсе, қазақстандықтардың 60-70 пайызы егілуге дайын. Демек, ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға осының өзі жетер еді.

Қант нарығымыз одақтастардың еншісінде

Бүгінде Қазақстанның қант нарығының 60 пайызын Ресей мен Беларусь компаниялары иемденіп отыр. Ел ішіндегі базарлар мен дүкендерді толтырып тұрған импорттық қанттың басым бөлігі сол елдерден келеді. Ал отандық қант зауыттары жабылудың аз-ақ алдында тұр.

Дәулет АСАУ

Қазақстан ЕАЭО біртұтас экономикалық аймағында болғандықтан біздің нарыққа орыстың, белорустің өндірісшілері баса-көктеп кіріп алды. Мамандардың есептеуінше, қазір республика аумағында 75 ресейлік және 4 белорустық қант зауыты жұмыс істейді. Сөйте тұра, Дүниежүзілік сауда ұйымының аясында Қазақстанға шикі қант құрағын сатып алу үшін 5 пайыздық жеңілдік берілді деген желеумен ЕАЭО нарығы біздің өндірісшілер үшін есігін тарс жауып алған. Ол аздай, біздің өндірісшілер баж салығының тым жоғарылығына байланысты Өзбекстан нарығына да ене алмай отыр.

ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Енді бар қалғаны, өз ішкі нарығымыздың күйін күйттеу еді. Алайда өзі әупірімдеп күн көріп отырған отандық 4 қант зауытының шетелдік бәсекелестердің адуынына төтеп бере аларлық қауқары жоқ. Оның үстіне, ел ішінде қант шикізаты тапшы. Бүкіл Жамбыл өңірінде өсірілетін қант қызылшасы Мерке зауытын 2,5-3 айлық жұмыспен қамтуға әзер жетеді. Сондықтан қазақстандық кәсіпорындар жетіспеген шикізатты сырттан тасымалдауға мәжбүр.

«Бірақ ЕАЭО ішінде қазақ қант зауыттарының шикізат алуына қарсы түрлі айла-шарғы жасалып, небір тосқауылдар қойылған. Соны салдарынан біздің қант зауыттарының жұмысы тоқырап отыр. Одан шығудың жалғыз жолы – мемлекет тез арада қант қызылшасын өсіретін фермелерді ынталандыруы тиіс. Әйтпесе, Ресей компаниялары қазақ қант өндірісін жөргегінде тұншықтырады. Қолжетімді шикізатсыз біз өз нарығымызды қорғап қала алмаймыз», – дейді Жамбыл облыстық қант өндірушілер бақылау кеңесінің төрағасы Нұржан Қайырбаев.

Осының кесірінен отандық төрт қант зауытының екеуі – Ақсу мен Мерке зауыттарының жұмысы тоқтады. Қалған екеуінің де жағдайы мүшкіл: Тараз қант зауыты бұған дейін айына 25 мың тонна өнім шығарып келсе, енді шикізаттың жетіспеушілігінен айына 15 мың тоннамен шектеліп қалған.

Қазақстанның қант, тағам және өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Айжан Наурызғалиеваның айтуынша, мемлекет қант қызылшасы егістігін кеңейтумен бірге, оларды сумен қамтамасыз ету мәселесін де шешуі қажет. Қауымдастықтың былтыр Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп әзірлеген Қант шаруашылығын дамыту жөніндегі Жол картасында бұл проблемалардың бәрі егжей-тегжейлі көрсетілген екен, бірақ аталған құжат әлі күнге қабылданбапты.

«Отандық қант зауыттары толық күшінде жұмыс істеу үшін егістік алқабы жеткілікті болуы тиіс. Сондықтан ішкі нарықты отандық өнімдермен қамтамасыз етудің 2021-2023 жылдарға арналған Кешендік жоспарына қант қызылшасын өсіруге болатын құнарлы жер бөлу, оны суғару инфрақұрылымдарымен жабдықтау мәселелерін енгізу қажет», – дейді Айжан Наурызғалиева.

Мәселен, 2020 жылы көптеген қант қызылшасын өндірушілер су тапшылығын сезінген. Әсіресе, Алматы және Жамбыл облыстарының егіншілері судың жоғынан қатты қинаған. Ал тамшылап суғару жүйесі қымбат: 1 гектар алқапқа тамшылап суғару құрылғысын орнату үшін 5 млн теңге қажет екен. Сондықтан қомақты инвестиция салынбай бұл саланың проблемасын шеше қою неғайбіл. Әйтпесе, бұрынғы Кеңес заманындағыдай, суды арықпен жеткізіп берсе де жаман болмас еді.

ӨНІМДІ ҚАНТ ҚҰРАҒЫНАН ДАЙЫНДАУ ТИІМДІ

Қазақстанның қант нарығының шетелге тәуелділігі баға тұрақсыздығына да тікелей әсер етеді. Жыл басында қант шикізаты мен құмшекердің күрт қымбаттауы – импорттық үстеменің кесірінен. Әсіресе, Ресейдегі баға ойыны біздің нарықты безек қақтырады. Мәселен, еліміз қант жасайтын шикі-қант құрағын Бразилиядан алдырады. Ал оның бағасы доллар бағамы мен биржалық котировкаға қарай құбылып тұрады. Сондай-ақ республикаға Ресей арқылы жеткен шикізаттың бағасы тасымалдау шығындарына байланысты тағы 15 пайызға арта түседі.

Қазақстанның Қант, тағам және өңдеу өнеркәсібі қауымдастығының президенті Айжан Наурызғалиеваның айтуынша, 2021 жылдың 23 сәуір күні «Ақ қант және шикі қант құрағына қатысты Кедендік одақ комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы» Еуразия экономикалық комиссиясының шешімі күшіне енген. Осыған орай экономикалық одаққа мүше елдердің аумағына 30 қыркүйекке дейін ақ қант және шикі қант құрағын баж салығынсыз енгізуге рұқсат етілген. Яғни, үшінші елдерден республика аумағына қант шикізатын тегін енгізуге мүмкіндік туған, ол біздің өндірісшілер үшін үлкен демеу еді. Алайда қашанда көштен қалып, аузы ашылып жүретін біздің шенеуніктер бұл құжатты үш айдай кешіктіріп барып қабылдады. Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы Ербол Қарашөкеевтің тиісінше бұйрығы тек 19 шілде күні ғана шықты. Сөйтіп, ресейлік өндірісшілер әлемдік нарықтан ақ қант және шикі қант құрағын баж салығынсыз алып жатқанда, қазақстандық өндірісшілер заңның осы жеңілдік нормасын пайдалана алмай, шерменде күй кешті.

«Қызылшадан гөрі шикі қант құрағымен жұмыс істеген тиімді. Ол кезде өндіріс циклі 30 пайызға қысқарады. Сонымен қатар қызылшадан тек 12% дайын өнім алынса, қант құрағынан алынатын дайын өнімнің көрсеткіші 98,5-99,2%-ға дейін жетеді», – дейді қант өндірушілер бақылау кеңесінің төрағасы Нұржан Қайырбаев.

Мұны келесідей көрсеткіштерден де көруге болады: кейінгі 10 жылда Тараз және Мерке зауыттары қант құрағынан 2 млн 300 мың тонна қант өндірсе, қызылшадан небәрі 60 мың тонна дайын өнім шыққан.

НАРЫҚТЫҢ НАРҚЫ

Қазір Ресей қантының Қазақстандағы көтерме бағасы – бір келісіне 276 теңге. Ал отандық қанттың бір келісі – 282-285 теңге. Мамандар бағаның мұндай айырмашылығын Ресейде егістік алқабының көптігімен, өнім шығымдылығының жоғарылығымен және өзіндік құнының төмендігімен түсіндіреді. Біздің республикада қант қызылшасы алқаптары тым аз әрі егістікті суару жүйесінде проблема жеткілікті, мұның бәрі өнім бағасына кері әсер етуде.

Сондай-ақ қант өндірісіне Жамбыл облысында газ бағасының қымбаттауы да кесірін тигізген. Өйткені газдың қант өндіріс құрылымындағы арақатынасы 60 пайызды қамтиды. Ол аз десеңіз, жыл басынан бері теміржол көлігімен тасымалдау тарифтері өсіп, өндіріске қосалқы және жанама қатысы бар материалдардың бәрінің бәсі арта түсті. Мәселен, Ақсу қант зауыты өнімінің өзіндік құнының 15-20 пайызына тең жанаржағармайдың бағасы көктем-жаз айларында қалай шырқап кеткенін бұқара жақсы біледі.

Кейінгі бес жылда елімізде қант қызылшасының егістік аумағы 10 есе, жиналған өнім көлемі 20 есе артқанына қарамастан, әлі де жергілікті қант өндірісінің тапшылығы 240 мың тонна – бұл барлық тұтыну қажеттілігінің жартысынан астам. Тек бір ғана Мерке қант зауыты толық қуатында жұмыс істеуі үшін республикада қызылша өндірісін үш есе ұлғайту қажет. Бұған отандық қалған үш зауыттың сұранысын қоссаңыз, егістік алқаптарының көлемін әлі ондаған есеге көбейту керек екенін түсінесіз.

Дегенмен Үкіметтің ондай ойы да жоқ емес. Алдағы жылдары қант қызылшасының егістік аймағын екі есе өсіріп, өнімнің сапасы мен шығымдылығын арттыру жоспарланған. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған төрт қант зауыттарын жетілдіріп, Жамбыл мен Павлодар облыстарында жаңадан тағы екі осындай кәсіпорын салу көзделген.

Сондай-ақ қант өндірісі саласының мамандарын даярлау ісі де күн тәртібінде тұр. Өкінішке қарай, республикада бұл саланың мамандарын даярлайтын бірде-бір оқу орны жоқ. Қазір қант кәсіпорындарында жұмыс істеп жүргендердің көпшілігі кеңес заманынан келе жатқан көнекөздер. Олардың да бір күні іс басынан кететіні белгілі. Сонда олардың орнын басатын маманды қайдан аламыз? Әйтеуір, бір кем дүние!

Мүмкіндігін өзіміз шектеп жүрген жоқпыз ба?

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай қарастырып, олардың құқығын қорғау жағы осалдау болып тұр. Жыл сайын мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартамыз деп түрлі бағдарлама қабылдап, заңдарға толықтыру енгізіліп жатады. Тіпті, бұл мақсатта Ұлттық жоспар да құрылған. Әйтсе де, осы санаттағы жандар қоғамда кедергіге тап болмай, еркін өмір сүріп жатыр деп сеніммен айта аламыз ба?

Мадияр ТӨЛЕУ

АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ТАПТАҒАНДАР КӨП

Жуырда Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің өңірлердегі департаменттері соңғы 6 ай бойы әлеуметтік инфрақұрылымдарға жүргізген тескерістің қорытындысын жариялады. Соның нәтижесінде 379 нысанда «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» және «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңның 1 918 рет бұзылғаны анықталған. Оның 1,5 мыңнан астамында мүгедек жандар қоғамдық көлікке отыра алмай, мәдени, ойын-сауық, спорт ғимараттарына кіре алмаған. Осы заңсыздықтар үшін 7,4 млн теңгеге әкімшілік айыппұл өндірілген. Бір қызығы, осы санаттағы жандарға қатысты заңсыздықтар былтыр аздау тіркелген екен. 2020 жылдың қорытындысында 886 заңбұзушылық анықталған. Оның 86-сы бойынша 21,2 млн теңге айыппұл салынған.

ҰЛТТЫҚ ЖОСПАР ЖҮДЕП ТҰРҒАНДАЙ

8 ай бұрын Үкімет отырысында дәл осы мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау туралы мәселе қаралған болатын. Сол кездегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов есебінде «мүгедектерге барлық жағынан тиімді жағдайды жасадық» деген сарында біраз жайдың басын шалған еді. Деректерге қарағанда, Қазақстанда 705 мыңнан астам мүгедек бар, оның 430 мыңы еңбекке қабілетті жаста екен. Қалған 181 мыңы зейнеткер болса, 94 мыңы балалар. Ал былтыр мүгедектерге әлеуметтік төлем төлеп, оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 448 млрд теңге бөлінген.

Айтпақшы, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын толыққанды қорғаймыз, қоғамда кедергі болмайды деп 2025 жылға дейін Ұлттық жоспар іске асырылып жатыр. 7 бағытты қамтитын жоспар мүгедектік профилактикасы, білім алуға қолжетімділік, кедергісіз орта, жұмыспен қамту, тиімді оңалту, әлеуметтік қызметтер және қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері бойынша жүргізіледі. Енді оның орындалуы қай деңгейде?

Мәселен, 2020 жылы елімізде электр жетегі бар отандық кресло-арбалар өндіріліп жатқаны айтылған. Мемлекеттік тапсырыс бойынша осындай электр жетегі бар 1 381 кресло-арба шығарылып, олардың 817-сі өңірлерге жеткізілген көрінеді. Былтыр 13 мың мүгедек адам жұмысқа орналасып, 626 адам кәсіпкерлік бойынша білім алған. Ол аз десеңіз, 830 өтеусіз грант пен 350 шағын несие берілген. Ал 2021 жылға 3 331 жұмыс орны қаралған. Бұл есептерге көз жүгірте отырып, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандар еш нәрседен қиындық көрмей отыр деп ойлауымыз мүмкін. Дегенмен шынайы жағдай қандай?

ПАНДУСТЫҢ ӨЗІ БІР МӘСЕЛЕ

Ресми дерек бойынша, ел аумағында 35 мыңнан астам әлеуметтік нысан бар. Оның 75 пайызында мүгедектерге кіріп-шығу үшін қолайлы жағдай жасалған делінеді. Бірақ бұл ақпаратқа сенбейтіндер көп. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кез келген ғимараттың алдында пандус болуы тиіс. Арнайы дәретхана қарастырылуы қажет. Дәретхана жағын қоя тұрайық, көп ғимараттың пандустары көз алданыш тәрізді. Мәселе былай, пандус болуы тиіс деген талап бар, дегенмен оның қандай болатыны жайлы ереже жоқ. Сондықтан пандус деген аты болмаса, олармен мүгедек арбасы жүре алмайды. Бір жүйеге келтірілмеген істің бірі – осы. Мүгедектердің әлеуметтік мәселелерімен жақсы таныс мүмкіндігі шектеулі жан Алмаз Ержан да осы қарапайым талаптар орындалмай жатқанын айтады.

– Көп жерде пандус ыңғайсыз, дәретхана жоқ. Заң бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығы шектелгенінің белгісі. Елордада соңғы жылдары салынған жаңа нысандарда мүгедектердің мәселесі көп жағдайда ескерілмейді. Мұның барлығын бірден жасауға болады. Алайда құрылыстың жобасы талқыланғанда мүмкіндігі шектеулі жандарды шақырмайды, кеңеспейді. Кезінде мүгедектер бойынша кеңесшілер болатын. Қазақстан бойынша барлық әкімдікте мүгедектер бойынша кеңесшілер бар дейді. Бірақ біз оларды көрмейміз. Не істеп жатыр? Белгісіз. Өз жұмысын көрсетпейді. Осыны 10 жылдан бері айтып келеміз. Өзгеріс бар, дегенмен мұнымен мәселелер шешілді деуге болмайды, – дейді ол.

Мүгедектерді тасымалдауға арналған көліктердің де тапшылығы бар. Тағдырдың қиындығын кешкен жандарға бір аялдамаға жетудің өзі мұң. Елорда мен Алматыдан басқа қалалардағы қоғамдық көліктердің басым бөлігінде оларға қолайлы жағдай жасалмағанын білеміз.

БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМ ЖАТЫРҚАМАУЫ ҚАЖЕТ

Елімізде мүгедек балаларды қоғамнан шеттетпеу, олардың құқықтарын қорғау бастамасы 1990-жылдардың соңынан бері айтылып келеді. Мәселен, дамуында кедергі немесе мүгедектігі бар балаларға қарапайым сыныпта қатарластарымен бірге білім беру жүйесі жайлы 1990-жылдары аз айтылған жоқ. 2000 жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты жаңа білім беру саясаты қалыптаса бастады. Ал инклюзивті білім беру жүйесі 2010 жылы бекітіліп, білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына алғаш рет енгізілді. Осы бағдарлама бойынша, мүгедек балаларға еркін жүріп-тұруға жағдай жасалған мектептер саны жалпы білім ошақтарының 70 пайызына жетуі керек. 2018 жылғы дерек бойынша, елімізде ерекше білім беруге зәру мектеп жасындағы балалардың саны 96 мыңнан асқан. Сол жылы олардың 33 пайызы ғана инклюзивті білім берумен қамтылған екен. Негізі, дамуында кедергісі бар балалар жыл сайын психомедицина, педагогикалық комиссиядан өтіп, инклюзивті сыныбы бар жалпыға ортақ білім беретін мектепке жолдама ала алады. «Ерекше балалардың құқығы» бастамасымен танылған, құқық қорғаушы Айгүл Шакибаева инклюзивті білім беру одан әрі дами бергені жөн екенін жеткізді. Оның айтуынша, ерекше білім алуы тиіс балалар қажетті білімді ала алмай отыр. Әсіресе, аймақтарда ерекше балалардың білім алуы жолға қойылмаған. Оған қоса, мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын тиімді өткізуге де мүмкіншілігі жоқ екен.

–Білім алудағы кедергілерден бөлек мектептен тыс үйірмелер мен спорт секциялары да жолға қойылмаған. Ішінара Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты үлкен қалаларда болса да, басқа қалаларда мұндай мүмкіндік жоқ. Сөзімді нақты мысалмен дәйектеп өтейін: білім алу бойынша әртүрлі аймақтан 200 ата-анаға, Білім және ғылым министрлігіне сұрақ жіберіп, мониторинг жүргізген едік. Сол мониторингтің нәтижесі бойынша мүгедектігі бар 90 мың баланың тек үштен бір бөлігінің ғана білім алуға мүмкіндігі бар болып шықты, –дейді ол.

Оған қоса, ол ерекше балалардың мүгедектік статусын алу бойынша да кедергі көп екенін тілге тиек етті. Әрі мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты жұмысына да баға беріп өтті.

– Ерекше білім берілуі қажет бала ретінде тіркеуде тұрған 160 мың баланың жартысынан көбі мүгедектік статусын ала алмай отыр. Әсіресе, коммуникациялық, ақыл-ой жағынан, психикалық тұрғыдан ауытқушылығы бар балалар назардан тыс қалып жатады, қазіргі заң мұны толық қамтымайды. Өйткені әдетте мүмкіндігі шектеулі балалар санатына жүре алмайтын, сөйлей алмайтын немесе есту қабілеті нашар балаларды жатқызады.

Ерекше балалардың құқығы да көп жағдайда толық қорғала бермейді. Оларды кемсіту, ұрып-соғу сияқты қылмыстар көбіне жазасыз қалып жатады. Бұл да шешімін табуы керек түйткілді мәселелердің көш басында тұр.

Айта кететін ең маңызды нәрсе, біздің елде балалар мәселесі көбіне Білім және ғылым министрлігінің жауапкершілігінде, ал мүгедектігі бар балалар, олардың барлық жәрдемақысы мен әлеуметтік қызметтерді қамтамасыз ету мәселелері Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретінде, бұл – дұрыс емес әрі сегрегация деп есептеймін, – дейді Айгүл Шакибаева.

Қорыта айтқанда, біз мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты бірнеше мәселені шолып өттік. Бұл бір шет жағасы екені айқын. Бұдан өзге күрмеуі қиын дүниелер жетіп артылады. Қиындыққа тап болған жандар жетерлік. Бірақ олардың бәрі өзгемен тең құқылы, қоғамның бір бөлшегі екенін ұмытпасақ керек.

Нәзікжандылардың ауыр қылмысы

Қылмыс жыныс талғамайды. Әйтсе де, қылмыс жасайтындардың психологиясын зерттеуші мамандар әйел адамның да қылмыс жасауына түрткі болатын себеп көп екенін айтады. Әсіресе, қоғамдағы әйелдерге деген әділетсіздік, бала күнінде көрген қорлық, ата-анасынан көрмеген жылулық, тіпті елдің әлеуметтік жағдайы да әсер етеді екен.

Жадыра МҮСІЛІМ

Ерікбұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (қолдау)

Сол үшін ер адамдармен салыстырғанда тумысынан нәзік жаратылыстың адам баласының ойына келмейтін озбырлық әрекетке баруы, құлақ естіп көрмеген қулық-сұмдықты ойлап табуы құқық қорғау қызметі мамандарын ғана емес, бүкіл қоғамды ойлантуы тиіс. Қылмыс жасаған адамдар арасында әйелдердің үлесі аз. Бірақ соңғы жылдары әрбір оныншы кісі өлімі әйел адамдардың қолымен жасалатын болған. Екі жыл бұрынғы дерекке сүйенсек, барлық қылмыстың 12 пайызы әйел адамдарға тиесілі. Бірнеше жыл бұрын темір торға қамалған әйелдер ұрлық жасау, сенімге кіру арқылы бөтеннің мүлкін тонау секілді құқықбұзушылыққа көбірек барса, қазір жемқорлық, алаяқтық пен қарақшылық, арты кісі өлімімен аяқталатын ауыр және аса ауыр қылмыстар жасайтыны байқалып жүр.

БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Қылмыстық атқару жүйесінің баспасөз қызметінде көпжылдық тәжірибесі бар журналист Гүлнәр Мағзұмова қылмыс жасаған әйелдердің жазасын жеңілдетіп, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу жұмысына көңіл аударылғаны жөн екенін жеткізді. «Әйелдер колониясында отырғандардың көбі ұрлық пен алаяқтық бойынша сотталғандар. Сондай-ақ байқаусызда немесе өзін қорғау үшін абайсызда адам өлтіргендер болады. Мысалы, маскүнем күйеуі күнде ішіп, отбасының шырқын бұзып, әйелі мен баласын үрей құшағында ұстаған кезде қорғанамын деп қылмысқа баратын әйелдер бар. Қатты ашу үстінде адам өзіне-өзі есеп бере алмай қалады. Сот үкімі шыққанда абайсызда қылмыс жасағаны ескеріліп, жеңіл жаза тағайындалса. Өйткені осындай оқиғада маскүнем күйеуі қайтыс болады, анасы түрмеге түседі. Артында қалған балалар жетімдер үйіне жіберіледі» деп санайды Гүлнәр Мағзұмова. Оның айтуынша, ұзақ уақыт түрмеде отыру әйелдердің психологиясын бұзады. Қанша жерден тәрбие жұмысы жүріп жатса да, өмірге деген көзқарасы, мінез-құлқы өзгереді. Сол үшін оларды қалыпты өмірге бейімдеуге, әлеуметтік ортаға сіңісіп кетуіне жұмыс істелуі керек. Өкінішке қарай, бейімдеу орталықтары мүлде жоқ. Қаңғыбастарды паналататын орынның атын өзгертіп, сотталып шыққандарды да сол жерге жібереміз. Ал түрмеден шыққан кезде кейбір әйелді отбасы қабылдамайды. Күйеуі екінші рет үйленіп алады, балалары түрмеден шыққан шешесін керек етпейді. Әке-шешесі қайтыс болып кеткен. Ешкімге қажеті болмай қалған әйел әлгіндегідей ортада жүріп қоғамға бейімделуі екіталай.

Бұдан бөлек, қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған қыз балалар да бар. Олардың негізгі бөлігі өгей әкелерінен, жақын туыстарынан ұзақ уақыт қорлық көргендер. Бұл жағдайда да қорғанамын деп қылмыс жасағандар. «Аналары екінші рет тұрмысқа шығады. Өгей әкелері қыздарына шабуыл жасайды. Өтпелі кезеңде жүрген 12-14 жастағы қыздар пышақ салып алады. Сосын оларды шырылдатып отырып 9-12 жылға соттатып жібереді. Оң-солын танып болмаған жасөспірімнің бойында адамдарға деген өкпе-реніш пайда болады», – дейді Гүлнәр Мағзұмова.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

Әйелдер арасында алаяқтық жасап, есірткі саудалап, жаза арқалағандар жетерлік. Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Қыдырбек Әлқожаев жақында ғана бірінші деңгейдегі соттың үкімі шығарылған қылмыстық істе алаяқтық жасаған әйелге 12 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілгенін айтып: «Бұл зияткерлік қылмысқа жатады. Заң компаниясында заңгер болып істейтін әйел компания басшысының сеніміне кіріп, кәсіпкерге мәселесін оң шешіп беруге көндірген. Сөйтіп, 140 мың доллар алады. Ол жәбірленушіден ақшаны бөліп-бөліп алған. Төртінші рет сұратқанда, жәбірленуші оның әрекетінен күдіктеніп, заң органдарына арыз жазған», – дейді.

Қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған ауданаралық соттағы статистикалық мәліметтерге жүгінсек, биыл жарты жылда 12 әйелге қатысты 9 қылмыстық іс қаралды. Оның ішінде көлік пен пәтер алып беремін деп алаяқтық әрекет жасаған, аса ірі көлемде есірткі сатумен айналысқан,жол-көлік оқиғасы кезінде адам өлтіріп алған әйелдер бар. Сонымен бірге бұрын сотты болғандар да кездескен. Осындай қылмыстарға көбіне отбасылы әйелдер, азаматтық некеде тұратындар, жалғызбасты аналар барады. Сондай-ақ қылмыс жасайтын жас қыздар да жетерлік.

«Қылмыс жасағандардың барлығы оңай олжаға қол жеткізгісі келеді, заңсыз байығысы келеді. Мысалы, есірткі алып-сатумен айналысу денсаулығына оразан зиян тигізеді. Олар осыны біліп тұрып, саналы түрде қылмыс жасайды. Есірткінің бір грамы қомақты қаражат тұрады. Кейде оңай олжаға алданып қалатын жас қыздар кездеседі. Есіртпекімен айналысатындар жарнама арқылы жас қыздарды жұмысқа шақырып: «Саған ештеңе болмайды, тек тауарды қажетті жерге апарып берсең болды. Айына 400-700 мың теңге береміз» деп алдайды екен. Сосын олар «Бір затты екінші жерге қоя салатын оңай жұмыс» деп келісе салады. Екі-үш жыл тасиды, бір күні ұсталады. Ал осы үшін ең аз дегенде 10-15 жыл арқалайды», – дейді Қыдырбек Қорғанбекұлы.

«МЕН КІНӘЛІМІН» ДЕП ЕШКІМ АЙТПАЙДЫ

Қоғамға қауіп төндіре отырып жасалған әрекет қылмыс болып есептеледі. Ол үшін жауапқа тартылу керек. Кез келген мемлекеттің ұстанымы осылай. Тұрмыстың төмендігі қылмыс жасайтындар үшін жақсы сылтау. Әйтпегенде, қазіргі қоғамда жағдайы жақсыларға қарағанда үйсіз-күйсіз жүргендер көп. Бірақ жағдайы жоқтық қылмысқа апарар жол емес. «Біз әрбір істі жеке-жеке қараймыз. Кісі өлімі болатын қылмыстарда «қорғаныс мақсатында қол жұмсаған» деп айтылады. Бірақ бұл теория. Ал біз оған заң тармақтарына қарап, бөлігі бойынша баға береміз. Өз тәжірибемде қорғанамын деп күйеуіне пышақ салып, өлтіріп қойған әйелдің ісі қаралды. Өзін қорғау үшін қылмысқа барғанын ешкім жоққа шығармайды. Бірақ әрекеттің салдарынан адам өлімі болып тұр. Сол үшін жазалануы тиіс. Жазалану барысында ол күйеуін қасақана өлтірейін деді ме, әлде абайсызда болды ма, оның әрекетін жеке-жеке саралаймыз. Кейбір кезде «байқаусызда жасадым» дегенімен, оның әрекетінде адамды өлтіруге деген ниеті байқалады. Бірнеше жылға сотталайын деп тұрған адам «мен кінәлімін» деп ешқашан айтпайды. Адам тағдырына төрелік жасау қиын нәрсе», – дейді судья Қыдырбек Әлқожаев.

Былтыр Алматы облысында талай жыл жуан жұдырықтың астында қалған әйел кезекті тепкінің үстінде өз күйеуін өлтіріп қойды. Көршілері күдіктінің бірнеше жыл бойы күйеуінің тепкісін көргенін, тіпті учаскелік полицейлер де хабары бар екенін айтты. Шыдамы таусылған шарасыз әйелдің артында аңырап балалары, ата-анасы қалды. Бұл жағдайда қылмыстың болуына қорғансыз келіншек қана емес, тиісті деңгейде жұмыс істемеген құқық қорғау қызметкерлері де жауапты.

Балалы болудың балама жолдары

(Басы 1-бетте)

ӘЙЕЛІНІҢ ҚҰРСАҒЫН САТАТЫН ЕРКЕКТЕР БАР

Қоғам белсендісі, алматылық психолог Эвелина Мадзигон «ұлттық заңнамада бедеулікті емдеуді қалқан етіп, нағыз сәби саудасына жол ашатын қауіпті нормалар бар» деп есептейді.

«Қазақстанда кейінгі кездері бедеу жұптар тым көбейіп кетті. Бұл расында, шешімін іздеп, табылуы тиіс проблема. Алайда оны емдеу орнына шенеуніктер қосалқы репродуктивтілік технологиялары (ҚРТ) дегенді заңдастырды. Әрине, бұл жаңа дүние емес, Қазақстанда ҚРТ дәуірі 1995 жылы туды, сонда Алматыдағы қалалық адам репродукциясы орталығында ЭКҰ жүргізетін тұңғыш зертхана ашылды. Бір жылдан соң жатырдан тыс, in vitro, халық айтатындай, колбада ұрықтандырылған бірінші сәби дүниеге келді. Бүгінде республикада ЭКҰ-ның 26 орталығы жұмыс істейді. Оның басым көпшілігі – 21-і жекеменшік. Бұлардың бәрі суррогат аналарды ұрықтандыру қызметін көрсетеді», – дейді сарапшы.

Қазір Қазақстанда «пробиркада ұрықтандырылған» 22 500-ден астам бала бар көрінеді. Дегенмен оның қаншасы туа сала анасынан тартып алынып, тапсырыс берушілерге табысталғаны белгісіз. Бірден айта кетелік, халықтың басын көбейтуге үлес қосатын ЭКҰ бағдарламасына сарапшылардың еш қарсылығы жоқ. Ол аса пайдалы, тиімді технология. Мәселе соны өз мақсатына пайдаланатын «суррогат аналық» құбылысының қылмыспен астасып жатуында болса керек.

Бүгінде АҚШ (кейбір штаттарында), Франция, Германия, Аустрия, Норвегия, Швеция секілді дамыған елдерде суррогат аналыққа тыйым салынған, олар оны «адам саудасының, соның ішінде әйел мен бала саудасының бір түрі» деп қабылдайды. Себебі ол балаларды тауарға айналдырады, ал әйелді тірі инкубаторға теңестіреді. Бұл күреске адам құқығын қорғаушы ұйымдар сыртында, қаптаған феминистік қозғалыстар жұмылуда. Феминистер байламынша, суррогат аналық «сутенерлікпен» ұқсас: екеуі де ақшаға әйелдің тәнін эксплуатациялауды қарастырады.

«Үрейлісі сол, құрсақ ана құбылысы Қазақстанда кең қанат жайған сайын ол аналар институтына жойқын соққы береді. Суррогат ана болған әйелдер одан психологиялық және физиологиялық зардап шеккенін, өзін адам емес, ана емес, әлдекімнің тілегіне арналған жай ғана бос құтыдай сезінетінін айтып, жылайды. Бауыр етіне айналған баласынан осылай айырылған әйелдер өзін сыйлаудан қалады, күн сайын жанын жегідей жеген азаптан құтылу үшін өзіне-өзі қол салуы ықтимал. Қынжылтатыны сол, өз клиенттері үшін құрсақ ана іздейтін агенттіктер бұдан қандай зардапзалал барын түсіндірмейді. 9 ай ішінде мол қаражатқа кенелесіз деп қызықтырады. Әйелдердің көбі бұған тұрмысы төмен болғандықтан, ақша жоқтықтан, білімсіздіктен, өзіне деген құрметтің аздығынан барады. Кейбірін туыстары соған итермелейді. Зорлық көрсетіп, әйелін осылай сататын еркектер де бар», – дейді психолог.

ҚҰРСАҚ АНАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ БАРЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰПИЯ

Мамандардың айтуынша, суррогат аналықтың әйелге зияны жетерлік. Біріншіден, ЭКҰ-ның, жүктіліктің және бала туудың біраз салмақты тәуекелі бар. Туу үстінде қайтыс болып кетуі де жоққа шығарылмайды, өзара келісім-шартта қарастырылады. Екіншіден, егер құрсақ ана кеміс, сал бөбекті дүниеге әкелсе, балаға тапсырыс берген тарап одан бас тартуы мүмкін. Мұндай жағдайда суррогат ана ауру баланы өзі бауға мәжбүр болады, басына түскен қиындықпен жалғыз қалады.

Үшіншісі және аса салмақтысы – психологиялық жарақат. Бөтеннің баласын көтеріп жүргенін о бастан түсінгенімен, 9 ай толғату кезінде ана перзентпен біте қабысып кетеді, олардың арасында көзге көрінбес байланыстың алтын тіні орнайды. Кейін ол баланы өзгелердің тартып алуы әйелге жүрегінің бір бөлігін жұлып алғандай әсер етеді, психологтердің тілімен айтқанда, диссоциация симптомдары пайда болады. Баланы ойлаған сайын омырауынан ақ сүті бөлінеді. Әйелдердің өз бойындағы аналық сезімдерін күштеп басуы ақыры кейбірінің шизофренияға ұшырауына соқтыратын көрінеді.

Үкімет мүшелеріне жүгінген қоғам белсенділері «құрсақ аналар туған балалар ізінше қылмыстық жолдармен шетелге шығарылмай ма?» деп алаңдады. Егер мұндай болжам расталса, Денсаулық кодексінің осы нормалары еліміздің балалардың халықаралық қылмыстық саудасына тартылуына жағдай түзеді, еліміздің ұлттық және биологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Мемлекетіміздің халықаралық деңгейде беделін түсіруі мүмкін.

Сондықтан билікке үндеу жасаған қоғам өкілдері біріншіден, суррогат аналар өмірге әкелген балалардың қайда жүргенін тексеріп, олардың шетелге шығарылғанын, жалғызбасты еркектерге, біржынысты отбасыларға берілгенін анықтауды сұрады. Екіншіден, елде суррогат ана қызметін ақылы көрсетуге тыйым салуды ұсынды. Үшіншіден, құрсақ аналар туған балалар кәмелетке толғанша, олардың ресми есебін жүргізу қажеті айтылды. Төртіншіден, жатжұрттық азаматтарға қазақстандық әйелдерді құрсақ ана ретінде жалдауына тыйым салған жөн.

Қоғам өкілдерін алаңдатқан мәселеге Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын қорғау департаменті түсініктеме берді.

«Суррогат ана, тапсырыс беруші және ҚРТ орындаушы медициналық ұйым арасында құпиялықты сақтау мақсатында Азаматтық кодекс талаптарына сәйкес жазбаша түрде келісім бекітіледі. Осыған байланысты суррогат аналардан туған балаларға қатысты барлық ақпарат құпия, конфиденциалды» деп мәлімдеді департамент.

Қазақстанның репродуктивті медицина қауымдастығының (КАРМ) дерегінше, республикамызда жыл сайын 220-ға дейін суррогаттық аналық бағдарламасы жүзеге асырылады. Бұл ретте тапсырыс берушілердің некеде тұрған адамдар болуына мән берілетін көрінеді.

Қауымдастықтың мәліметінше, әзірге шетел азаматтары отандық клиникаларға қазақстандық аналардың жатырын «жалға алу» туралы ұсыныспен жүгінбеген. Ұлттық заңнамада шетелдіктердің қазақстандық суррогат ананы пайдалануына тыйым салынбаған. Егер ұсыныс түссе, клиникалар тек ерлі-зайыпты жұптарға ғана қызмет көрсете алады.

Бұл ретте туылған сәби шетелдіктің өз баласы болып есептелетіндіктен, бұл қазақстандық баланы шетелге әкету болып танылмайды.

Еліміздегі барлық репродуктивті денсаулық орталығының қызметі прокуратураның бақылауында. Экстракорпоральды ұрықтандыру клиникалары соңғы рет 2021 жылғы сәуірде тексеріліпті. Қорытындысында заңнаманы бұзу фактілері әшкереленбеген.

Елдос СЕНБАЙ

Электронды темекіні тұтынатындар көбейді

Қазір жастар арасында электронды темекі танымал. Орта жастағылар да «темекі тастауға көмектеседі» деген желеумен вейп сатып алып жүр. Әлеуметтік желіде де электронды темекіні жасырын жарнамалайтынын байқаймыз. Назар сала қалсаңыз, мұнда да «кәдімгі темекіге қарағанда вейптің зияны аз» деп баттитып жазып қояды. Бұл рас па? Нарколог-дәрігерлер не дейді?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ВЕЙПКЕ ҚҰМАР ЖАСТАР КӨП...

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған статистика бойынша, әлемде 1 млрд тұрғын темекі шегеді. Оның шамамен 80%-ы экономикасы төмен және орташа елдерде тұрады. Сондықтан олар электронды темекінің таралымын шектеуге үндеу жасады. Ұйым өкілдері электронды темекіні балалар мен жасөспірімдерге темекі және онымен байланысты салалардың өндірушілері сататынын хабарлады. Маңыздысы, олар осы жолда мыңдаған тартымды хош иістерді қолданып, жастардың назарын аударатынын алға тартады. Сол үшін ДСҰ мемлекеттерді темекіге қарсы тиісті саясатты қабылдауға, қоғамды электронды темекінің зиянынан қорғауға және олардың балаларға, жасөспірімдерге және басқа да осал топтарға таралуына жол бермеуге шақырды.

Жоғарыдағы мәліметке көз жүгіртіп жатып, көлікте бірге келе жатқан танысымның сөзіне қайран қалдым. Оның айтуынша, электронды темекі қарапайым темекіге қарағанда зиянсыз. Сол үшін темекінің осы түрін сатып алуды ойға алған. Әзірге қандай түрін алатынын нақты шешпеген.

«Темекі шеккеніме биыл 8 жыл. Тастағым-ақ келеді, бірақ жігерім жетпей жүр. Жақында Алматыға бара жатқанымда бірге келген жолаушы электронды темекісін тартып көруіме болатынын айтты. Көп ойланбай, байқап көрдім. Иісі жоқ, жеңіл екен. Иә, қарапайым темекідей ләззат сыйламайтыны тағы бар. Вейпін ұсынған кісі бұл темекі түрінің шылымға қарағанда зиянсыз екенін, кейбіріне темекі тастауға көмектесетінін айтты. Содан бері вейп сатып алуға аңсарым ауып жүр», – дейді елорда тұрғыны Абылайхан Маратұлы.

Иә, электронды темекі жастар арасында жоғарыдағы пункт бойынша сұраныста екен. Жастар дейміз-ау, мектеп жасындағы балалар да вейп сатып алып жүр. «Бұл қалай деп?» таңырқаған болсаңыз, әлеуметтік желідегі парақшалар мен Olx сайты арқылы іздеп көріңіз. Бағасы 3 мың теңгеден бастап, 27 мың теңгеге дейін жетеді. Тіпті, бұдан да қымбат тұратын түрлері болуы мүмкін. Қазір дүкен сөрелеріндегі темекі бағасы 540-1 300 теңге екенін ескерсек, электронды темекіні сатып алуды кез келгеннің қалтасы көтермейтіні тағы бар.

Басты мәселе бағада емес, құрамында болып тұр. Көпшілік вейп құрамында тек хош иістендіргіш аэрозоль бар деп ойлайды. Нарколог-дәрігерлер болса, электронды темекіде хош иістендірілген сұйық пропиленгликоль мен глицерин май мен никотинді аэрозоль барын айтады. Нарықта никотині жоқ вейп түрлері де бар. Жасөспірімдер осы кейінгі түріне қызығып, артынша никотині бар вейп сатып алуға көшеді екен.

ЗИЯНЫ ҚАНДАЙ ДЕСЕҢІЗ

Жоғарыда жазғанымыздай, қоғамда «электронды темекі шылымнан қарағанда зиянсыз» деген жаңсақ пікір бар. Жақында Қырым федералды университеті ғалымдары электронды темекі буы өкпе тінін бұзатынын дәлелдеп шықты. Никотині жоқ құрылғы да адам ағзасына айтарлықтай зиянын тигізеді екен. Олар жүргізген зерттеу бойынша, егеуқұйрыққа вейп сұйықтығын берген. Осылайша, 40 күн ішінде егеуқұйрықтың өкпесі іри бастаған. Сол үшін мамандар электронды темекіге әуес болмауға шақырады.

Нұр-Сұлтан қалалық Психотерапия және наркология диспансерлік орталығының нарколог-дәрігері Тоқтар Қойшыбеков те электронды темекінің зиянын сан мәрте айтып жүр. Мәселен, маман пропиленгликоль мен глицерин майы қызып, тыныс алу жолдарынан өтіп, өкпеге жетпей тұрып қалатынын алға тартады. Артынша бұл тыныс алу жолдарын жауып, өкпеге ауа жетуін тежейді. Салдарынан өкпе дертіне шалдығу көбейеді. Одан бөлек, кейбір мамандар электронды темекі құрамында формальдегид барын, бұл химиялық элемент ағзаға түскесін бауырда жиналатынын жазады. Олардың айтуынша, вейп құрамындағы улы заттың тәтті болуы тәуелділікке әкеледі. Сол үшін «электронды темекі шылым шегуді тастауға көмектеседі» деу қате пікір екенін түсінген жөн.

«Қалай болған күнде де, электронды темекі шылымға қарағанда зиянсыз деуге болмайды. Оның құрамында пропиленгликоль, глицерин, никотин бар. Осылайша, өкпеге газ емес, майлы сұйықтық түседі. Ол ерімейді, әсерінен өкпені зақымдайды. Темекі индустриясы жасөспірімдерді «вейп зиянсыз» деп сендіріп отыр. Сондықтан олар шылымды электронды темекіге алмастырады. Статистикалық мәліметтер елімізде халықтың 2%-ы вейп қолданатынын айтады. Меніңше, бұл статистика дұрыс емес. Өйткені жасөспірімдерден сауалнама алсаңыз, олар «темекі шекпейміз» деп жазып береді. Шынтуайтына келгенде, өздері шылым шегеді, вейп сатып алады», – дейді «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық қозғалысының жетекшісі Жәмилә Жеңісқызы.

Әлемдік ұйымдар электронды темекімен күреске барынша назар аударуды сұрап жатқанын білеміз. Осы тұста еліміздегі темекі шегуге қарсы ұлттық қозғалыс өкілдері «Халық денсаулығы» кодексінде электронды темекіні шылыммен теңестіруге қол жеткізген. Бұл өз кезегінде темекі тауарын сататын орында вейптің де перде астына жасырылуын, құрамында не барын ашық жазуды талап ете алады. Сондай-ақ елімізде электронды темекіні қоғамдық орында шегуге тыйым салынған. Егер біреудің көпшілік орында вейп пайдаланғанын көре қалсаңыз, әрекеті үшін айыппұл арқалайтынын ескерте аласыз.

Қоғамдық денсаулықты нығайту орталығы жариялаған үнпарақта да шылым шегуді тастау үшін электронды темекіге жүгіру қате екені жазылған. Орталық сарапшылары темекі тартуды тастау үшін бірнеше әдіс барын айтады. Мысалы, «суық индейка», мінез-құлық терапиясы, никотинді алмастыру терапиясы мен аралас терапияны бірге алып жүру керек. Қызығы сол, мамандар темекі тартқыңыз келгенде сағыз шайнауды әдетке айналдыруға кеңес береді.

XXI ғасырдың басында басталған электронды темекі өндірісі қазір кең етек жайған. 466-дан астам түрі әлемнің түкпір-түкпірінде сатылымда тұр. Мысалы, 2005 жылы әлемде бір ғана вейп өндіретін зауыт болса, бүгінде жалпы саны 460-тан асқан. Сондықтан да ДСҰ электронды темекінің таралымын шектеуге шақырып жатыр. Соның ішінде елімізде де мамандар мен ұйым өкілдері жасөспірімдер мен жастар арасында электронды темекінің зиянын барынша насихаттап жүр. Әрине, бұған назар салып тыңдар құймақұлақтар табылса-шы...

Шымкентте эпидахуал күрделі. Сол себептен болса керек, Шымкент бас мемлекеттік санитар дәрігер шектеу шараларын күшейткен 5 қаланың ішіне еніп тұр.

Пандемия тойхана бизнесіне өзгеріс енгізді

Қалалық Жедел жәрдем стансасына бір тәулікте 3 000-ға жуық қоңырау түскен. Жұқпалы аурулар ауруханасында 345 науқас пневмония және коронавирустың дельта штамымен ауырып жатыр. Қалалық жедел жәрдем стансасының бас дәрігері Гүлнәр Құрманбекова елдегі, айналасындағы ауыр жағдайларға қарамастан той-томалақты тоқтатпай отырған ағайынға реніші бар екенін айтты.

ТОЙХАНАЛАР НАРЫҚТАН ШЫҚТЫ МА?

Той демекші, «той – Құдайдың қазынасы» деп білген қазақ әзірге одан бас тартар емес. Қонақтары тойхананың есігінен болмаса да тесігінен кірген талай тойдың куәсі болдық. Алайда жасыратыны жоқ, тойхана бизнесі едәуір құлдырады. Тойханада тығылып той жасағанымен, бұрынғыдай көл-көсір, аста-төк тойдың дәурені өтті. 500-1 000 адамға дейін барлық салтанат шараларымен, жөн-жоралғысымен өтетін жиынның болмағанына бір жарым жылдан асып қалды. Иә, біраз етек-жеңімізді жинап, қаржы үнемделіп-ақ қалды. Дегенмен жоғарыда айтып өткендей, 100-150 адамға шамалап шағын той өткізіп жатқандар жоқ емес. Дәл мұндай сарынмен тойхана әкімшісі аса пайдаға кенеле қоймасы анық. Қалыпты жағдайға көшіп қалармыз деген үмітпен сабыр сақтап күтіп-ақ келеді.

Жалпы, той бизнесі дамыған үшінші мегаполисте 100-ден астам мейрамхана бизнесі болса, 300-ге жуық тойхана бар. Қалалық Салық департаментінің мамандары бүгінде шағын және орта бизнеске 3 жылға дейін мораторий жарияланғанын, сол себепті той бизнесі жүріп тұрған күнде де олардан мемлекет қоржынына тиын түспейтінін айтады. Шымкент қаласындағы 72 мың кәсіпкерлік нысанның 60 пайызы қызмет көрсетумен айналысады екен. Яғни, олардың барлығы да шағын және орта бизнес түріне кіреді. Жалпы, қаламыздағы 50 мыңнан астам кәсіпкерлік субъекті 5,8 млрд теңге болатын салықтан жеңілдік алған.

Енді бір қарыс жер қымбат болып тұрған заманда даңғарадай тойхана ғимаратының ештеңеге жарамай қаңырап бос тұруы да жөнсіз. Әрине, әшекейлермен көмкеріліп салынған зәулім тойхана ғимаратын басқа мақсаттарға жұмсай салу кәсіпкерге оңай тие қоймасы анық. Бірақ пандемия жағдайының өмір салтымызға дендеп кіріп алғанын мойындауға да тура келеді. Енді тойхана иелері ғимараттарын әртараптандыру жағын қарас-тырып жатыр. Ал жалпы тойхана ғимаратын салу кілт тоқтады. Ескі тойханалар нарықтан шығып, ғимаратын басқа бағыттарға пайдалана бастағандар да бар. Оны «Оңтүстік қабылдау үйі» деп аталатын салтанат сарайының жекеменшік мектепке айналып кеткенінен де байқауға болады. Жалпы, айтпағымыз тойхана иелері енді қанша жерден бір кездегідей табысымыздан қағылдық деп әкімдіктің алдына шығып, наразылық шеруін жасаса да, бұл бизнестің тұралағаны айдан анық.

ASHYQ ЖОБАСЫ ТОЙ-ЖИЫН ӨТКІЗУГЕ КӨМЕКТЕСЕ АЛА МА?

Алайда бүгінде той-томалақ болмаса да, Ashyq мобильді қосымшасын іске қосқан кәсіпкерлік нысандарға кішігірім іс-шараларға рұқсат берілген.

Пандемия кезінде бизнесі тұралап қалған кәсіп иелеріне бұл жобаның тиімділігі зор. Бүгінде Шымкент қаласында Ashyq жобасына 938 нысан енген. Бұл туралы қаланың бас санитар дәрігері Әбдіманап Төлебаев атап өтті. Ashyq жобасына қатысушы нысандарға барып QR коды арқылы «қызыл» және «сары» статуспен анықталған жеке тұлғалар бойынша 454 хабарлама түскен. Анықталған 363 тұлғаның 135-іне «қызыл», 228-іне «сары» статусты көрсеткен. Оларға 14 күндік үй карантинін сақтау керегі туралы хабарлама беріліп, «сары» статуспен анықталған тұлғаларға санитарлық-эпидемиялық шараларды орындау туралы қаулы шығарылыпты. Ал мұндай статустары бар 91 адам басқа облыстардан келген екен. Бұдан бөлек, карантин режимін сақтамай «қызыл» мәртебесімен анықталған 33 жеке тұлғаға 1 429 330 теңгеге айыппұл салыныпты.

Жаңа қаулы бойынша, Ashyq-қа қатыспайтын барлық кәсіпорын мен ұйымның қызметі тоқтайды.

Шымкент қаласы аумағында жыл басынан бері карантин режимін бұзған 21 мекеменің жұмысы сот шешімімен 1 айға тоқтатылған. Сонымен қатар аудандық мобильді топтармен 60 566 нысанға тексеру жүргізіліп, шектеу шараларын бұзған 2 046 тұлғаға 131 млн теңге көлемінде айыппұл салынған. Осынау айыппұл арқалап, сот шешімімен жұмысын тоқтатқан мекемелердің басым бөлігі тойханалар екені белгілі.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Жастарға жаңа заң керек

Еліміздің мемлекеттік жастар саясатының жаңа даму кезеңі 2015 жылдан бастау алады. Осы жылы ақпан айында «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа заң қабылданған болатын. Ал биыл осы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Соның ішінде жастардың орта жасын 35-ке дейін ұлғайту туралы да ұсыныс бар. Егер мақұлданатын болса, онда елімізде жастардың үлесі көбеймек. Әзірге, Қазақстан халқының жалпы санының 20,2%-ы – жастар.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Жастар – ел дамуы мен болашағының стратегиялық ресурсы. Сол себепті мұндағы саясаттың негізгі дивиденті болашаққа құйған капиталмен бірдей. Елімізде жастарға арналған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты – жастардың рухани, мәдени дамуы, білім алуы, кәсіби біліктілігінің артуы, физикалық тұрғыдан толыққанды дамуы, құқығының қорғалуы, заңды мүддесінің жоғары тұруы, шешім қабылдау процестеріне атсалысуы, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайын көтеру. Сондай-ақ жастар саясатының басым қағидаттарына конфессияаралық келісім және этносаралық толеранттылық, ұрпақ сабақтастығы, отбасындағы тәрбие кіреді. Мемлекет бірінші кезекте жастардың сапалы білім алуын, денсаулығын сақтауды, жұмыспен қамтуды, кәсіпкерлікпен айналысуын, тұрақты баспанамен қамтылуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие алуын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруын, мәдени демалысқа баулуды және талантты жастарға көмек беруді приоритетті бағытта қарастырады.

Осы ретте 2015 жылы басталған жаңаша тарих 2016 жылы «Қазақстан –2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының екінші кезеңін іске асырумен жалғасты. 2018 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастарға жаңа мүмкіндіктер сыйлаған «Бес әлеуметтік бастаманы» іске қосты. Сондай-ақ осы жылғы 5 қазандағы Жолдауында Елбасы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Атаулы жыл аясында «Жол картасы» іске асты. Ал 2020 жылдың «Волонтерлер жылы» болып жариялануы жастар жылының жалғасы іспетті болды. Осы жылы «Қазастан – 2020: Болашаққа бағдар» мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы толықтай іске асты.

СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР КЕЗЕҢІ

2020 жылдың қорытындысы бойынша, мемлекеттік қолдау шаралары бір миллионнан астам жасты қамтыды. Бір жылда жастар арасында тұрмыстық-туыстық құндылықтарды нығайту және отбасы институтын дамытуға бағытталған 22 әлеуметтік маңызы бар жоба іске асты. Жалпы алғанда, онлайн форматта екі жүзден астам іс-шара ұйымдастырылды. Жаңа форматқа қарамастан жоба 300 мыңнан астам адамды қамтыды.

Сонымен қатар 2020 жылдың сәуірінен бастап 209 жастар ресурстық орталығы іске кірісті. Бір жылда орталықта 600 мыңнан астам азамат кеңес алды. Көптеген мемлекеттік бағдарламаға қатысуға мүмкіндік бар екенін білді. Соның бірі – «Еңбек» бағдарламасы. Жұмысқа тұруға бағытталған бұл бағдарламаға қатысқандардың 33%-ы жастар екен. 2020 жылы бағдарламаға қатысушылар қатарына 145 мың жас азамат қосылып, соның ішінде 135 мыңға жуық адам жұмысқа орналасты. Бұл бағдарлама бес жылға арналған. 2017-2021 жылдар арасында ниетті адамдар мемлекет ұсынған осы мүмкіндікті пайдалана алады. Бағдарлама аясында орман және балық шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік, құрылыс, көтерме және бөлшек сауда, тамақтану, қызмет көрсету, білім беру саласында жұмыстар ұсынылады. Сондай-ақ осы бағдарлама бойынша «Тегін техникалық және кәсіптік білім беру» жобасы жүзеге асып жатыр. Ол жерде 9 немесе 11-сыныптан кейін оқуын жалғастыра алмаған мектеп түлектері тегін оқи алады. Бүгінде бұл жобада 60 мыңға жуық адам білім алып жатыр.

Жастар саясаты аясында кәсіпкер болғысы келетін жастарға да жағдай жасалып жатыр. Осы кезеңде 5,3 мың адам «Бастау-бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқыған болса, олардың ішінде 942 адам өз ісін ашып, 1,2 мың адам шағын несие алған.

Жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесі де кейінгі жылдары қызу талқыланып жүрген тақырып. Соған байланысты Қазақстанда экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған «Жасыл ел» жобасы іске асып жатыр. Республиканың 14 облысында, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында «Жасыл ел» өңірлік штабтары жұмыс істейді. 2020 жылы 11 632 адам «Жасыл ел» бойынша маусымдық әлеуметтік жұмысқа орналасты.

Сонымен қатар ауылға білікті мамандарды жіберу мәселесі де мемлекет назарынан тыс қалмай келеді. Ол үшін «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы жүйелі түрде жас мамандарды ауылдық жерлерге жіберуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл бағдарлама басталғалы Қазақстанда 70 мыңға жуық адам оқуды аяқтаған соң ауылға барып жұмыс істеп жатыр.

Мемлекеттің жастардың білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін іске қосқан жобасының бірі – «Серпін» бағдарламасы. Қарқынды жүріп жатқан бағдарлама аясында Білім және ғылым министрлігі қамтылған мамандықтар тізімін кеңейтті. Оған денсаулық сақтау саласы бойынша да мамандықтар қосылады. Ол бір жағынан жастардың сапалы жоғары білім алуына жағдай жасаса, екінші жағынан солтүстік өңірге оңтүстік аймақтың жастарын жіберіп, ол аймақта қызмет етуіне серпін береді. Ал бұл бағдарлама бойынша жыл сайын бес мың грант бөлінеді.

ЖАҢА ЖОСПАРМЕН БАСТАЛҒАН ЖЫЛ

Енді биыл Мемлекеттік жастар саясатын дамыту мен қолдауға бағытталған 2021-2025 жылдарға арналған Республикалық кешенді жоспар бекітіліп, жүзеге асып жатыр. Онда жастарды қолдау бойынша 9 бағыт айқындалған. Одан бөлек, жастарды қолдау жөніндегі институционалды база құрылды. Оның ішінде 209 өңірлік жастар ресурстық орталығы, 218 өңірлік жастар ісі жөніндегі кеңес, кәсіпорын, жоғары оқу орындарында, колледждерде 897 жастар ісі жөніндегі комитет жұмыс істеп тұр. Жастардың арасындағы өзекті мәселелер: тұрғын үй мәселесі, жұмысқа орналасу және қолжетімді әрі сапалы білім алу. Осы мәселелерді шешу мақсатында ақпан-наурыз аралығында әр өңірдің даму ерекшелігі ескеріліп, жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту тақырыбы бойынша онлайн форматта қоғамдық тыңдаулар өтті. Оларға мыңдаған жас азаматтар қатысты.

Жастар саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» ұлттық жобасы әзірленіп жатыр. Бұл жоба аясында жастар даму индексін әзірлеу және оны аймақтарда дамыту, талантты жастарға «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Мұның бәрі 2021 жылдың соңына дейін жүзеге асады деп жоспарланып отыр.

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Қуаңшылық Ақмолаға зардабын тигізді

Елдегі астықты алқаптың бірі Ақмола облысында биылғы қуаңшылық алаңдатып тұр. Қауызына сыймай баданадай болып пісетін бидайдың биыл бойлары аласа, масағы сиреген. Жерді емген диқандардың сепкен дәні шықпай, ал шыққанының көп бөлігі ыстықтан күйіп кеткен. Бұдан бөлек, ашық алаңдардағы шабындық шөп те шықпай қалған.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Күнкөрісінің негізі мал мен егінге тірелген ауыл халқының жағдайы қиын. Шығынға шаш етектен батып, еңбегі еш кеткендердің қатары қалың. Мамандар астықтың шықпай қалуының бірнеше себебін айтты. Әсіресе, нағыз жауын қажет болған мамыр және маусым айларында мүлде тамбай егін көгермей жатып курап кеткен. Жауын-шашынның аз болғаны соншалық, облыс бойынша 34 мың гектардан астам егістік жер тақыр-таза қалған...

ЕГІН АЗ, ШӨП СҰЙЫҚ...

Облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл облыста 5 миллион гектардан астам алқапқа егін егілген. Оның ішінде 4,5 миллион гектарға дәнді-дақылдар себіліпті. Алайда ауа райының тым ысып, қуаңшылықтың қос өкпеден қысуы топырағы құнарлы жерлердің өзін қуратып жіберген. Әсіресе, өңірдің ірі астықты аймақтарының ішіндегі көштің басы саналатын Жақсы, Жарқайың, Есіл және Атбасар аудандарындағы шаруалардың жағдайы мүшкіл. Ұсақ шаруа қожалықтарын айтпағанда, талайдан бері мыңдаған гектарға егін сепкен ірі серіктестіктер де қиналып отыр.

«Биылғы қуаңшылық егінге қатты әсер етті. Жалпы, 25 мың гектардан астам жерге егін еккенбіз. Жылда шамамен гектарына 15 центнерден өнім алатынбыз. Биыл егіннің түсімі болмайын деп тұр. Шамамен ары кетсе 8-10 центнерден аспайды-ау. Оған қоса, малға шөп дайындау да қиынға түсіп тұр. Шөп сұйылып кеткен. Қазір шөпті жүз шақырымнан асатын жерден шауып әкеліп жатырмыз. Маңайдағы бұрын қалың шығатын жерлердің бәрі қу тақыр. 2 мың тонна шөпті әупірімдеп зорға жинадық. Әлі де осынша көлемде шөп қажет. Мың тоннасын халыққа береміз. Қиын болып тұр», – дейді Атбасар ауданы «Шуйское» ЖШС-ның басшысы Алтынбек Құрманқұлов.

Есіл ауданындағы шаруалар да қуаңшылықтың қу даланы қуартып жібергенін айтады. Жауынның сирек жауып, тіпті тамбай қалуынан егіннің көбі күйіп кеткен. Ал шыққан егіннің өнімділігі айтарлықтай төмен. Бойы аласа, тамырына су жетпегендіктен, сабағы қатып қалған егіннің өнімінің төмен болатынын есілдік шаруалар да болжап отыр. Мұнымен қоса, малға азық болатын шөптің де шықпауы ауылдағы шаруаларды алаңдата түскен.

БЫЛТЫРҒЫДАН 1,5 МИЛЛИОН ТОННАҒА ТӨМЕН...

Ал облыстың Ауыл шаруашылығы басқармасы қуаңшылықпен қоса егін мен шөптің шықпай қалуының бірнеше себебін атады.

«Биылғы жазғы қатты ыстық пен жауынның болмауынан 34 мың гектардан астам егістік алқаптары мүлде шықпай қалды. Оның үстіне, киіктер көбейіп, 70-80 мың гектар егін алқабы тапталып қалды. Әсіресе, Қорғалжын, Атбасар, Егіндікөл және Жақсы аудандарындағы шаруалардың егіні көп зардап шекті. Жылда облыста орташа есеппен гектарына 11,6 центнерден айналып, 5 миллион тоннадан астам өнім алатынбыз. Ал биылғы болжамға сәйкес, өнім көлемі 7,5 центнерден, ал жалпы 3,5 миллион тоннадай астық жиналады деп болжап отырмыз. Алдағы аптада ауыл шаруашылығының бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров, одан кейін Үкімет басшысы Асқар Мамин келеді. Осыдан кейін мәселенің бір шешімі болар деп күтіп отырмыз», – дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

ЕГІСТІКТІҢ 7 ПАЙЫЗЫ КҮЙІП КЕТТІ

Басқарманың берген деректері бойынша статистиканы сөйлетсек... Жауын-шашын аса қажет мамыр-маусым айларында 13,1 мм-ден 19,1 мм-ге дейін ғана жауған. Бұл өңірдегі қажетті орташа жылдық мөлшерден 2 есе төмен. Ал осыған дейін орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 34-35 мм-ден кем болмаған. Қуаңшылықтың салдарынан 2,7 миллион гектар, яғни барлық егістік алқаптың 59,9 пайызы қанағаттанарлық жағдайға түссе, 318,6 мың гектары, яғни 7 пайызы ыстықтан күйіп кеткен. Сондай-ақ қуаңшылық майлы дақылдардың шығуына да кері әсер етіпті.

Ақмола облысы

Тараздың шет аймағы қараусыз жатыр

2000 жылдық тарихы бар Тараз қаласы кейінгі жылдары жасарғаны жасырын емес. Тасын түртсе, тарихы көрінетін шаһар өркениет көшіне ілесіп, заманауи үлгіде құлпыра түсті. Алайда қаланың орталығы бүтінделгенімен, шет аймақтарының бүлінгені көп болып тұр.

Саятхан САТЫЛҒАН

Мәселен, теміржолдың арғы бетінде (За линей) тұратын алқап та жол құрылысы қолға алынғанымен, аяқсыз қалып, бұқара жанайқайын білдірді. Сондай-ақ мұнда халық қарапайым дәріхана мен банкоматқа қол жеткізе алмай жүргеніне талай жылдың жүзі болған.

– «За линей» аталып кеткен аймақта дені зейнет жасындағы адамдар тұрады. Өткен жылдың тамыз айында Күншуаққа қарай баратын көшенің біріне асфальт жабындысы төселген болатын. Алайда құрылыс жұмыстары өте сапасыз жүргізілді. Оған қоса, жол құрылысы орта жолда тоқтап, осы күнге дейін аяқсыз тұр. Асфальт төселген жерінің өзі шұрқ тесік болып, топырағы бетіне шығып жатыр. Бұдан бөлек, мердігер екі көше қиылысатын жерді қазып, сол бойы қалпына келтірмей, шаң топалаңын шығарып кетті. Песчаный-2 бұрылысынан бастап шұжық цехының алдына дейінгі жердегі көшелердің жағдайы – осы. Басында бұл көшелердің барлығына асфальт төселеді деп еді, алайда сол бойы тас төсендіні көрмедік. Сондай-ақ кеңестік кезеңнен қалған көшелердің де бүтінінен бүлінген жері көп. Асфальт әр жерінен морт сынып, ортасына түсіп кеткен. Дәл осындай көшелер аудан орталығы түгілі шалғай ауылдарда жоқ шығар, сірә, – дейді Песчаный көшесі №52 үйдің тұрғыны Гүлсім Оспанова.

Жалпы, Абай көшесі Қарасу аялдамасынан Күншуаққа қарай кететін жол бойында №1,2,3-ші бұрылыс деп кететін көше көп. Олардың да ешқайсысына асфальт төселмеген. Жазда шаңы шығып жаса, көктемгі жауын-шашында балшығы езіліп жатады. Осы жолмен тұрғындар күнделікті жаяу жүруге мәжбүр. Өйткені жол болмағандықтан, мұнда қоғамдық көліктер кірмейді.

«Былтыр жол құрылысын бастаған мердігер не себепті құрылысты аяқсыз қалдырып кеткенін ешкім түсіндірмейді. Неге сол серіктестікті шақырып, жергілікті билік жауапкершілікке тартпайды? – дейді Гүлсім Оспанова.

Жол жырынан бөлек Жалпақтөбеге дейін жалғасып жатқан бұл аумақтағы тұрғындардың жанына дәріхана мен банкоматтың жоқтығы да батып тұр.

– Жолдың жайын айта-айта шаршадық. Жасым жетпісті алқымдап қалғандықтан, Абай көшесіндегі аялдамаға дейін 1 сағат жүріп, әзер жетемін. Жаяу жүргеннен аяғым ауырып, балтырым сыздап, кешке тұра алмай жатып қаламын. Оған қоса, біз жақта қоқысты күнделікті алып кетпейді. Ақшасын ай сайын төлеп отырсақ та, желмен ұшып, көшеге шашылмағанша қоқысты ешкім жинамайды.

Округке бекітілген әкімдік инспекторын да танымаймыз. Себебі ол халықпен кездесіп, жұмыс істемейді. Ал егер ауырып қалсақ, алқаптан дәріхана таппай сандаламыз. Зейнетақымызды алатын банкомат та жоқ. Содан қайта сағаттап аялдамаға жаяу жүріп, қалаға қатынауымызға тура келеді. Ең болмаса жолды асфальттауды бастаған мердігер өз жұмысын тиісті деңгейде аяқтаса, көшемізге қоғамдық көлік кіріп, бұлай қиналмас па едік, – дейді аудан тұрғыны Любовь Баклова.

Тұрғындардың көкейіндегісін естігеннен кейін жосықсыз мердігерге іздеу салып, Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің есігін қақтық.

– Бұл былтыр бес жолдың жөндеу жұмыстарын жеңіп алған мердігердің ісі болып тұр. Біз қазір серіктестікті сотқа беріп жатырмыз. Сот шешімі шықпай, ештеңе істей алмаймыз.

«Жандос и К» ЖШС жоспарлы жұмыстың 30 пайызын жасады да, қалғанын аяқсыз тастап кетті. Мердігердің аталған көшеден бөлек облыс бойынша жасап кеткен былықтары да аз емес. Сондықтан біз жосықсыз мердігерді сотқа беріп, жауапкершілікке шақырып жатырмыз. Сот өкімі шыққаннан кейін құрылысы аяқсыз қалған көшенің мәселесін қайта қараймыз, – дейді тұрғын-жай коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Зият Тұрсынұлы.

Ал дәріхана мен банкомат мәселесіне қала әкімдігі қатысы жоқ екенін айтады. Дәріхананы ашу үшін жеке кәсіпкер ниет танытуы керек. Банкоматты банк тиімді деп тапса ғана орнатады екен. Сондықтан бұл мәселе бүгін-ертең шешіледі деп айту қиын. Сондай-ақ теміржолдың арғы бетіндегі тұрғындарға сот шешімі шыққанға дейін топырағы бетіне шығып, шаңы көтеріліп жатқан жолмен жүруіне тура келеді.

Жамбыл облысы

Солтүстіктегі субсидия: бергенін қайтып алады

Шаруалар үшін мемлекеттік субсидия алу қиын іс. Бөлінген қаржыға қол жеткізуде кедергі көп, дегенмен алған ақшаны іске жаратқан соң да машақаты біте қоймайды. Солтүстік Қазақстанда субсидияны қайтарып беруге мәжбүр болып отырғандар бар.

Роза ШӘКЕН

Субсидияны мемлекетке кері қайтаруға мәжбүр болған шаруашылықтардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Пеньково ауылындағы «Қызылжарское» шаруа қожалығы. 2020 жылы күн батареяларын орнату үшін 20:80 пайыз үлесімен берілген субсидияның 5 млн теңгесін шаруашылық енді мемлекетке қайтарып беруге тиіс. Бас бухгалтер Ирина Митянина себебін түсінбей дал. Субсидияны алғаннан кейін аудандық прокуратура өкілдері оның мақсатты жұмсалғанын тексерген кезде еш олқылық таба алмапты. Ал қараша айында тексеріске кіріскен облыстық прокуратура «сыбайлас жемқорлық белгілері бар» деген қорытындыға келген. Бас есепшінің айтуынша, субсидиялау ережесінде күн батареяларының бағасы көрсетілмепті және шаруашылықтың елді мекеннен тыс аумақта 2 000 гектар жайылымдық жері болуы керек деген талап қойылған. Ал бұл шаруа қожалығының күн батареялары орнатылған ұңғымалары Пеньково ауылында орналасқан. «Кеңшар тараған кезде қалған ұңғымалар. 40 жылдан бері үрім-бұтағымызбен ауыл шаруашылығымен айналысып келеміз. Біз бел жазбай еңбек етіп, жер емген шаруа болғандықтан, қағаз жұмысына, тексеруші мекемелерге жүгіруге уақыт та таппаймыз. Ал күн батареялары қысы-жазы бізге өте қажет. Дауылды, боранды, жаңбырлы күндері ауылда жарық болмай қалады. Сол кезде сиыр сауға, мал жайлауға, төл алуға қараңғыда қиналмас үшін алып едік. Не үшін қайтаруымыз керек екенін түсінбеймін. Бізге субсидия берілген кезде басқа ереже болатын, кейін өзгеріс енгізілгеніне біз кінәлі емеспіз ғой» деп налиды Ирина Владимировна. Дәл осындай күн батареяларына субсидия алған шаруалардың саны облыста елуден асып жығылады. Солардың барлығы да қазір дәл осындай жағдайға тап болып, аңтарылып отыр. Ал облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасында осы мәселемен айналысқан маманға қатысты іс қозғалыпты.

ҮКІМЕТТІҢ АҚШАСЫНАН ҮМІТ ЖОҚ

Облыстағы белді шаруашылықтардың бірі «Мәмбетов және К» коммандиттік серіктестігінің директоры Еркебұлан Мәмбетов те жыл сайын, кейде жылына 2-3 рет заң мен ереже өзгере беретінін айтады. «Бізге тұрақтылық қажет. Ауыл шаруашылығында бір бағытты дамыту үшін кемінде 5 жыл керек. Сондықтан тым болмаса 4-5 жыл ережені өзгертпей тұра тұруға болмай ма? Шаруаның тіпті екі жоғары білімі болса да, енгізіліп жатқан өзгерістер мен толықтыруларды бақылап отыруға білімі де, уақыты да жетпейді. Ал қаптаған тексерістің мемлекетке пайдасынан зияны көп. Бұлайша біз ауыл шаруашылығын өркендете аламыз деп ойламаймын. Өз басым сол субсидиялардан күдерімді баяғыда үзгенмін. Оның берілетіні-берілмейтіні, қаржы қашан түсетіні белгісіз. Өз қаржыма ғана сенемін», – дейді ол.

Шаруалардан білгеніміздей, шынында да, қаржы қашан түсетіні беймәлім. Ол үшін бір адам Qoldau.kz және Plem.kz бағдарламасының «тамырын басып», күні-түні компьютер мониторына үңіліп отыруға мәжбүр. Уақытын өткізіп алса, екі сағаттан кейін ақша жоқ. Сондықтан Аққайың ауданындағы «Гагарин» ЖШС бас есепшісі Жанат Сәдуақасова субсидияны барлық шаруашылыққа егістік жерлердің аумағына қарай тең бөліп беруді ұсынады. «Бұл – нағыз «алауыздық алмасы» дер едім. Қаншама ұйқысыз түндер, күлкісіз күндер. Жүйкеміз әбден жұқарады. Барлық қиындықтан өтіп, ақыр аяғында ақпараттық жүйеден «Сіздің тапсырысыңызға қаржы жеткіліксіз» деген жауап алған кезде салымыз суға кетеді. Сондықтан билік басындағылар осы мәселеге назар аударып, сол қаржыны аз-аздан болса да, барлығына тең бөліп берсе, әділ болар еді», – дейді Жанат Серғазықызы.

«Субсидияға тапсырыс беру мерзімі басталғанын, қаржы түскен-түспегенін шаруаларға хабарлап отыруға біз міндетті емеспіз», – дейді Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасындағылар. Облыста 6 000-нан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші бар. Олардың барлығына бір мезгілде қоңырау шалып, құлағдар ету мүмкін емес. Әрі олардың барлығы бір мезгілде сайтқа кірсе, ақпараттық жүйе шыдас бермейді.

ЛИЦЕНЗИЯ ҚАЖЕТ ПЕ?

Тағы бір түйткіл – заңнамадағы ала-құлалық. Астық сақтауға арналған қоймасын кеңейту үшін субсидия алмақшы болған кәсіпкерден Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия талап етіпті. «Атамекен» облыстық кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің төрайымы Инесса Қуанованың айтуынша, Ауыл шаруашылығы министрі бекіткен субсидиялау ережесінде мұндай талап жоқ. Ал шенеуніктер «Астық туралы» заңның 13-бабын басшылыққа алып отырған көрінеді. Онда: «Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі жөніндегі қызметті лицензия негізінде астық қабылдау кәсіпорындары жүзеге асырады. Тиісті лицензиясы жоқ бірде-бір тұлға өз атауында, құжаттарында, хабарландырулары мен жарнамаларында «астық қабылдау кәсіпорны», «астық қоймасы», «астық қабылдау пункті», «элеватор» деген сөздерді немесе ол астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырады деп ұйғарылатын, солардан туындайтын сөздерді пайдалануға құқылы емес» делінген. Инесса Қуанованың айтуынша, кәсіпкер заңның бұл талабын бұзып отырған жоқ. «Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атауында «астық қоймасы», «элеватор» деген сөздер жазылмаған, астық қолхаттарын беруді даулап отырған жоқ. Кәсіпорын тек астық сақтаумен айналысады, ал ол үшін лицензия қажет емес», – дейді заңгер.

Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, өңірдегі 40 шақты агроөнеркәсіп субъектісінің ғана лицензиясы бар. Қалған 70-тен астамы лицензиясыз жұмыс істейді. Бірақ бәріне де субсидия керек.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ КӨП

Субсидияға қатысты осы және басқа да түйткілді мәселелерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет назар аудара бастады. «Соңғы бес жылда еліміз бойынша ауыл шаруашылығын қолдауға бюджеттен 1 трлн теңге бөлінді. Субсидия беру тетігі ашық емес әрі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім салалардың бірі. Фермерлердің көбі үмітін үзіп, субсидияны заңды түрде алуға болатынына сенуден қалған. Үнемі анықталып жатқан қылмыстық істер осыған дәлел», – дейді облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Жахин.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің орталық аппаратының өкілі, өңір бойынша жұмыс тобының үйлестірушісі Талғат Садинов бұл салада назар аударылуға тиіс бірнеше мәселені жіліктеп берді. Олар: қаржыны бөлудің нақты тетігі жоқ, алынған ақшаның мақсатты пайдаланылғанына жүргізілетін тексерістердің де нақты да ашық тетігі жасалмаған, ақпараттық жүйенің жұмысы нашар, құқықтық реттеу солқылдақ. Қолданыстағы заңнама бойынша, басшылар өз қалауымен шешім қабылдауға хақылы әрі оларға жауапкершілік артылмаған, бар жауапкершілік ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің мойнында. Ал ақпараттық жүйе жұмысында өтінімді қабылдау, мақұлдау немесе қабылдаудан бас тарту, жаңалықтардан құлақтандыру мәселелеріне қатысты кемшіліктер бар.

«Жалпы, елімізде цифрландыру адам факторын азайтып, дамуға тың серпін берсе, ауыл шаруашылығы саласында кері әсерге әкеліп соқтырғанын көріп отырмыз. Қосымша әкімшілік кедергілер пайда болды. Бұл жүйені баршаға түсінікті етіп қайта жасау керек. Тапсырыстардың интернет арқылы қабылдануының өзі тең мүмкіндік жасап отыр дей алмаймыз. Алдын ала талдау қорытындысы бойынша, біз субсидия берудің қолданыстағы тәжірибесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жетерлік, егжей-тегжейлі зерделеу мен жетілдіруді талап етеді деген қорытындыға келдік. Бұл жұмысты барлық түйткілді мәселелерді білетін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің көмегінсіз тиімді жүзеге асыру мүмкін емес», – деді Талғат Садинов.

Техникалық қателіктер неліктен өтінімді қайтаруға негіз болу керек? Субсидия көлеміне қажеттілік қалай анықталады? Неліктен бір маман көз майын тауысып күні-түні ақпараттық жүйені бақылап отыруы тиіс? Сұрақ көп. Сондықтан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері арасында анонимді сауалнама жүргізіліп жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет барлық шаруаларды оған белсене қатысуға шақырады.

Солтүстік Қазақстан облысы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».
Оспанхан Әубәкіров

АРА

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

№127

31.07.2021 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Кешегі Кеңес өкіметінің күркіреп тұрған кезі. Аудандық партия комитетінің нығыз нұсқаушысы даланың шаңын бұрқыратып, соңына шайтанның иіріміндей алақұйын ілестіріп қырқым пунктінің алдына келіп, екпіндей тұмсық тіреді.

Міне, ол қырқымшылардың саяси сауаттарының қаншалықты екенін сынап тұр. Кеңшар партия комитеті хатшысының жаны мұрнының ұшында.

-Алда қандай саяси науқан келе жатыр?-деп нығарлап сұрақ тастады ортаға ауданнан келген уәкіл.

Қырқымшылар қыртыңбай әңгіме мен әр шопандардан алып қалар арағынан басқа дым білмеуші еді. «Мынау не сұрап тұр?» дегендей бір-біріне көздерінің астымен қарады. Барлығы иықтарын қиқаң еткізді. Парткомның мандайынан тер моншақтады. Осы кезде

ІШІҢ БІЛСІҢ ӘЛУ-АЙ...

қырқым пунктінің алдына Сайлау деген шопыр шаңдатып келіп тоқтай қалмасы бар ма? Партком құтқарушы-періштесі келгендей қуанып қалды. Жалма-жан: «Әй, Сайлау, машинаңды әрі қой, мұнда өкілдер бар» деп айқай салды. Мұнысы қырқымшылар алда болатын сайлау науқанын естеріне түсірсін дегендегісі еді. Бірақ, күн сайын шаң жұтып, сол шаңды кетіру үшін у ішіп жүрген қырқымшылар қыңқ етпеді. Нұсқаушы дала еңбеккерлерінің саяси сауаттарының жоқтығына күйініп, жерге бір түкірді. Бұдан арғысы не болғанын ішіңіз сезіп отырған болар. Партком хатшысы аудандық партия комитетінің бюросында бұйраланып қайтты.

Қазір де саяси науқанды дұрыс өткізбесе, оның мемлекеттік мәнін еңбекші қауымға мағыналы мәністемесе талай мен деген мемқызметкер аттарынан ауып түсіп қалады. Сондықтан әкімқаралардың жаналқымға түсіп қиналатын науқандарының бірі-сайлау. Жалпы, біздің елде сайлаудың қаншалықты дәрежеде өтетінін тәжірибеден жақсы білеміз.

Сайлау алдында Алматы облысы,Қарасай ауданы, Қаратөбе ауылының тұрғындары мектеп алдына келіп шу шығарды. Олар ауылда газ, ауыз су жоқтығын, жолдардың жөнделмей жатқанын, интернет желісінің ұстамайтынын айтып шағымданды. Балалар бақшасы, медпункт жұмыстары көңіл көншітпейді. Бұрынғы әкім құрғақ уәдемен тұрғындарды мелдектете тойдырып бітіпті. №502 сайлау учаскесінің алдына жиналғандар «сайлауға қатыспаймыз» деп тұрып алды. Ендігі бір топ «сайлауға түсетіндерді танымаймыз» деп уәж айтты. Бірақ біздің алпауыттар мұндайда себеп тапқыш қой.

«Олардың аты-жөндерін әлеуметтік желілерге жүктегенбіз» деп тығырықтан сытылып шығып кеткілері бар еді, бір тұрғын «ауылда интернет жоқ, олардың есім-сойларын, сайлауалды бағдарламаларын түс көріп білеміз бе?» деп мүдіртті. Шындығында, қаратөбеліктер сайлауға түсетіндердің кімдер екенін алдын ала толық білмеген. Ал, осы жиыннан соң іле шала «Несің айтасың, бәрі де қалыпқа келді. Алдында қарсы болғандар түсінбей қалыпты» деп мәлімдеме жасады. Осыған сенейік десек, сайлау күні қарсы болған жақтан бір адам төбе көрсеткен жоқ. Осыған қарағанда сайлаудың қаншалықты әділ өткеніне күмәнмен қарауға әбден болатын сыңайлы.

Ақмола облысындағы Викторовка ауылының әкімі бір орынында тапжылмай сегіз жыл отырыпты. Осы сегіз жылда нені қарық қылғаны белгісіз, тұрғындар оны қаламайтындарын алдын-ала айқайлап айтып жатты. Осы облыстың тағы бір ауылындағы үш үміткердің сайлауалды бағдарламасы тауықтың балапандарындай бір-бірінен айнымай қалған. Тағы да үшеуін бір тақтаға іліп қойғандарын қайтерсің.

Жамбыл облысы, Шу ауданы Өндіріс ауыл округінің орталығы Абай ауылындағы № 436 сайлау учаскесіне ақпарат тарату үшін барған журналист Мият Кәшібайды әлеуметтік желіге пост салған соң мүйіздей бастаған. Түрлі сылтау тауып журналисті сайлау учаскесінен қуып шыққан. «Ұрының арты қуыс» демекші, сайлау учаскесінде әлдебір құпия болмаса журналисті неге қуады?

Енді біраз сайлау учаскелеріне адамдар бұрынғыдай лек-легімен ағылып келіп жатқанын аңғара алмадық. Мұны Түркістан облысы, Төлеби ауданы Керегетас ауылындағы таңертеңгілік көріністен аңғаруға болады.

Мұндайда саясаттанушылардың пікірлеріне құлақ аспаса тағы болмайды. Саясаттанушы Шалқар Нұрсейітов алдын ала сайлаудың әділ өтетініне сенімсіздік білдірген еді. Оның пайымдауынша, қазіргі сайлау жүйесі өкілдерінің өтуіне ыңғайластырылып жасалынған. Ал, өзін-өзі ұсынғандардың әкім болып кетулері қиын. Аракідік бір демократиялық өзгерістер болып жатыр деп айту үшін мүмкін тәуелсіз кандидаттарды жіберетін шығар. Олар үшін ауыл аса үлкен саяси қауіп төндірмейді. Неге? Өйткені, ауыл әкімінің саяси, ең бастысы экономикалық тұрғыдан қолы байлаулы. Өзінің бюджеті жоқ. Халық әкім сайлап алғанның өзінде ол аудан әкіміне қарайды. Аудан әкімі облыс басшысына бағынышты. Облыс әкімі Үкіметке есеп береді. Қарап отырсақ, бұл-тікелей иерархия. Өзінің бюджеті болмай, сол бюджетті дұрыс игеру үшін шешім қабылдай алмай, біздің әкімдер тәуелсіз саяси қызметкер бола алмайды.

Саясаттанушы сондай-ақ «Бір учаскеде мың адам болсын, солардың барлығы қарсылық білдірсе, мұны сайлау учаскесінің төрағалары жариялай алмайды. Демек, бұл жерде сайлауалды жұмыс жүргізілмеген деген сөз» дей келе «Еуропарламент Қазақстанға қатысты жылдың басында резолюция қабылдады. Соған жауап ретінде «Қазақстан өзгеріп, демократиялық бағытта бой түзеп келеді» деген пікір қалыптастыру үшін қолға алынған саяси косметикалық өзгерістер болып жатыр. Мұны өкінішке қарай реформа деп ауыз толтырып айтуға келмейді» деп мәлімдеді.

Сонымен, сарғайып күткен сайлау да өтті. Әзірге өгіз де өлмеген, арба да сынбаған тәрізді. Бірлі-жарым жерде ауыл ақсақалдары «сақтаған» адамдардың өтіп кеткені болмаса, әзірге құлаққа ұрған танадай тыныштық.

Бұл дауыл алдындағы тыныштық па әлде расымен демократия деген дүрмекке ілестік пе, мұны алдағы уақыт көрсетеді.

Арғы жағын айтпаймын,
Ішің білсің, әлу-ай!..

Тутаңбалы ДӘНІҚҰЛ.

АТАЙЛАР ӨТІРІК АЙТАДЫ

Эмма әжей баласы мектеп бітіргелі күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып, шошынып жүр. Оның үрейіне тағы бір қорқыныш қосылды. Эмма әжей неге қорқақтайды? Мұны ұлы Айболатпен екеуара әңгімесін тыңдасаңыз, дауылдың күдік бұлтын қайдан қуып келе жатқанын сақ-сақ тазыдай аңғара қоясыз.

Екеуі ертеңнен бері елдің бүгінгі ахуалын айтып «жырғап» отыр. Не дейді?

– Апа, мен шетелге кетемін,- деді Айболат айқұлақтанып айқайлап.

– Шетелде нең бар? Осы елдің оқуы да жетпей ме саған?

– Жетпейді.

– Балам-ау, жастардың барлығы шетелдерге кете берсе, еліміз қалай еңсесін көтереді?

– Ой, апа, бірлі-жарым адам шетел асқанынан еліміз жапа шекпейді.

– Әдіремқалғыр, сол шетелін астыңа кілем төсеп, үстіңнен алтын жаудырса кете бер. Мұратыңа жете бер! Бірақ, биліктегілердің айтып отырғанына қарасақ, біздің ел гүлденген үстіне гүлденіп, түрленген үстіне түрленіп, дамудың даңғыл жолына түскені соншалық, дамыған отыз елді басып озып, зымырандай зырлап барады деседі ғой.

– Ой, апа, біздің атайлар өтірік айтады.

– Қойшы, түге! Үлкендер де өтірік айтушы ма еді?

Айболаттың тормызы мықты. Кілт тоқтады. Өйткені, апасының соңғы кезде жүрек талмасы ұстап жүр. Айболат неге бөгелді?

Дүниежүзілік банк «Дағдарысты еңсеру» бағдарламасының мәліметінше, біздегі кедейлердің саны 2 миллион 373 мың адамға жеткен. Осыншама адам жұмыссыз сандалып қалған. 2020 жылдың екінші тоқсанында ең төменгі күнкөріс деңгейі ел бойынша жан басына шаққанда орта есеппен 32,6 мың теңгені ғана құраған. Осы қаржыға жұрт қай жыртығын жас Азық-түліктің бағасы күн сайын еселеп артады. Сарапшылар қазақстандық әр отбасы шамамен ай сайын 100 мың теңгені азық-түлік алуға жұмсайды деп отыр. Үкімет биылғы жазда бағаны тұрақтандыру бойынша бірнеше басқосуұйымдастырып, ол үшін 50 миллиард теңге бөлмек болды. Бірақ, бұл әрекеттері нарықтағы бағаға елеулі өзгерістер жасай алмай далбасалап қалды. Есесіне картоп, сәбіз, жұмыртқа, ет тапшылығы байқалып, олардың бағасы шарықтады. Бұл отбасы сонда киім алмай ма? Келетін қонақ бар, тазалық талап бар, осының барлығына 32,6 мың теңгең жетеді ме? Әлде келген мейманы «мұндай кедейді көрсем, көзім шықсын» деп кетеді ме?

«Тышқан ініне кіре алмай жүріп құйрығына қандауыр байлапты» дегеннің кері бізге келіп тұр. Дамыған елу елдің қатарына кіреміз деп аспанға бөркімізді атып жүріп, қайтып қағып ала алмай қалдық. БҰҰ талабы бойынша шалқып байып кеткен ел кедей елдерге көмек көрсетуі керек екен ғой. Дамығанымызды дабырайтып дәлелдейік дедік пе, Ауғанстан елінен оқушылар алдырып, тегін оқыттық. Бұнымен де тоқтамай, Қырғызстан еліне инвестиция құямыз деп желпіндік. Мұны қойшы, 1991 жылдан бастап дамушы елдерге көмек көрсетіп келіппіз. 30 жылдың бедерінде шамамен 500 миллион доллар көмек жөнелткенбіз. Бұл неткен жомарттық? «Кедейдің етегіне бидай салсаң, төгіп аладының» кері емес пе екен бұл? Осы қаржыны кедей-кепшікке неге қимаймыз?

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары Олжас Әлібековтің сөзіне сенсек, 2010-2020 жылдар арасында Индустрияландыру картасы мен өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы бойынша жалпы құны 9,1 трлн теңгені құрайтын 1527 жоба енгізіліп, 212 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 2020 жылы жалпы сомасы 916,8 млрд теңгені құрайтын 201 жоба іске қосылып, шамамен 18,6 мың тұрақты жұмыс орны пайда болыпты. Осындай-осындай көрсеткіштерге көз жүгіртсеңіз, қуанғаннан үйден жүгіріп шығып, айқайлағың кеп кетеді. Бірақ бізде орта жолдан жабылған жобалар жеткілікті. Кезінде ұшақ жасайтын зауыт саламыз деп бөркімізді аспанға аттық. Қайда сол зауыт? Талай әңгімеге тұздық болған шыны зауытымыздың «жыры» әлі бітпей келеді. Мақтаны түбірімен өңдейтін сәйтіп, киім-кешекті, басқа да керектіні өзімізді бұрқыратып шығара беретін зауытымыз қайда?

Әлемдік тәжірибеде зауыт немесе кәсіпорындарды ашқан кезде оның шикізат көзі және дайын өнімді қай жаққа, қандай көлемде өткізетіні, тауардың қаншалықты өтімділігі жан-жақты сарапталады. Инвестициялық жобалардың географиялық жағдайы зерттелінеді. Мұнан соң ғана зауыт құрылысы басталады. Бізде ше? Тәуелсіз сарапшы Санжар Боқаев сан соғып отыр. Оның айтуынша, соңғы жылдары триллиондаған теңгенің бюджеттік қаржысы жүздеген жобаларға жұмсалған, алайда оның жартысынан көбі жүзеге асырылмай қалған.

Бүгінде қазақтың жоғын өзге ұлт өкілдері іздеп жүр. Айталық, Мәжіліс депутаты Александр Милютинді тыңдайық.

– 2019 жылы біліктілігі жоғары мамандардың шетке кетуі 50,6 пайыз болды. Былтыр пандемия мен шектеулерге қарамастан бұл көрсеткіш 54,3 пайызға жетті. Олардың арасында дәрігер, педагог, техникалық маман иелері де көп. Жастардың елден кету көрсеткіші шұғыл дабыл көтеретіндей. Сарапшылардың айтуынша, адам капиталы деңгейінің, қазақстандықтардың өмір сапасының, ертеңге деген сенімділіктің төмендеуі және қолжетімді білімнің болмауы жастарды осындай қадамға итермелеуде. Он мыңдаған жас білім алу үшін шетелге, оның ішінде Ресейге кетіп, оқуын аяқтаған соң сол жақта біржолата қалып қойып жатыр.

Осы жанайқайды мемлекетті құрап отырған ұлт зиялылары, шіренгенде шідер үзетін шенеуніктер неге естімейді? Қолтығында қос-қос дипломы бар мамандардың «көке» таппай жұмыссыз жүргені бүгінде жасырын болмай қалды. Есесіне қазір Қазақстан бай адамдар саны жағынан 10 елдің қатарына кіріпті. Мұны сарапшылар өршіп тұрған пандемия сияқты сыбайлас жемқорлықтың жемісі деп және қорқытып отыр.

Эмма әжей бүгін ерте тұра салып, ұлын тағы да үгіттеді.

– Көрші атаймен сөйлестім. Ол кезінде билікте тәп-тәуір қызметтер істеген кісі ғой. Біздің елде жыл сайын пәленбай жұмыс орны ашылады дейді. Жоғары оқу орындарының оқуақысы арзан, ал жақсы оқығандарға шәкіртақы төленеді екен. Білікті мамандарға сусап отырған кәсіпорындар ырғын көрінеді. Ал, сен «шетелге кетемін» дейсің. Ұлым, мен Германиядан сенің әкең үшін келгенмін. Қазақстан туған отаным болып қалды. Туған жеріңді тастап қайда барасың?-деп Эмма әжей шыр-пыр.

– Апа, біздің атайлар өтірік айтады. Немерелерін алысқа жібермеу үшін ойлап тапқаны да.

– Сен де бір, айтқаныннан қайтпайды екенсің. Бірақ, сені шетелге жібере алмаймын. Мені аттап қана кетесің.

– Жарайды, апа! Ойланып көрейін!

– Міне, енді жарадың! Көңілім орнына түсті ғой.

Арада шамалы күн өткенде Айболат үйге аттан салып кірді.

-Апа! Мен шетелдің ең айтулы оқу орынына қабылдандым!

Эмма әжей екі көзі бақырайып, жүрегі талықсып отыра кетті..

Оңай ОЛЖА

Заман қандай, адам қандай демекші, алаяқтар адамдарды алдап, арам ақша жемекші. Алаяқтар заманы десек те болады. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен дегендей, алаяқтар қулықтарын асырып, ақ көңіл болып, ашылып, шашатын жерде шашылып, ақырында шашыңды тарап кетеді. Оларда бет жоқ. Бір тегіс сияқты. Оларда ұят жоқ, ұйықтап қалған секілді. Оларда ар–намыс жоқ.

Диара Азатбекова Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Қарабұлақ ауыл тұрғындарына мынадай хабар таратады.

– Не дейсің?

– «Атамекен» қоры арқылы көп балалы аналарға жәрдемақы беріп жатыр екен!

– Бұл қандай батпан құйрық?

– Майлы құйрық!

– Қаншадан береді екен?

– Елу мың теңгеден!

– Қалай сонда?

– Банкке барып, жеке куәлігіңізді көрсетсеңіз, «Мә, мә!» деп бере салады екен!

– Я?

– Есепшотыңызға елу мың теңге келе салады екен!

– Рахат қой!

– Рахат!

Сол екен, Қарабұлақ ауылының көп балалы аналары аудандағы «Жусан» банкісіне қарай тұра жүгірді. Бәрі қағанақтары қарқ, сағанақтары сарқ болатындай, көңілдер шат–шадыман болды. Әсіресе, ауыл мұғалімдерінің қуаныштары қойындарына сыймай жатты. Банкке барғандар кері қайтып, әлгі алаяқ келіншекке жеке куәліктерін лақтырды. «Өзім қатырамын!» деген соң. Ол қатырды. 400 адамның жеке куіліктері арқылы миллиондаған несие рәсімдеп алды. Өзіне. Неткен, ақылды десеңізші? Ал, ауыл тұрғындары шеттерінен ақымақтар қатарына сап түзеді. Оңай жолмен елу мың теңгеге қарық боламыз, малға толады қорамыз деген халық енді миллиондаған несиеге белшеден батып отыр! Қалай ғана сенді екен? Сенбегенде ше? «Атамекен» қорынан төрт таңбалы код келгенде, көздері бал –бұл жанып, алақандарын ысқылады емес пе?

Жәбірленуші Феруза Парпиева былай дейді:

– Ойббу, ойбу! Қалай ғана алданып қалдық! Қайдан білейік, «Атамекеннен» төрт таңбалы код келді ғой! Бардық. Биометрия фотосын жасады. Тіркеу үшін деді. Сосын 20 күн ішінде ақша түседі, хабарласып тұрыңыз деп шығарып салды ондағылар.

Ия, «Атамекеннің» де бұл қылмысқа қатысы бар екені осы жайдан –ақ көрініп тұрғандай ма? Жиырма күн өтті. Жым–жырт. Бір ай өтті жым–жырт.

– Әй, саған ақша түсті ме?

– Жылан жалағандай!

– Саған ше?

– Бөжи қарағандай.

– Саған ше?

– Ит талағандай!

Халықтың қалтасына қатқан нан да түскен жоқ. Сосын, ашуға булыққан аналар аудандағы «Жусан» банкі ғимараты алдына барды.

–Ақшамызды қайтарыңдар!

– Алаяқтар!

– Саусағымызды сорып отырғанда, сорлаттыңдар!

Сөйтсе, құжат өткізгендер атынан «Жусан» банкісі арқылы миллиондап онлайн несие рәсімделіпті. Біреулер талып қалды. Екіншілері жанын әрең алып қалды. Біреу кетіп қалып, іс тындырды, енді біреуі отыра қалып шыңғырды. 400-ге жуық тұрғын 800 мың мен алты миллион аралығында қарызға кірген. Әдетте, несие бергенде жіті тексере қалатын банктің неліктен оңай ғана рәсімдей беретініне таң қалмасқа болмайды. Бұл жерде де, күлімсі иіс бар сияқты.

Жәбірленуші Хуршида Раймқұлова:

– «Жусан» банкі бізге жауап берсін! Неге бұл қарыздарға өсім пұл қосып жатыр? Не үшін бір күнде миллиардтаған ақшаны аудара берген? Біздің ойымызша, «Жусан» банк пен осы алаяқ келіншектің арасында тығыз байланыс болған. Өткенде банктегілер: «Жоқ, сендер бізге ештеңе төлемейсіңдр!» деген. Бүгін басқаша сөйлейді: «Өздерің кінәлісіңдер, өздерің төлейсіңдер!» деп қояды. Олар Алла алдында да, заң алдында да жауап берсін! Ал, Сайрам ауданы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиал директоры Бауыржан Сыздықов басқаша сайрады:

– Бізде ешқандай алаяқ немесе басқа да ондай азаматтар істемейді. Бұл көрсетілген мәлімет алаяқтардың істеп жатқаны. «Атамекен» атынан өздері басқа нәрсе тіркеп, әрекет жасаған деп ойлаймыз. Онымен енді құзырлы органдар айналыссын».

Міне, көрдіңіз бе, оңай жерде олжа, қыр астында қалжа жоқ, абайлаңыздар, ағайын!

Мұхтар ШЕРІМ

ШАТАСҚАННАН ШАТАҚ ШЫҚТЫ

Дүниедегі ең жаман нәрсе–шатасып, шатысып кеткен жаман. Ауысып кеткен деген нәрсені айтамын, егер оқымасаңыздар өкпелеп үйге қайтамын. Мәселен, сөмкеңіз ауысып кетсе. Базарда сөмкеңізге ет, май, кәртөшке, сәбіз, бәрін салып, сөмкеңізді жерге қойдыңыз. Тура сондай сөмкемен тағы бір әйел саудаласып тұрып, тек сәбіз сатып алып жатыр дейік. Сөйтті де, сіздің сөмкеңізді байқамай, байқамақ түгілі, басын да шайқамай, ауыстырып алып кетті дейік! Артынан тұра қуасыз ғой. Үйіңізге бір сөмке сәбіз ғана арқалап кетпейтін шығарсыз?

Жарайды, тура сіздің әйеліңізден аумайтын әйел көрші тұрады. Көшеден кешігіп келген әйеліңізді жұлқылап, үйіңізге кіргізіп алып, ұрысып, ашуыңызды бастыңыз.

– Әй, қайда жүрсің, асқазанымда албасты жүр!

– Үйбай, маған айқайламаңыз!

– Немене?

– Аузыңызға байқап сөйлеңіз!

– Е, осы отырған жеріңде басыңнан бір ұрып, жерге жалпита салайын ба?

– Сіз кімсіз, өзі?

– Сіз деп сызылма маған!

– Жоқ, маған айқайлайтын байымсыз ба, жоқ әлде, аспандағы айымсыз ба?

– О, әкеңнің! Мына қатын туған байын танымай қалыпты! Немене, көшеден кеңкелес тауып алдың ба?



– Көрші ағай, мен сіздің әйеліңіз емеспін!

– А, не дейді? Сен мына Мықтыбектің әйелісің бе?

– Ия, ағай.

– Ойбай, кешір, айналайын, тура менің қатынымнан аумайды екенсің!

– Төсекке сүйрей жөнелмегеніңізге шүкір.

– Ой, айналайын, енді шатассам, бетіме түкір!

– Ағай, менің бөксемде қара қал, өкшемде тыртық бар, ажырата білсеңізші! –деген келіншек кербездене тұрып, бөксесін бұлтыңдатып шыға береді ғой. Шатастырып алып, шатақ шығару деген жаман. Өмірде не болмайды десеңізші? Бір үйге көп қонақ шақырылып, ішінде сіз де бар екенсіз дейік. Дастарханда отырып алып, манты жейік. Сосын, қайтарда ол үйге тұмсығы мүжілген «мүгедек» туфлимен барып, су жаңа туфли киіп бара жатқаныңызда, артыңыздан арсаландап, үй иесі жүгіріп шықты дейік.

– Ойбай, Есеке, тоқтаңыз, туфлиіңізді шешіңіз!

– Не болып қалды?

– Құрметті қонақтың туфлиін киіп бара жатырсыз!

– Қойе? Бәсе, неғып жаңарып кеткен десем?

– Жүріңіз, ұят болды!

Үйге келсеңіз, құрметті қонақ сіздің ескі туфлиіңізді киіп, кетіп қалыпты! Сіз іштей қуанғаныңызбен, ол ренжіп кетті ғой? Тағы да, аяғыңыздың шуашы бар дегендей... Көрдіңіз бе, шатасып, шатысып кеткен деген шатақ тудырады. Ауысып кеткеннің арты жаман. Сөмкені қоя салайық, туфлиді қоя салайық, ал, о заманда, бұ заман мәйіттердің ауысып кеткенін көрдіңіз бе? Оны көргендер бар. Нұр–Сұлтанда көп салалы медицина орталығындағы қателіктің кесірінен, қайғыда жүрген балалары өз әкесінің орнына басқа біреудің денесін жерлей жаздап, жағаларын ұстаған. Ойпырмайлатқан оқиға қалай болды дейсіздер ме? Медицина мекемесінің қызметкерлері марқұмның мәйітін басқа мәйітпен шатастырып, Таразға ұшақпен салып жіберген. Марқұмның туысы Кәкен Жантайұлы былай дейді: «Мәйіттің бетін ашсақ, басқа бір адам. Мұндайда шошып кетесің ғой? Екі баласы да көрді. Содан, медицина орталығына бардық. «Жоқ, осы сіздің туысыңыз!» дейді. Содан, суретімен салыстырдық. Анау адамда мең бар, біздің туысымызда мең жоқ дегеннен кейін олар қипақтай бастады. «Кешіріңіздер, сіздің туысыңыздың мәйіті ұшақпен Таразға кетіп қалды» –дейді. Осындай да, жауапсыздық болар ма?

Содан не болды дейсіз ғой? Кешкісін, Астанаға жеткен тараздық жігіт пандемиядан қайтыс болған әкесін Таразға әкететін болған. 63 жастағы әкесін танып, «осы менің әкем» деген. Сөйтіп, қайтып кеткен, кетерінде: «Тошына осы менің әкем!» деп айтып кеткен. Бірақ, дәрігерлер марқұмды шатастырып, басқа мәйітті салып жіберген ғой! Тараздық жігіт те, марқұм әкесін танымай, талып қалған. Керек десеңіз, ол медицина орталығындағы қызметкерлерді сотқа берейін деп жүр. Құдайым–ау, онсыз да қайғыдан қан жұтып жүргендерге жауапсыздық танытып, тәртіпті тәлтіректетіп, уайым қайғының қайығына отырғызып жіберуге бола ма? Екі мәйіт те, инфекциялық ауруханадан короновирус құрбандары болып жеткізілгеннен соң, аты–жөндерін жазып, тіркеп қойған соң, жөнелтерде көздерің шел басқандай қарағандары несі? Нұр–Сұлтан қаласы, көп салалы медицина орталығы директорының емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары Бақтыбай Оразбековтың айтынша, марқұмның баласы әкесін танып кетіпті. Сосын, Таразға ұшақпен жіберілген. Одан кейін, екінші мәйіттің туыстары таңертең келіп, мәйітті ашып көргенде, көздері атыздай болған. Қысқасы, ауысып кеткен дейді. Оразбековтың айтуынша, жәй әшейін, ауысып кеткен екен. Ой, тоба!

СҰМДЫҚ ЕКЕН!

Анасынан туыла салып, сөйлеп кеткен шақалақ, талайларды шалқасынан түсірді. Тіпті, бір акушер мандайын қабырғаға соғып алып, кәдімгідей ісірді. Астанадағы нөмірі бірініші перзентхананың бас дәрігері сөйлеп кеткен, әрі жүріп кеткен шақалақ кабинетіне кіріп келгенде, креслосынан сырғып, еденге жата қалды. Шақалақ болса, оны ала көзімен ата қалды .Бас дәрігердің жанына келіп:

– Сәлеметсіз бе? –деп амандасты, оның сөзін естігенде, бас дәрігердің өңі жаман қашты.

– Іздірәстите.

– Қазақша сөйлеңіз.

– Амансың ба?

– Немене, өліп қалды деп пе едіңіз?

–Жо–жоға, амандасып жатқаным ғой.

– Сіздің перзентхана мейірбикелеріңіз бен мен акушерлеріңізде жүрек жоқ екен!

– Неге, оларда былқ–былқ еткен жүректер бар.

–Олар тас жүректер.

– Не–неге олай дедің, шақалақ?

– Жегіңіз келе ме, шапалақ?

– Кешір. Не болып қалды? –деп сұрады бас дәрігер.

– Сіздің қызметкерлеріңіз анамды адам ғұрлы көрмеді ғой!

– Қалай соонда? –деп қорқа қарады бас дәрігер.

–Анам жаңа ғана мені өз күшімен босанды. Орын жоқ болған соң, дәлізде босанды.

– Шынында орын жоқ.

– Мейлі ғой, акушер неге мені босандырып алмады? Жаман қапамын! Өліп қалсам ше? Анам өліп кетсе ше?

– Құдай сақтасын!

– Не деген мейірімсіз едіңдер? Жарық дүниеге келмей жатып, жақтырмадыңдар! Кейбір адамдар осындай, қатігезсіңдер ме? Менің жазығым не? Кешірім сұраңыз менен!

– Ке–кешіріңіз...

– Перзентханаңызда тәртіп сұмдық екен! Акушеріңіздің пейілдері сұмдық екен! Бәрі, бәрі сұмдық екен! Таңдайымды көтеріп қойыңызшы?

Бас дәрігер кіндігі шұбатылып жүрген шақалақтың таңдайын саусақтары дірілдей көтерді.

– Абайлаңыз, кіндігімді басып кеттіңіз ғой!

– Ойбай–ай, кіндігіңіз де кесілмеген бе?

– Мейірімсіз дәрігерлеріңізді күте–күте шаршадым ғой! Не деген сұмдық! Не деген қатігездік! –деген шақалақ кабинеттен шығып кетті де, дәлізде жатқан анасының кеудесіне шығып, жатып алды. Көз жанарынан жас тамшылары ағып жатты. Перзентхана дәрігерлеріне қапа болып жатты...

Кешіріңіз, құрметті оқырманым, сіз шынымен сеніп қалдыңыз ғой деймін? Нәресте туыла салып, сөйлеп кетпейтін шығар? Ол тек фантастикалық фильмдерде ғана болады емес пе? Дегенмен, сәл сабыр етіңіз, шақалақ сөйлеп кетпесе де, Нұрсұлтандағы нөмірі бірінші перзентханада сұмдық оқиғаның болғаны рас көрінеді. Астана тұрғыны, көп балалы ана Гүлвира Исаева алтыншы баласын ешкімнің көмегінсіз, дәлізде өз күшімен босанған. Тіпті, толғақ қысып, қиналып жатқанда да, мейірімсіз мейірбикелер мен дәрігерлер жанынан табылып, көмек көрсетпеген! «Сұмдық екен!» деп қоя салуға болар ма? Ол ол ма, өзі күшеніп, шақалақ дүние есігін ашқанда, жанынан өтіп бара жатқан санитар еш тазалықты сақтамастан, қолындағы кір–кір пакетті қоя салып, нәрестені анасының көкірегіне қойған. «Держи своего ребенка!» деген. Анығын айтқанда, толғағы қысып, қиналған анаға акушер келмеген. Перзент ханаға түскен ананы дәрігерлер тексеруден де өткізбеген. Нұрбақыт есімді акушерге қан кетіп қалуын айтқанда, «Білгіш болсаң, өзің босанып ал!»деп кекеткен–мыс. Кешікпей, дәрігерлер келіп, баланың кіндігін кескен. Үсті–басын сүрте бастапты. Сосын, жауапты акушер кешігіп келіп, мысқылдай құттықтаған көрінеді. Өзінің каспий голд нөмірін айтыпты. Гүлвира айтады: «Демек, оған рахмет айтып, ақша салуым керек екен. Мен ешқандай да ақша жібермедім. Сосын, мені палатаға ауыстырды. Ол жерге каталкасыз жаяулап, әрең бардым. Босану бөлмесінде маған жатқан жерімізді жинатып қойды. Сол кезде көрген қан есімнен кетер емес! Менің бес бала туған тәжірибем бар, ал, алғаш босанған әйел менің орнымда болса, арам қатар еді!»

Ойпырмай, оқиға рас болса, сұмдық екен, а?

Ақмарал **АБДРАМАНОВА**.

ИТ ЕКЕН!

Ит ойлайды, адамдер неге сабырсыз? Адамдар неге бір–бірін түсінісе алмайды? Адамдар неге сондай? Болмашы нәрсеге бола жаға жыртысып жатады. Бірін–бірі ала көзбен атады, бірін–бірі сатады. Сөйтеді де, бір күні арам қатады. Адамдар неге біз туралы жаман сөз айтады, а? Жек көретін адамдарына– «Ит екен!» дейді. Біз не істедік, соншама? Үр десе үреміз, күлеміз, ой, кешіріңіздер, жетектесе жүреміз, адамдарды қорғаумен өмір сүреміз. Бізге арналған бұйрық райдағы сөздерін айтсаңызшы? «Кет! Кет деймін! Кет! Пошел!» –дейді. Бүйтіп қорламай–ақ– «Бөрібасар, Бөке, кете қойшы?» десе, құйрығымызды қысып, қыңсыламай–ақ кете саламыз ғой. Рас, енді, кейбір кластастарым, ой, кешіріңіздер, үйшіктестерім еркелеп, иесінің аяғына оралып, мазасын алып жатады.

«Ит жеті қазынаның бірі» деп өздерінше мақтап қояды. Сөйтеді де, жеті қазынаны өздері ұрлап, өздері сыбайлас, жемқорлас болып жатады. Біз өмірімізде қазынаның қаржысын жеп көрмеппіз. Қазғаз жемейміз. Ақшаны айтамын. Жарайды, қайда кетіп барамын өзі? Бірді айтып, бірге кетіп. Адамдардың, иә кейбір адамдардың біздерге деген көзқарастарына жыным келеді де. Көшеде өзіңмен өзің кетіп бара жатсаң, ит аулаушылар дегендері жетіп келіп, ата салады. Тырайып жатқаның сол, тілің шығып. Ау, «Неғып жүрсің? Иең қайда? Жайша қыдырып жүрсің бе?» деп сұрамайды ғой. Қайдан білсін, біз де адамбыз, ой, кешіріңіздер, итпіз, сұлу қаншықтарға «движение» жасауға, иіскелесіп, танысуға, асыр салып, алысуға кетіп бара жатқан шығармыз? Ата салады ғой. Жатқаның сол тырайып, көздерің алайып.

Сосын, кәріс ағайындардан қалып едік, енді қазақтардың біразы бізді сойып жейтін болды. Сойғанда, арақ ішіп, тойып жейтін болды. Қытайда бізді тірідей үйітіп, азаптайды екен. Туу, ит өмір–ай, өмір сүргім келмей кетті! Қожайыным, бикешім бар болса да! Өзге сыныптастарымды, ой, құйрықтастарымды ойлаймын да. Байғұстарды аулаға байлап қояды. Күн ыстықта су да беруді ұмытып кетеді ғой! Бүкіл иттер болып, митингіге шығамыз ба сонда?

Ит ойлайды:–Рас, бізді олигарх қожайындар шомылдырады, еркелетеді, тамақтың жақсыларын береді. Ішкеніміз алдымызда, ішпегеніміз артымызда. Пәтерде өмір сүреміз. Кейде олармен қойындасып та жатамыз! Ал, кейбір сүйектестерімнің жағдайы ше? Ауыл иттерін айтамын да! Кедей иттер ше? Иелерінің өздері нан таппай отырғанда, олар қайтіп қыңсыласын? Жүндері сабалақ–сабалақ, өмір деген қатал–ақ, қатал–ақ, көздері шүңірейіп, ауыздары үңірейіп, құйрықтарын бұттарына қысып, үсті қотыр, шаттары қышып, сүмеңдеп жүргендері сол. Бірдеңе жейін десе, иесі де аш, өзі де аш. Сонда да да безіп кетпейді, өзінше тышқан аулап, ептейді. Мына үкімет деген ауылға көңіл бөлмей қойды, сонда да, көп ауыл иттері «зейнетке шықпай», өлмей қойды! Үргілері де келмейді. Ұры–қарылар түнделетіп келе қалса, амандасқандай «Әуф!» дейді де, басын көтерместен жата береді.

Ит ойлайды:–Мұның бәрін неге айтып отырмын? Иттер құқығы аяққа тапталып жатыр! Барлық елдердің иттері, бірігіңдер! Топталып, адамдарға ойымызды ашық айтайық! Иттер демократиясы орнасын! Шетелдік иттер қандай бақытты! Олар ерлі–зайыпты, ой кешіріңіздер, ұрғашы, еркек болып бірге тұрады дейді. Бізді үйлендірмейді де ғой! Өздеріне қарашы, мектеп бітіре салып, дереу үйленуге асығады. Біздер ше, иттер? Ит емеспіз бе? Біздің де, бақытты иттер болғымыз келеді!

Ит не ойласа, соны ойласын, ит дегеннен шығады ғой, астана тұрғыны Алина Нұртас итін жетектеп, Триатлон саябағында келе жатқан. Жанамалай өтіп бара жатқан атақты ғарышкер Талғат Мұсабаев тоқтай қалып:

– Итіңіздің тұмылдырығы неге жоқ? – деп сұрады.

– Онда шаруаңыз болмасын!–деді бойжеткен. Ары қарай не болды десеңізші, рас, өтірігін қайдам, Алина Нұртастың өзіне сөз берейік:

– Полицияның бастапқыда менің позициямды оң деп тапқанына қуандым. Бірақ, қуанышым көпке созылмады. Талғат Мұсабаев қой. Ол мені итіммен серуендеп жүргенім үшін ұрды. Мен не айта аламын? Енді Қазақстанда көшеге шығуға ойланамын. Хаскиге тұмылдырық тақпау туралы заң бар емес пе? Бұл елде қауіпсіздік жоқ. Заң да менің жағымда емес. Заң – күш пен билігі бар адамдар жағында. Бәрі таныспен шешіледі. Қазақстан, кешір мені, бірақ менің әкем президент емес. Сондқтан, мен әр адамның құқығы заңмен қорғалатын жаққа кетемін.

Ит ойлайды:–Ее, Алина, бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан болғанға не жетсін? Сабыр сақта, сенікін де, Талғат көкемдікін де, дұрыс деп ойламаймын, адамдар, сендерге өкпелімін, енді асыр салып, ойнамаймын!

Иттің ішкі ойын қағазға қалпында түсірген:

Мұхтар ШЕРІМ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

Тілазарды жұмсасаң,
Азар да безер.
Зығырыңды қайнатып,
Ығырыңды шығарар.
***
Ойынға
Мойын бұрып,
Алаңдады.
Даланддады.
Сыныпты әрең
тәмамдады.
***
"Жақсы оқиды!" деп
Қызығасың.
Қызғанасың.
Іші күйгендер
Түз жаласын.
***
Ұйқысының
Ұйқы-тұйқысы шығып,
Жанарына жас
тығылыпты.
Жас тығылған себебі-
Жастықта жатып
бастырылығыпты.
Өзгені шағыстырып,
Өзі білінбеді.
Өсекшіге өкпелеп,
Көзім ілінбеді.
***
Албасты басқыр қасқыр
Қалың қойды ықтырды.
Ықтырғанын көріп,
Төбе шашым тік тұрды.
***
Күн батып,
Қас қарайды.
Қас қарая көрсетті
Аспан айды.
Мәдиге
әли кеп,
Ойнағаны ғанибет.
Мәди мен
әлиге
Ғани кеп,
Қосылса қалар зар илеп.
***
Сара апайдың
Сары шалы,
Самсаны
Шайнай алмай шаршады.
пер демей үш етік,
Бір етікті місе тұт.
Бір ағайды
Танығыңқырамадым.
Танығыңқырамағаныма
Жабырқағыңқырадым.
***
Сатыр-сұтыр,
Тақыр- тұқырға
Бір сәт
Таңырқап тұрсақ.
Бытырадай бықырт қып,
Соққан екен бұршақ.
Бейқамға не айтам?
Не айтсам да бейқам.
***
Бейқамға не айтам?
Не айтсам да бейқам.
***
Бір пәнді ғана
Жақсы оқитын Нұртанды,
Жұрт алды дей алмаймыз.
***
Дәу қарға
Тауларға қонбайды.
Тауларға қонбайтын
Дәу қарғаға дау бар ма?

Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениет, сыбайлас жемқорлықты жуытпайтын тұрақты иммунитет, оны жариялы түрде айыптау болмайынша, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес..

Nur Otan партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасынан.

ІЗГІЛІК ІЗДЕРІ

Үмбетбай Уайдинның 85 жасқа толуына орай сықақшымен көзі тірісінде алынған сыр сұхбат

(Жалғасы). Басы өткен санда.

— Қожанасырдың көршісі арқан сұраса «Арканым бос емес, екі ағаштың арасына керіп, үстіне бидай кептіріп қойдым», – депті. Аң-таң болған көршісі: «Ойбай-ау, арқанның үстіне де бидай жая ма?» – десе, жарықтық Қожекен: «Е-е, бергісі келмеген адам не демейді», – деген екен.

Бірақ біздің қазақ көршісінің көңілін жықпайтын халық. «Үй таңдама, көрші таңда», «Кілем сатсаң көршіңе сат, бір шетіне өзің де отырасың», «Өз тауығың сіркедей, көршінің тауығы күркедей» дейді. Әйтеуір, көңілін қалдырмайды. Осы көңіл жықпастық көркем әдебиеттің соры екенін жақсы білеміз. Біле тұрсақ та істейміз. Мысалы, сол өз басымнан өтті.

Қиянда тұратын бір «қызылшақа» сықақшы «Жылтын» деген шымшымасын «Араға» жолдапты. Онша алып-жұлып кетіп бара жатқан ештеңесі болмаса да қалжыңына қанат байлайық деген несие көңілмен нөмірге дайындап, бас редактор Қалтай Мұхамеджановтың құзырына ұсындық. Қалағаң көз жүгіртіп шықты да, көркемдігіне қынжылды.

«Ағамыз шалғайда жүр жылқы бағып,
Үйінен Месбай шықпайды жылтың қағып».

Бар-жоғы осы ма? Екі жолында езу кимылдататын ештеңе жоқ, астарын аңғарып тұрмын, әрине, – деді, — бірақ ойды қытықтайтын ойнақы шымшыма емес. Халық аузында қалып қойған сыпайы қалжыңның сұмпайы түрі ғой бұл. Халық қалжыңы қалай еді құдай-ау? Е, былай демеуші ме еді...

«Көкаланың үйірі көл айналсын,
Жаның шығып бара ма, көз байлансын».

Жұмған аузымызды ашпадық. Қалтай аға келтірген үзінді шумақта мәдениеттің иісі аңқып-ақ тұр ғой, шіркін.

Үмбетбай аға, талай шәкіртті алдыңыздан қозыдай жамыратып, қойдай өрбіттіңіз. Тұрмыс-тіршілікте көркем әдебиет төңірегінде көңілжықпастық жасадыңыз ба?

— Осы көңілшектік мәселесін біз әр әңгіменің келе жағында айтып, бірталай жерге шейін сүйретіп апарып тастамап паек?

Көңіл. Көңілшек. Көңілшектік...

Бет-ауызы жыбырлаған сенің бұл бұлталаң сауал-сұрағыңның арғы жағында «жеңгеміздің моральдық-этикалық тәртібі қалай еді?» – деген сықылды жымысқы бірдемелер бұғып жатқан жоқ па?

Көңілшектік әңгімесінің бір қайырлысы – көзге шөп салу. Оны халық анайылау: «көңілшектік – көттің соры» дейді.

Көзге шөп салу – жәлеп қатындардың, шайтан еркектердің тірлігі. Оны біреулер жігітшілік, серілік... тағы бірдемелермен ақтағысы, жеңілдеткісі келеді. Бәрінен де, қатар жүрген жолдастардың көзіне шөп салу — нағыз опасыздық!

Біздің үйдегі жеңгең (жоғарыда айттым ғой деймін) — педагог, тәрбиеші. Күйіп-пісіп қалатын мінезі бар. Ол мінезін өзіме, отбасыма адалдығы үшін кешірем. Сөз орайында тағы да бір құпиямды аша кетейін.

Кімнің үйінде кім болмайды, кімнің үйіне кім қонбайды. Біздің де келім-кетімсіз күніміз жоқ: есік-қақпамыз күндіз-түні сарт-сұрт. Сол келім-кетімнің бірі — баяғыда кешкі мектепте бірге оқыған К. есімді жолдас. Көшеде кездесіп қалып, арсаландап амандастық. Үйге ертіп келдім. Нендей шаруамен жүргені есімде жоқ, әйтеуір үйде екі аптадай жатты.

Бір күні жеңгең қабағын шытты.

— Маған мына жолдасыңның тәртібі ұнамайды.

— Не болып қалды?

— Сен жоқта маған қылмаңдағысы, жылмаңдағысы келе ме, ойы жаман. Айтпайыншы деп ем...

Сол күні балконнан, терезенің көзінен жерге бәтеңке жауды, костюм-шалбар, галстук жауды!

Көрдің ғой, демек көңілшектіктің о жақ-бұ жақ әңгімесі бар екен. Бір қайырлысы жылы сөз, жылы қабақ, мырзалық. Менің шешем, марқұм, қолы ашық, мырза адам еді, айында-жылында ауылға жол түскенде апарған азын-аулақ шай-суымызды кіріп-шыққан жұртқа үлестіріп, аяғында өзінің үйдегі «запасына» қол салатын.

Көңілшектіктің тура мағанасы — кісілік, кәдімгі адами қайырым. Адамға, қоғамға адал қызмет ету, біреулерге қол созу, дәнекер, себепкер болу немесе жәрдемдесу, көмектесу.

«Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат». Заманында Абай атамыздың шығармаларының кітап болып шығуына Әлихан Бөкейханов себепкер болса, қаржының көзін тауып, тікелей көмектескен (меценат) Бекбай Байысұлы деген кісі көрінеді. Сол Байысұлының баласы Асылғазы Бекбайұлы қазіргі орыс тілді үлке-е-н ақынымыз Олжас Сүлейменовтің жолын ашқан екен. Ол кісі: «... Үш бірдей министрге көмекші болдым. Бір күні кабинетте отырғанмын. «Жетісу» газетінің сол кездегі редакторы Әбдуәли Қарағұлов қасына Олжасты ертіп келіпті. Ол кезде Мәскеудегі әдебиет институтында оқитын Олжасты ешкім біле бермейді. Әбекең Олжастың жазған-сызғандарын көрсетті. Қысқаша айтқанда, оның тұңғыш жинағының жарық көруіне ықпал еткенім рас», – дейді.

Сол Олжас кейін Раушан Аспандиярова деген бастауыш мектеп оқушысының шығармасын өз алғы сөзімен жарыққа шығарды.

«Күткен күн» деген атпен кейін қайта жазылған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Курляндия» романының жарық көруіне Сәбит Мұқанов пен Ілияс Омаровтың қалай себепкер болғанын да біреу біліп, біреу білмейді.

Қазір көзі бар, көзі жоқ аға-апаларымыз өнер қуған ілгерінді-кейінді ұрпағына қалай аландаған. Әбділдә Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев, Мариям Хакімжанова-лар қаншама жас таланттардың «тұсауын» кесті.

«Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматов ұлы Әуезовті пір тұтады. Бұл жай ма? Қадыр Мырза Әли, Мұзафар Әлімбаев пен Әбу Сәрсенбаевтың есімдерін ауызша да, жазбаша да ылғи құрметпен еске алады. Бұл не? Иә, біреуге біреу, бірдемеге бірдеме себеп, себепкер. «Ұстаз менің өмірімде» («Учитель в моей жизни») деп аталатын кітапта ондаған еңбек ерлері, батырлар, космонавтар, атақты ақын-жазушылар ұстаздарын терең сезіммен еске алады. Аты-жөндерін келтірсе, ондайлар бізде де аз емес.

Темірхан Медетбек: «Әдебиеттен Асанбаев деген кісі сабақ берді. Өте әдебиетші еді. Сол кісінің әсері болу керек, әдебиетті сүйіп оқитын болдым. Үлкен әдебиеттегі ұстазым деп Әбу Сәрсенбаевты айтар едім».

Күләш Ахметова: «Ең алғаш өлең жазуыма себепкер болған кісі 7-сыныптағы мұғалімім Мәдина апай еді».

«... 1968 жылдың көктемінде «Лениншіл жас» газетіне екі өлең жібердім. Сәбит Мұқанов сол газетте жақсы пікір жазды».

Сайын Мұратбеков: «Сөйтіп, Әбекеңнің (Әбу Сәрсенбаев) қамқорлығы арқасында «Жазушы» баспасынан 1961 жылы алғашқы жинағым жарық көрді».

Тынымбай Нұрмағамбетов: «Мен мектепте жүргенде гумаиитарлық пәндерді жақсы көретінмін. Әдебиет, тарих сияқты пәндерді жақсы меңгердім. Әдебиет пәнінен бізге Мағжан Махамбетов дейтін мұғалім сабақ берді. Менің әдебиетке құмартуыма белгілі бір дәрежеде осы кісі себепші болды-ау деп ойлаймын».

Қалам ұстап жүрген қазіргі аға буын мына біз де алды-артымызға алаңдайтын жасқа келдік. Қанаттансын, мәз болсын деген ниетпен мен де Қазыхан Әшенов, Мағрипа Жылқыбаева сияқты бірнеше үміткерлерге «бата бердім». Анда-санда, Көпен, сен де ұстазым деп қоясың.



Ойдан ой туындаған тағы бір әңгіме: мен ешкімге өлең жазып, кітап шығарып бермеймін. Жаңағы айтқан: қуансын, мәз болсын, көзінде шырақ жансын деген ниетпен қолыма тиген жастар шығармаларының баспасөз бетін көруіне барымша ықылас білдіремін. Өзім ортасында жүрген дарынды балалар мектебінде оқушылардың үш кітабы жарық көрді. Студенттердің де шығармалары жиналып қалды. Бұл айтқандарымыздың барлығы да көңілдің, көңілшектіктің әңгімесі.

Көңілшектіктен, көңіл жықпастықтан табар пайдаң: кей-кейде әлдекімдерден ыңғайсыз сөз естіп, жаныңды ауыртасың. Әсіресе студенттерден сынақ алатын кезде... Әр түрлі әңгіме қаулайды. Бәрі жүрекке жүк. Шыдайсың. Көнесің!

Жастарға көңіл бөлу, алаң болу турасында бізден бұрынғы ағалардан жақсы үлгі-өнеге, дәстүр қалды.

«Жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия басқан жасты дүрелей бастамауымыз керек. Әсіресе жас дарынның жалынын тұншықтыру – қылмыс. Жалынды жас, дарынды жас көк шыбықты көрмей-ақ өссін.

В.Г.Короленконың алғашқы әңгімелерімен танысқаннан кейін-ақ А.П.Чехов: «Мұндай жаспен қатар жүру түгіл, соңынан еріп жүрудің өзі қандай қуаныш!» – деген. «Біз мұндайға әлі тоңмойындаумыз» (Ғабит Мүсірепов. «Суреткер парызы» кітабынан).

Көңіл, көңілшектіктің басқа да қайырылыс, қалтарыстары бар. Бір қайырылыс қалтарысы қас-қабақ, сәлем-саукат.

Көңілшектік дегенде, жаман ойлайтын адамдардың басына анау... анайы өлең сарт ете қалады. Сондай себеппен, ойымды әдейі таратып айттым.

— Оңтүстіктің Төле би ауданында ауызының ебі күшті, айтқыш қария бар дегенді естідім де, төркінін іздеген қыздай төтелеп үйіне іздеп бардым. Етек-жеңі мол, ертектегі «алпыс қойдың терісі ау шықпайтын» батыр тұлғалы байыпты кісі екен. Әзіл-қалжың үстінде:

— Әй, шырағым-ай, әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас шалды қаужап қайтесіндер, — деді бес биенің сабасындай кемпірі. — Атыраудан ауылына келін боп түскеніме қырық жылдан асып барады. Анаған, мынаған шығарған ауызекі өлеңдері алтын болса қайтейін, маған арнаған жарты ауыз жарапазаны да жоқ. Қырық жылда қиыстырып кемпіріне кетік өлең шығармаған шалдан не үміт, не қайыр?!

Сол — сол-ақ екен, шалқалап жатқан шалың кемпіріне арнаған кетік өлеңді қолма-қол суырып салмасы бар ма!

Біз неғып бұл адайдың қызын алдық,
Тұлға да жоқ, тұрпат жоқ қызығарлық.
Толтырып тоғыз тостақ көже ішкізіп,
Байғұстың фигурасын бұзып алдық.

Біз неғып Атыраудан барып алдық,
Мұнда да жоқ емес ед тартынарлық.
Алыстағы адайдың қызын алып,
Өмірі балдыз шымшып жарымадық.

Қыран-топан күлкі. Бәріміздің шексілеміз қатты. Расында да бұл ауданда Адай жоқ. Жұрттың негізгі құрамы – Жаныс пен Сиқым руы.

Сіз жеңгемізге арнап әзіл-қалжың ретінде болса да өлең шығардыңыз ба?

— Алдыңғы сауал-сұрағың келесі сауал-сұрағыңмен, менің ойлауымша, сабақтас, салалас. Композициялық тұтастықты ойлағаның шығар. Сонымен қатар, қайталаулар да ұшырасып қалады. Міне, тағы да сәл-пәл анайылық...

«Сен кімге күлесінді» оқыдың. Бір бөлімі — «Әулетіміздің альбомы». Қақ ортасында күйіп-пісіп жеңгең жүр. Қылжақ, болмаса боғауыз өлең ұшырастырдың ба?

Құдай қосқан қосағы, сыңары — балаларының анасын әрі итеріп, бері тартып, қылжақ-мазаққа айналдыратын, бірер шумақ өлең шығарып, оны ырқ-ырқ күліп көрінген жерде оқитын берен ауыз берекесіздерді әр жерде кездестіріп жүрміз. Құдай қосқан қосағының бұлай жүрегін ауыртып, жанын жаралау — көргенсіздік!

Проблема әркімнің басында, әркімнің ішінде, тіпті әрбір отбасында, Отанында. Оны ойбайлап шеше алмайсың.

Ол менің үй-ішімде де аз емес. Мін-кемшілік өзімнің үстімде де, келіншегімнің үстінде де өріп жүр. Өзімдегі, отбасымдағы проблемаларды мен ырылдасып емес, әзілқалжыңмен, ыммен, тұспалмен шешкенді жөн көрем. «Әулетіміздің альбомының» моралі — сол.

Сөз орайында тағы да жеңгеңді аузыңа алдың. «Кемпір мақтау мәселесі» есінде ғой? «Күлкіге құрмет ше?»

Бұл үйдің А. Мариям беделдісі,
Кімге не, біледі өзі, берем десе.
Бұл үйде тұрады бір және дағы,
«Бар», «жоқтан» хабары жоқ «керең» кісі.

Әйелдің тура айтатын тура биі –
Басында Мариямның тұрады үйі.
Кішкене кемшілігі, қызып кетсе,
Дауысы азан-қазан радио.

Бұл үйде бас бухгалтер, банк те өзі,
Әр тұрғын қарайды оған жанып көзі.
Кредит алам деген адам болса,
Алдына арыз жазып барып көрсін.

... Ұйқысы оның өте короткое,
Мызғиды телевизор қарап қойып.
Тиеді нервісіне жаман шалдың,
Тырпылдақ тәпішкімен әр өткені.

...Құрметім, түсініңдер, құлындарым,
Күлкідей құдіретке мұның бәрі.
Байқаймын, тым суытып барасыңдар,
Тырқылдап алыңдаршы бүгін бәрің.

Ауланы сыпырмаса құм басады,
Көңілді көтермесе түн басады.
Күлкімен жылытыңдар бойларыңды,
Тұрады тас төбеде күн қашанғы?!

— Арқа жақта арнайы оқырмандармен кездесу кешін өткізген соң алақұйын ақын Рафаэль Ниязбеков қонақүйінде жатқан Ғафу Қайырбековке «Қазақ әдебиеті» газетінің соңғы санын әкеп:

— Сүйінші, Ғафеке, – депті, – сіз туралы эпиграмма шығыпты.

— Оқышы.

Рафаэль тақпақтай жөнеледі:
«Күндіз-түні тынбастан,
Жаздыңыз-ау «Тың-дастан»
— Ғафу!
... жату.
Ғафу!
... ашу.
Соңы кетті-ау ұйқаспай,
Сіздің кейбір ұйқастай».

Ойпырай, Ғафеке, сіздің атыңызға ұйқас көп екен-ау, ә?

— Немене, – деп шамданыпты Ғафекең, — сенің атыңа ұйқас жоқ па?

— Отыз жыл ойлансам да, өз атыма ұйыған айрандай ұйқас таппадым, аға.

— Онда онша болмадың, – деп Ғафекең сөзінің салмағын өлеңге түсіріпті.

Ұйқасты таба алмасаң, Рафаэль,
Таппайсың ба одан да бір-екі әйел!
Сіздің атыңызға да ұйқас бар. Мысалы:
Үмбетбай
Үйіне барады күн батпай!..

Жалпы, ұйқаспаса өлең өлең болмай қалатыны несі? Әлде соған етіміз үйреніп кеткен бе? Ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов Шекспирдің «Асауға тұсауын» ұйқастырмай-ақ ақ өлеңмен аударған жоқ па? Ақ өлең! Ағып тұр. Әңгіме ұйқаста ма?

— Кейін қалған сауал-сұрақтардың бірінде бұл мәселеге де недәуір тоқтағанбыз. Қайталау. Қайталай берсек, оқырманды мезі қыламыз.

Ұйқас. Рабайда болмаса, адам аттарынан ұйқас құрап өлең жазу –әлсіздік. Әрі кеттік.

— Балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиев үш-ақ күнге жеткізбей Пушкиннің «Алтын балық» туралы ертегісін апыл-ғұпыл аударып шығыпты. Бірақ оған өзі онша қуана қоймапты. Жақсы, жаманды қу іш сезеді ғой, аудармасы ала-құла болса керек. Жақсы өлеңді жарытып аударма ғасын, жалма-жан қылша мойнын талша иіп, өзіне-өзі эпиграмма жазыпты.

Айналасы үш күнде,
Аударып шықтым Пушкинді.
Түсінбеймін өзім де,
Түсінбейді ешкім де!..

Сатирик Садықбек Ддамбеков өзінің алпыс жылдық мүшел тойында «Не бітірдім, не тындырдым?» – деген сауалға өлеңмен өзі жауап берген.

Мен өлгенде жақсы жырлар
Жаназамды шығарып,
Драматургияға сүйегімді артады.
«Атылған қыз»
Қара орамал жамылып,
Фельетондар азалы күй тартады.

Ауыр да болса ауқымды автопортрет. Сол сияқты өзіңізге өзіңіз сын көзбен қарап, эпиграмма немесе пародия жаздыңыз ба?

— Пародия — сатира. Сатиралық жанр. Этимологиясы жағынан ол грек тілінен енген термин сөз. Бірнеше мағынасы бар. Бір мағынасы — өлеңнің өз кемшілігін өзімен, өлеңшінің де іс-қылығындағы өз кемшілігін өзімен сылап-сипап сынап-мінеу. Біздің кейбір пародияшшарымыз пародияның жаратылыс-табиғатымен санаспай, ақсаңдап, екі иығын көшіріп-қондырып тойтаңдап, көзін ақшитып, біреулерді сайқымазақ қылып, неше түрлі ыңғайсыз қылықтарға барып жүр. Пародияның зерттейтін объектісі — мораль. Ол — адам мен қоғам тәрбиесінің құралы.

Пародияның әдептен озбаған классикалық үлгілері көп. Сен әлгінде мысалға алған Әнуарбек Дүйсенбиевтің өлеңі — әдемі пародия. Өзінің мін-кемшілігін мойындау. Садықбек Адамбеков өлеңі ше? Жоқ, ол оның жүрегінен тасып төгілген іштегі запыраны, кез келген жерде кез келгенге

айта бермейтін трагедиясы.

Өзіме келсем, мен өзіме сын көзбен қарайтын адаммын. Әрбір қателіктерімнен кейін өзіме өзім кіжініп, «дор-р-ақ!» – деп жер-жебіріме жетемін. Ал таза пародия жаздым деп айта алмаймын. Мынау қалай?

... Жазып едім ойқастап,
Құрдастарға наз,
Оқып берсем қол боста —
Қонақтарым мәз.
Жазып едім со-но-о-да,
Нағашыма наз.
Оқып берсем, соған да,
Бала-шағам мәз.
Өзімді өстіп алдаймын —
Қарашығым «мәз».
Уайымы жоқ жандаймын,
Қара шығыны аз.

... Арқа-жарқа болмақ қім,
Ара шағып мәз?!
(«Лейтмотив»).

Мынау ше?

... Баласы Уәйда шалдың Үмбетбаймын,
Үстімнен табылады бір қаптай мін.
Келемін ақ көйлекпен ағаранданып,
Арымды ақ балшықпен күнде ақтаймын.

Балықпын. Үнсіздікпін. Жайшылықпын.

Айқаймын осса арқасын қамшы үміттің.

Мінезім: түсінікті, түсініксіз,
Мәнісі: айқыш-ұйқыш қайшылықпын.

Рұқсат болса әлі де айтарым бар:
Артықтау кетсе сөзім қайтарыңдар.
Суқаным сүймейтұғын біреулерді,
Көрмейтін көріп тұрып сайтаным бар.

Тігінен қарағанда бір қаптай ун —
Баласы Уәйда шалдың Үмбетбаймын.
Көжені күтіп-күтіп қалғып кетсем,
Ұйықтаған жылап-жылап «құндақтаймын».

Шамамен 60 см. көлденеңім,
(Қарасын осыдан-ақ көр денемнің).
Мұрыным жетеді екі-үш ұрпағыма,
Аузына құм құйылсын — «өй» дегеннің!

Жүрісім болмай қалған — балпаң-балпаң,
Тұрысым оңбай қалған — әркім аң-таң.
Қимылым салдыр-күлдір, қаңғыр-күңгір,
Жүрегім ашық-тесік, алқам-салқам.
(«Сырымды айтайыншы». Үзінді).

Қалай? Не дейсің?

— Аузы дуалы, арқалы ақынымыз Әбділда Тәжібаевтың 80 жылдық мүшел тойына арнау өлеңдер жаза қойыңдаршы! – деді «Ара» журналының редакторы Қалтай Мұхамеджанов былғауыштың басындай мұрнын бір сипап. Тапсырма берілді, тастай етіп орындау — лазым.

— Не деп жазамыз? – дедім қалжыңбас Қажытай Ілиясовқа қарап. — Анау-мынау айтыстарда, алқа-қотан жиындарда біраз ақындарды тәубесіне келтіріп жеңіп жүрсің ғой. Сарай ақыны секілді көпшік қойған көп өлеңнің бірін өзің-ақ сүйкей салшы, Қажеке!

— Өлең өгіз емес, қалай жетектесең, солай жүретін, – деп, Қажытай қарсылық білдірді. — Пәленшенің нұсқауымен, төленшенің ұстауымен өңменді өлең жазып көрмеп ем.

— Ендеше, екеуміз қара өлеңнің қайығына отырайық, бір ескегін сен ес, екіншісін мен есейін.

— Қайым айтыс секілді қақ жартысынан қылдай бөлісіп жазайық дейсің ғой? Ал, баста ендеше.

— Жолың үлкен ғой. Өзің баста, Қажеке!

Әжің-күжің әңгіменің қиюын таппай, әрі итеріп, бері созып отырғанымызда Әбекеңнің мүшел тойына арналған әдемі әзілдің дүниеге келгенін аңғармай да қалдық.

«Күмбірлеп «Көне қоңырау»
Орденге толы омырау.
Кеше жігіт, бүгін шал,
Құстай ұшқан өмір-ау,
Әбекең келді сексенге!

Тең сермеген қанатын,
Әрі ғалым, әрі ақын.
Топ жаратын жорғадай,
Тоқсанға да баратын,
Әбекең келді сексенге!»

Ілгеріде орыстардың «Кукриниксы» деген атақты үш суретшісі болғанын білесіз. Үшеуі бірлесіп әлгіндей лақап атпен сайқымазақ карикатура салған. Ильф пен Петров бірлесіп «Он екі орындық» секілді сатиралық роман жазғаны әмбеге аян. Сол сияқты базбір қаламгермен бас тоқайластырып, бірлесіп «бірдеңе» жаздыңыз ба?

— Есімде жоқ. Жалпы, міңгескенді жаратпаймын.

— Жазушылар одағының қапталына орналасқан «Қаламгер» кафесінде үміті зор үш-төрт ақын қызыңқырап отырып, еркек өсекке көшіпті.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығыньщ лауреаты атанған ақын қыздың мүсінін келемеждеді. Ол рахит ауруымен ауыратын-ды.

— Ақынның ажарлы болғаны қандай жарасымды. Мысалы, біздің Шөмішбайларды көргенде Пушкин тіріліп кеп қалған екен деп ойлайсың. Қитар көз, қисық аяқ қызға да атақ беріп...

Еркек өсекке екі құлағын тосып отырған Оспанхан ағам:

— Әй, жігіттер, – деді бұларға бұрылып, – қисық аяқ деп күндемеңдер. Оның аяғы қисық болса, бойындағы талантты көтере алмай қисайып кеткен. Білдіңдер ме?..

Бетімен сөйлейтін берекесіз адамдардың қылығына сіз де шыдамайсыз. Тартынбайсыз. Бетің бар, жүзің бар демей айтып тастайсыз. Тіпті төбелесуге де даярсыз. Неге? Жаратылысыңыз солай ма? Қазір біреу біреумен қырықпышақ боп қырқысып, төбелесіп жатса да ешкім ара түсіп ажыратпайтыны несі?

— Осекең ол жерде олай демеген болар. Олай десе табалағаны, мұқатқаны. Жоқ, Осекең олай демейді!

Пікірсіз адам бола ма. Кейбір адамдар жайында менің де азды-кем өз ұстанымым бар. Бірақ мен оларды көп әңгіме қылмаймын. Отыз жылдай ілгеріндікейінді келе жатырмыз: «Пәленбай – арам, ит, шошқа. Бәленбай — дорақ, бездарный, алқаш», – деп, өзіңе бір адам жайында әңгіме айттым ба? Өсек-аяңға жаным қас.

Ауыздықтап асауды шідерледім,
Сарылдатып құйған соң жігер елім.
Өсек-мөсек шаңдатып келе жатса,
Бір шыңғырып түшкіріп жіберемін.
(«Бір түрлі адам»)

Жасаған ие біреуге бергенін біреуге бермейді. Біреуде бар біреуде жоқ, біреуде жоқ біреуде бар. Мына біз екеумізде мөлдіреген көз де, сорайған бой да жоқ, ұзынды-қысқалы ой мен күлдіретін сөз бар. Біздің үйдегі Ардагер ініңнің басы аздап жалпақ, сенің аяғың сәл-пәл талтақ. Маған тартқансың. Көлем жағынан да екеуміздің ара қашықтығымыз көп алыс емес.

Көпшілік көліктерде мен бірталай адамдардан едәуір жоғарымын, былайлаумын. Бірталай адамнан бірталаймын деп, иә, ал, оларды қомсынуға, кейбіреуден былайлаумын деп өзінді қорсынуға бола ма?

Ойнап айтсын, шындап айтсын — әр жерде, әркімдер менің де көлеміме көңіл толмаушылық байқатты. Туыстық, нағашы-жиендік, құда-жегжат, дос-жарандық қатысын, жас шамасын, жынысын және дауыс ырғағын «ескеріп», оларға тиесілі жауаптарын бердім. Тойтарыс алды. Жастау кезде аздап жұдырықтың да қатысқаны бар.

Жалпы, қарға бойлы Қазтуған жырауды, Қадырды (Мыр-за Әли) білмейтін шолақ ойлы шолтаңбай біреулер болмаса, тәртіпті, тәрбиелі адамдар «сопақ», «су мұрын сораңбай», «сүмек», «бүкір», «мықыр», «мысық сары», «шимпанзе сары», «құсық сары» деп, басқаның о жербұ жеріне тиіспейді. Өмірде ондайлардың қаншасын көріп жүрміз. Өздеріне қарамайды.

«Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» — «Сен кімге күлесіннің» моралі осы халық даналығы тұғын.

... — Ауылда бар ма екен,
Осы әлгі Ерғашев?
— Жүр ғой,
Құрт жеген мұрнынан ем қашып,
Ел қашып.
— Дардұр?
— Көзі көрінген қарадан үркіп,
Ол қисық мойынды да,
Жүр ғой жер басып.
— Ардабай?
— Ой, ана мыңқылдақ мырқымбай ма?
— Алдабай?
— Тамағында қақырық тұрғандай сөйлейтін ана қыртымбай ма?

(Жалғасы бар)

Көпен ӘМІРБЕК

БІРТҮРЛІ БИЗНЕС

Бизнестің әр түрі болады. Есектің артын жуып та, ақша тапсаң–бизнес. Бірақ, бір түрлі бизнестер де болады. Әулиелі, киелі жерлерде отыра қалып, құран оқып та, бизнес жасайтын молдалар бар. Өтірік айтсам, өрік жеп, өліп кетейін, Түркістандағы Яссауй мавзолейі алдында құран оқып, ақша тауып отырған молдаларды талай көргенбіз.

Ал, Түркістан облысына барушылардың көпшілігі Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауй кесенелеріне зиярат етіп, Үкаш ата құдығына шелек тастап кетеді. Брақ, туристер әулиелі жерлердің басында бизнес ашып алып, ақшаны күреп тауып, күн сайын «ақша сауып» отырғандарға өкпелері қара қазандай, жүректері өліп қалған аппақ сазандай. Әулиелі жерлердегі шырақшы, имамдар халықтың қалтасына тесіле қарайды, бермей кетсең, кезерген еріндерін жалайды. Ұялғандарынан, әрі әулиелі жерде бермей кетсем, жолым болмай қалар деген оймен, тиын тебендерін, тіпті, айтарлықтай ақшаларын тастап кететіндер қатары көп. Үкаш атаға барған боларсыздар?

– Шелекке ақша төлеңдер, –деп кесіп айтады шырақшы.

– Не үшін?

– Жолдарың болмайды.

– Ойбай.

– Ойбайды қойыңыздар, мың теңге деген не ол, қалтадан түсіп те қалады.

– Бұл қаншалықты заңды екен?

–Аллаға заң жүрмейді.

– Шариғатта жазылмаған ғой.

– Көп сөз–көбік.

Жұрт жыбырлап, бір–біріне сыбырлап, мың теңгеден тастап кетіп жатты. Енді жұрт шелекке төлеп, құдыққа қарай өтерде шырақшы шырылдай кетеді:

– Бұл бергендерің жәй садақа ғана.

– Бердік қой.

– Берсең, садақа деймін.

– Бердік қой?

– Садақа ол.

– Бердік қой?

– Неменеге тақылдай бересіз? Енді құдыққа тағы мың теңге.

– Ойбай, жүрген сайын, жыртыла береміз бе?

– Көп сөз–көбік...

Жұрт жыбырлап, бір–біріне сыбырлап, тағы да мың теңгелерін беріп жатты. Укаш атаның басында жүзге жуық адам тұрса, соның бәрі екі мың, кей бірі төрт мың теңгеден бере қойды. Ал, бір күндік табысты есептеп көріңіз! Олар 200–300 теңгеңізге пысқырып та, ысқырып та қарамайды. Сосын, кейбір журналистер осы мәселе бойынша Үкәш ата құдығына қарайтын «Әзірет–Сұлтан» мемлекеттік тарихи –мәдени қорық музейіне ақпараттық сауал жолдайды. Қорық музейінің өкілі Ерсін Тәжібаев құдық басынан ақша жиналатынын білмейді екен. Оның сөінше алдағы уақытта бұл мәселені қатаң бақылауға алады екен. Ол айтады: «Бір кірген кісі шелекті бір рет қана тастап қоймайды. Су шықпаса, бірнеше рет тастайтындар бар. Содан, шелектер майысып, жарамсыз болып жатады. Ол жерге электр жүйесі де бармай тұр. Болашақта бейне–бақылау камерасын қоямыз. Садақаны біздің мекеменің аты жазылған жәшікке ғана тастау керек. Ол ақша Мәдениет және спорт министрлігіне қарайтын Әзірет–Сұлтан қорының есеп шотына түседі.

Дұрыс–ақ дейік, ал жәшікке салдырмай, қалтасына қағып алатындарды бір тәубеге келтіріп қойғандары жөн–ау?!



АЗҒЫНДАУ

Теледидар төріне кеп бір мықтың,
Неше түрін терді кеше сұмдықтың;
Сүтіңізден сүт таба алмай,
Сондай-ақ
етіңізден ет таба алмай дүрлікті үн.

Бір бәсеке жете ме,- деп домалап,
Басы қатқан жұмыртқаға обал-ақ.
Тауық орнын тартып алған тапқыштар
Жасайды екен оны қолдан жобалап.

Толысатын тоқ дәріге сүйеп іш,
Тауығың да тауық емес, түйеқұс.
Табан қазы беріп жатыр.
Бір рет
көрмесе де жайылатын бие өріс.

Сары майың - сары уайым.
Шұжығың
шұқыласаң шығарады қызығын;
Көн қағаздан тартады екен оны да,
Қоспалардың құйып қою қызылын.

Дүкендерде босап қалған кіл қорап,
Мықтағанда тоятын ас бір қонақ.
Жент орнына желбіретіп желімді,
Қант орнына сатар бір күн құмды орап....

О басында жаратқанды адал ғып,
Ойсыратқан осыншалақ қадам нық.
Ақтың өзін арамдаса,
Соны еткен
адамнан да табам,- деме,- адамдық.

Абзал БӨКЕН

Екі ОТАН

Сізден маған еш пайда жоқ, ей, аға!
Аспаным бар, зәру емен саяңа.
Жылап келдім, жылап өтем өмірден
– Ақсын қаным! Шықсын жаным! Аяма!

Аямайсың! Аямасын білгенмін,
Сен
Есікті теуіп ашып кірген күн.
Тесігінен кіжінгенмен Түрмемнің,
Жортқан Баққа ере алмайды Үрген Мұң.

Кәр қылар деп мен де ыға алман, ай, тақсыр!
Енді менде жай қалған жоқ тайқақсыр.
Атақтарын арт жалаумен шығарған,
Көп жәреуке жасай берсін айтақшыл!

Қызармауға үйренгесін бет ептеп,
Ер басына шатыр болған етек көп.
Еңбегіңіз төте сіңген, жүре бер
Текесінген ақ шыбышты жетектеп.

Әншің – әрлі. Заңшың – зәрлі. Ақын – шат.
Ай-hай, заман, тұрсыз таққа тақым сап.
Сіз ұрсасыз – күніренсек, аh ұрсақ,
Біз сияқты болмайсың, – деп, – сатымсақ.

Тек сіздікі – ордамыз бен қордамыз,
Тек сіздікі – дорбамыз бен жорғамыз.
Сізбен бірге шыға алмаймыз жолға біз,
Елің – еру! Еленденуші болмаңыз.
Би орнына кіл желғауыз болды абыз,
Жүрегімде – өрт, көзімде – күл, қолда – мұз.

...«Жүрек» деген бозторғайды қорғаңыз,
«Ізгі қала» жайындағы, Сорлы Аңыз!..
Өріп шыққан құбыжық пен жалмауыз!
Ар-аманат-қазынама салды ауыз.
Дегенменен абайлаңыз, армаңыз,
Қанды ауызда Сіз де кетіп қалмаңыз!

Төріңізді толтырғасын кіл кезбе,
Білінуші ед, ілінуші ед кім көзге!
Отан жайлы тебірене көрме тек,
Біздің Отан сіздікінен мүлде өзге.

Біздің Отан – өртке үйтілу, шарпылу,
Сіздің отан: басы – гу-гу, арты – ду.

Біздің Отан – өксу менен өкіру,
Сіздің отан – ыңырсу мен алқыну.

Біздің Отан – әруақ қонған бейітте,
Сіздің отан – жармақ толған сейфте.
Біздің Отан – арман бүрген Жүректе,
Сіздің отан – жалған күлген кейіпте.

Бірде – орысқа, бірде – шүршіт, штатқа
Бірдей бұлғап, құйрығынды ұстатпа!
Сіздің отан – қолдан соққан ұшпақта,
Біздің Отан – сордан соққан қыстақта.

Тулақ болған бұралқы мен өгейге,
Ертең: «Мынау кімнің жері?» – демей ме...
Сіздің отан – Астана мен Алматы,
Біздің Отан – Арал менен Семейде.

Зәузатымның Есесінен төленген,
Сіздің отан – жасалған шарт көп елмен.
Біздің Отан – Ұлытау мен Байқоңыр,
Су орнына у жауатын төбеңнен!

Сіздің отан – алғыс, қаума... көк орман,
Біздің Отан қарғыс, дауда жоғалған.
Сіздің отан – шетелдердің банкінде,
Біздің Отан – Маңғыстауда тоналған!

Хабарың кем, біздің Отан жұтай ма?..
Сіздің отан ұттырмайтын ұпайда.
Біздің Отан – қора, мола адыра
Қалған жерде – кеткен кеше Қытайға!

Біздің Отан – қысқы қырда тұл қалған,
Сіздің отан – күшті жырда жүлде алған.
Біздің Отан – арын сатқан нан таппай
Арулардың ышқырында былғанған!

Сіздің отан – атқалы тұр жел берсе,
Біздің Отан – қорғайды елін өлгенше!
Біздің Отан – мұхит асып жоғалған
Тумай туа шөккен бақсыз көрдемше!..

Біздің Отан – «дана түрде» шешілген
Мыйлау заңның моншасында шешінген.
Сіздің отан – қара түрме халыққа,
Біздің Отан: Ана тілде – кесілген!

Сіздің отан – мәрмәр үйлер қоздаған,
Біздің Отан – боз торғайлы боз далам.
Сіздің отан – ібілістер әнінде,
Біздің Отан – қыл қобызда боздаған.

Біздің Отан – бершімек зар тумаған,
Сіздің отан – Шәддад-бақтай шулаған.
Біздің Отан – Қазақстан-бекіре,
Құлқын атты қызғылт ауда тулаған...

Жә! Күйзелме, күніренбе, сарқылма!
– Мола бағып отырған жоқ нар тұлға:
Қолданбаған ақыл бар-ды қартымда,
Жолданбаған хатым қалды артымда.

Сарқылмайтын жымысқы арбап, жау ішсін,
Несібем бар – күнім бұлтқа қауыссын!
Мен шыдаймын – тырымды ұрлап тауыссын,
Сіздің отан жырын жырлап тауыссын!

Сәби-халқым! Жәутеңдеген құлдықта,
Мың жұт көрдің, Шыдашы енді Сын-Жұтқа.
Біздің Отан жеткізеді хабарын
Ертең деген – өртенбеген Шындыққа!

Қашып жатыр – алдап-арбап туды алған
Зыр-зыбылдар – ақша-масы туғаннан.
Біздің Отан алады Ертең Азаттық, Тәуелсіздік Түрмесінде уланған.

Далам менің!
Орда тіккен мың атам,
Көк байрақтай аспанынды ұнатам.
...Ешқашан да Отан екеу болмайды:
Қалады әлі
Жалғыз Отан – Шын Отан! Ұлы Отан!..

Светқали НҰРЖАН

Сыбайлас жемқорлықпен күресті басты бағдар етіп алған «Айқын» газетінің «Ара» қосымшасы Nur Otan партиясының қолдауымен жарыққа шықты.

NUR MEDIA
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

AIQYN
ARA
«Айқынның» сатиралық қосымшасы

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Көпен ӘМІРБЕК
Редактор

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ
беттеуші

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы,
Қонаев көшесі, – 12/1
Байланыс телефоны:
Нұр-Сұлтан (7172) 72-95-46.
e-mail: ara-kz@mail.ru

Кезекші редактор
Майра ЖАНЫСБАЙ

Тапсырыс №127 (3486)
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77

Рыпакова финалға шыға алмады

Олимпиаданың үш дүркін жүлдегері Ольга Рыпакова Токио Олимпиадасында жүлдесіз қалды.

Үш қарғып секіруден іріктеу жарысында Қазақстанның атынан үш жеңіл атлет қатысты. Олар: Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова және Мария Овчинникова мен Ирина Эктова.

Өкінішке қарай, үш спортшы да іріктеуден өте алмады. 36 жастағы Рыпакова 13,69 метрге секірді, бірақ бұл көрсеткіш финалға шығу үшін жеткіліксіз болды.

34 жастағы Овчинникова 13.34 метрге секірді. Ал 22 жастағы Эктованың көрсеткіші 12,90 метр болды. Финалға үздік 12 спортшы жолдама алды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Жалғас Жұмағұлов Арман Әшімовпен жекпе-жек өткізеді



UFC-дегі қазақстандық спортшы Жалғас Жұмағұлов AIGA ережелері бойынша грэпплингке қатысады.

Қазақстандық файтер Жалғас Жұмағұлов 15 тамызда Алматыда өтетін Arlan Grip Pro 10 турниріне қатысады. Алдағы жекпе-жекте әуеской грэпплинг ережелері бойынша Жұмағұлов бұрынғы уақытша M-1 Global чемпионы Арман Әшімовпен кездеседі. Жекпе-жек 60 келіге дейінгі салмақта өтеді.

Айта кетейік, Жұмағұлов шілде айының басында американдық Джером Ривераны бірінші раундта тұншықтыру әдісімен жеңген болатын.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Қазақстан медаль кестесінде 59-орында

XXXII жазғы Олимпиада ойындарының 30 шілдедегі медаль кестесінде Қазақстан жүлдеге ілінген 70 мемлекеттің ішінде 59-орында тұр.

Қазақстан құрамасының қоржынындағы медаль саны өзгермегенімен, командалық есептегі орны күн санап төмендеп барады. Бүгінгі көрсеткіш – 59 орын.

Дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло қоржынға салған үш қоланың санын теннисші Елена Рыбакина көбейтуі мүмкін.

Командалық есепте Жапонияның алдына шыққан Қытай құрамасы жарыс кезінде көрсеткішін жақсартып, алтын санындағы айырмашылықты арттыра түсті – 19 алтын, 10 күміс, 11 қола медаль. Екінші орындағы жарыс иелерінің еншісіндегі «алтын» саны кеше Қытаймен бірдей болатын. Бүгін арада айырмашылық пайда болды – 17 алтын, 4 күміс, 7 қола медаль бар.

Үшінші орындағы АҚШ құрамасының еншісінде 14 алтын, 16 күміс, 11 қола медаль бар. Медаль саны бойынша алғашқы ондықта тұрған командалардың қатарына Нидерланд құрамасы қайта кірді. Ал Италия бірнеше сатыға сырғып кетті. Биыл дүбірлі додада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Айтулы аламанға жер бетіндегі 206 мемлекеттен 11 мыңнан астам спортшы қатысып жатыр.

Бұған дейін Қазақстан құрамасы алты жазғы Олимпиада ойындарына қатысқан болатын. Жалпы, медаль жиынтығы – 21 алтын, 28 күміс, 64 қола медаль.

Әбілмансұр ЖАСАН

Әр елдің спорты басқа

Әлем жұртшылығы асыға күтетін төртжылдықтың басты додасында белгілі бір спорт түрінен жүлделі орындарға ие болып жүрген елдерге қай кезде де спорт жанкүйерінің көзқарасы ерекше. Токио Олимпиадасы қарсаңында атаулы жарыс түрін өзіне мешіктеп алған елдерге, қолайына келетін сайыстан алдына қара салмайтын спортшыларға аз-кем тоқталуды жөн көрдік.

Абылайхан ЖҰМАШ

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (коллаж)

Басқасы-басқа, медаль саны жағынан жазғы Олимпиада ойындарында АҚШ жеке-дара көш бастап келеді. АҚШ атлеттері жазғы Олимпиада тарихында 2 500-нан аса медаль жеңіп алған, оның 1 000-нан астамы – алтын жүлде. Бұл, әрине аталған мемлекеттің ірі спорттық держава екенін анық көрсетеді. Аталған елде Олимпиадада бірнеше жүлде алып, өз құрамаларын алға сүйреп жүрген спортшылар да жетерлік. Солардың бірі – Майкл Фелпс. Ол – Олимпиада тарихында ең көп жүлде алған және чемпион атанған спортшы. Американдық жүзгіш жазғы Олимпиада ойындарында барлығы 28 медаль жеңіп алған, оның 23-і – алтын. Бұл спортшының рекордын жаңарту үшін жүзгіштерге әлі неше Олимпиадаға қатысу қажет болар екен? Бұл да жанкүйерлер үшін қызық.

Ал әйелдер арасында КСРО сапында сынға түскен Лариса Латынина Олимпиада ойындарында спорттық гимнастикадан 18 медальге ие болған, оның 9-ы – алтын жүлде.

Садақ атуға келер болсақ, осы спорт түрінен Оңтүстік Корея өзінің мықтылығын әр жарыс сайын көрсетуден танбай келеді. Олар Токио Олимпиадасында да дәстүрден жаңылмай, алтын жүлдені ешкімге бермеді. Токио Олимпиадасында садақ атудан ерлер арасындағы жарыс аяқталды. Басты жүлдені Оңтүстік Корея спортшылары Ким Чжэ Док, Ким У Джин және О Джин Хёкпен еншіледі. Олар ақтық сында қытайлық Тайбэй өкілдерін 6:0 есебімен ойсырата жеңді. Олимпиада ойындарында алтынға жету жолында Оңтүстік Корея Үндістанды (6: 0) және Жапонияны (5:4) жеңгенін айта кетейік. Сондай-ақ садақ атудан Оңтүстік Кореяның әйелдер ұлттық құрамасы да финалда ROC командасын 6:0 есебімен жеңіп, Олимпиаданың алтын медалін мойындарына тақты.

Ал үстел теннисінен әлем үздігі саналатын Қытай спортшылары осы спорт түрінен мықтылардың алдыңғы шебінде келеді. Олар әр Олимпиада сайын аталған жарыс түрінен жүлдеге ілінеді. Ол елдегі үстел теннисінің жоғары қарқында дамығанын, Қытай Супер лигасының әлемдегі танымал лигалардың санатында екенін білдірсе керек-ті.

Басқасы-басқа, медаль саны жағынан жазғы Олимпиада ойындарында АҚШ жеке-дара көш бастап келеді. АҚШ атлеттері жазғы Олимпиада тарихында 2 500-нан аса медаль жеңіп алған, оның 1 000-нан астамы алтын жүлде. Бұл, әрине аталған мемлекеттің ірі спорттық держава екенін анық көрсетеді.

– Үстел теннисінен Қытайдың мерейі үстем. 1988 жылдан бастап, Жазғы Олимпиада ойындарының қатарына кірген аталған спорт түрінен Қытай Токио Олимпиадасына дейін 28 алтын алып үлгерген. Бұл жолы бұл көрсеткіш жақсара түседі. Тағы бір қызық ақпарат айта кетейін, Рио Олимпиадасында үстел теннисінен бақ сынаған 172 спортшының 44-і қытайлықтар болған. Мұның өзі бұл спорт түрінен кімнің үздік екенін аңғартса керек. Бір қызығы, 1991 жылы Тибада (Жапония) өткен әлем чемпионатында Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея спортшылары 22 мәрте өткізілген келіссөздің нәтижесінде бірігіп, үстел теннисінен қыздар арасындағы бәсекеде сенсациялық (финалда Қытайдан басым түсті) түрде жеңімпаз атанды, – дейді спорт шолушысы Қанат Байұзақов.

Қандай жарыс болмасын, жүгіруден африкалық желаяқтардың есімдерін жүлдегерлер қатарынан көруге болады. Бұл, тіпті қалыпты үрдіске айналып кеткен. Осы орайда біз Африканы әлемге танытқан ең алғашқы желаяқ туралы баяндамақпыз. 1960 жылы Рим Олимпиадасында Эфиопия өкілі Абебе Бикила 42,195 шақырымды жалаң аяқ жүгіріп өтіп, жеңімпаз атанған Африканың алғашқы спортшысы екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Негізі, бұл оқиғаның тарихы да әсерлі. Жарыс жолына шығуы тиіс желаяқ Вам Бират футбол ойнаймын деп аяғын жарақаттап алған. Нәтижесінде, оның орнына Абебе Бикила жарыс жолына шығуға мүмкіндік алады. Сайыс басталар алдында оның аяғына лайық аяқкиім табылмай, Абебе марафонды жалаң аяқ жүгіріп, 2:15,16 көрсеткішпен Олимпиада рекордын жаңартқан. 1964 жылы өткен Жазғы Олимпиада ойындарында да мәре сызығына 2:12:11 уақытта жетіп, алдыңғы додадағы рекордына өзгеріс енгізіп, тағы да жеңімпаз атанады. Өкінішке қарай, ол 1968 жылғы Олимпиада барысында ескі жарақаты сыр беріп, жарыс жолынан шығып қалады. Бірақ бұл спортшының соңынан Эфиопия елінде талай спортшы желаяқтар бәйгесінде топ жарды. Күні бүгінге дейін әйгілі желаяқ Абебе Бикиланың отандастары жарыстан жүлдесіз қайтпаған. Бір ғана Эфиопия желаяқтары қатысқан жазғы Олимпиададан барлығы 54 жүлде (барлығы жеңіл атлетика) жеңіп алған.

Басқасы-басқа, біздің елімізде де танымал спорт түрлері санатына кіретін бокс спортынан әр Олимпиада сайын жүлдесіз қайтпайтынымызды отандық жанкүйерлер жақсы біледі. Осы жолы да 4 боксшымыз жүлдегерлер қатарынан көрініп, алтын алып, ел мерейін асқақтатады деген үміттеміз. Күні ертең жарыс жолына шығатын біздің боксшылар да алдыңғы буын ағаларының Олимпиадада көрсеткен ерлігін қайталауға ниетті. Біз де саңлақтарымыздан жүлде күтеміз.

6 аймақта өрт болып жатыр

Түркияның бірнеше провинциясында орман өртінің таралуын тоқтату және сөндіру үшінші күнге жалғасты. Бұл туралы Анадолы агенттігі хабарлады.

Түстен кейін Анталия, Адана, Мерсин, Мугла, Османийе және Кайсери провинцияларында ірі өрт ошақтары әлі де бар. 3 ұшақ, 9 дрон, пилотсыз тікұшақ, 38 тікұшақ, 680 өрт сөндіру машинасы, 55 өзге де техника, 4 000 өрт сөндіруші орман өртін сөндіріп жатыр. Түркияның Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Бекир Пакдемирли өртпен күресте оң динамика байқалғанын айтты. «Орман алқаптарындағы 57 өрт ошағы бақылауға алынды», – деп хабарлады министр. Бұған дейін Анталиядағы өрт салдарынан үш адам, Мармаристе бір адам қайтыс болды деп хабарланған болатын. Зардап шеккен 138 тұрғын ауруханаға жеткізілген, біреуінің жағдайы ауыр.

Бұған дейін хабарланғандай, Түркия Республикасы Үкіметінің жанындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою басқармасының (AFAD) ақпараты бойынша, өрт 28 шілдеде түскі уақытта провинцияның төрт ауданында шыққан. Өрттің бұлайша жылдам таралуына күннің ысуы және қатты жел ықпал етті. Жерүсті қызметтері мен өрт сөндіру авиациясы апатпен күресіп жатыр. «Өрт кезінде қаза тапқандар мен жараланғандардың арасында біздің азаматтарымыз жоқ», – деп хабарлады 29 шілдеде Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы елшісі Абзал Сапарбекұлы.

А.ЖАСАН

NUR MEDIA AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор – Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ – Қызылорда облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3969
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор — Майра ЖАНЫСБАЙ